

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

6/2011 МАУСЫМ

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ.	Мәңгілік ұмытылмайтын махаббат әні.....	3
Жанар БЕКТҰРҒАНОВА.	Дамыта оқытудың мәні мен философиялық негізі.....	12

Көкейкесті көзқарас

Әлия НИЕТАЛИНА.	Әдебиет көтерер жүк ауыр.....	20
-----------------	-------------------------------	----

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Сәуле БАЗАРБАЙҚЫЗЫ.	Көркем әдебиет стилі.....	27
Гүлбану ЖАПАРОВА.	Ойкөкпар.....	30
Әлвира МҰРАТҚЫЗЫ.	Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгілері.....	33
Айжан АБЫЛҒАЛАМОВА.	Емтихан билеттері.....	37
Әсем ТҰРСЫНОВА.	Меңгеру.....	40

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Роза БАЙКУБЕНОВА.	«Қараш-Қараш оқиғасындағы» Бақтығұл бейнесі.....	44
-------------------	--	----

Мағрипа ҒАЗИЗҚЫЗЫ.	Мәшһүр Жүсіп – маржан сөздің марқасқасы.....	49
Рыскелді ЫРҒАЙТЫ.	Талдамалық мәні бар түрліше сызба.....	53
Бақыт КӘНТАЕВА.	Шыңғыс Айтматов. «Найман-Ана».....	58
Айгүл НАҚЫПОВА.	Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығы.63	
Тұрсынай ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ.	Мұхтар Әуезов. «Қараш-Қараш оқиғасы».....	67

Оқулыққа қосымша

Марат БЕКБОСЫНОВ.	Дулат поэзиясы және оны зерттеудің кейбір мәселелері.....	71
Береке ЖҰМАҚАЕВА.	Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен талдау бағыттары.....	79

Авторлық бағдарлама

Баян АЙТҚАЛИЕВА.	«Қолданбалы қазақ тілі» курсы.....	87
-------------------------	------------------------------------	----

Сыныптан тыс жұмыс

Алмагүл АХМАДИЕВА.	Қазақ санасының шамшырағы.....	96
Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА.	1001 мақал, 101 жұмбақ.....	101
Шолпан НҮРҒАМЫСОВА.	Абай және ұлттық педагогиканың өзекті мәселелері.....	104

Жақсы кітап - жан азығы

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.	«Арпалыс», «Москва үшін шайқас» романдарының біз білмейтін құпиялары.108	
--------------------------	--	--

Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы

Амангүл ЖАНҒАЗИЕВА.	Ғасыр ақыны – Мұқағали.....	116
Балғаным ЖАПАҚОВА.	Мұқағали өмірі, шығармашылығы.....	121

Жер шежіресі - ел шежіресі

Кенжегүл ЗИЯШОВА.	Аймақтық компоненттерді әдебиет пәнінде қолдану.....	125
Алданыш ХУРАЛАЙ.	Дара және күрделі сан есімдер.....	130

Қызықты грамматика

Меруерт ШОҚАТОВА.	Септік жалғауларын грамматикалық әзіл өлеңмен оқыту.....	135
--------------------------	--	-----

Жас маманға жәрдем

Бағлан ІЛИЯСОВА.	Жай сөйлемнің түрлерін қайталау.....	138
-------------------------	--------------------------------------	-----

Оқырман тілегі

Мадина ЖАНДІЛДӘҚЫЗЫ.	Әдістеме журналыма.....	143
-----------------------------	-------------------------	-----

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ,
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА ректоры,
PhD философия докторы.

МӘҢГІЛІК ҰМЫТЫЛМАЙТЫН МАХАББАТ ӘНІ

Қазақ халқының көптеген ғасырлар бойы жинаған рухани және материалдық мәдениетінің ішінде 500 жылдан астам тарихы бар «Қыз Жібек» эпосының алар орны ерекше. Ұлттық фольклордың осы бір тамаша шығармасының кең танылып, Әлемдік ауыз әдебиетінен ойып орын алуына ЮНЕСКО-ның тарихи-мәдени құндылықтарды сақтап қалу мақсатында жүргізген әс-әрекетінің қосқан үлесі ерекше. Бұл бағыттағы дайындық жұмыстары 2005 жылдың сәуірі айынан басталған болатын.

Ұлттық мәдениеттің осы бір таңғажайып ескерткіші өз бойына көптеген буын адамдардың армандары мен идеалдарын, музыкалық- поэтикалық тілдің байлығы мен көркемдік маңыздылығын жинағандығымен және бұл эпостың кейіпкерлеріне деген жалпыхалықтық шексіз сүйіспеншілік оның Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына енуіне себеп болды.

Ғасырлар бойы «Қыз Жібек» эпосы қазақ халқының рухани өмірінде зор рөл атқарып, кең демократиялық ортада ғұмыр кешті. Ол сондай-ақ өз өмірін ауыз әңгіме, жазбаша, сахналық, экрандық, бейнелеу формасында (Е.Брусиловскийдің операсы, Б.Аюханов қойған балет, Б.Атабаевтің мюзиклі, т.б.) жалғастырып келеді. Эпостың өміршеңдігі - оның барлық замандарда да өз маңыздылығын жоймауында, себебі ондағы оқиға желісі өте бай, динамикаға

толы. Шығармада өз ерік-жігерін жоғалтпау, сеніміне берік бола білу, таңдау еркіндігіне деген құштарлық сынды құндылықтар жырланып, олардың бәрі кейіпкерлердің мінез-құлқы арқылы көрініс табады.

«Қыз Жібек» өткен күндерден қалған барлық шындықты өзгеріссіз халықтың жадында сақтап келеді. Елдің бойындағы сан ғасырлар жинақталған еркіндік пен шығармашылыққа деген құштарлықты, мәңгілік бақытқа деген ұмтылысты бейнелейді. Ол көптеген түркі халықтарының тұрмыс-салтындағы, жалпы дүниетанымындағы негізгі түсініктермен тығыз байланысты болғандықтан көшпелі өмір сүру жағдайында пайда болған этникалық сана-сезімді өз кейіпкерлерінің образдары арқылы көрсетеді. Ең алдымен, бұл – еркіндік мәселесі, адам рухының биіктігі мен өзінің ар-ожданына деген адалдықтың парызы. Дәл осы эпостан адамдар шығармашылық шабыт алып, еңбек етумен ерлік жасауға күш-жігер таба білді, одан философиялық шындықты іздеді.

«Қыз Жібектегі» қалтқысыз ар-ождан бостандығы идеясы заман талабы мен уақыт өлшеміне қарай өзгеріске ұшырап, әрбір тарихи дәуірмен өзінше байланысы бар екендігін байқауға болады. Жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттай отырып, ол өз маңыздылығын жоғалтпауымен қатар қазақ халқының тарихындағы небір қиын-қыстау кезеңде рухани көшбасшы ретінде танылғанын көреміз. Бірнеше ғасыр бойы орын алған бұл құбылыс қазіргі таңда да сақталып отыр.

Эпостың музыкалық нұсқасы сюжет желісінің негізгі бөлімдерінен құралған: «Қыз Жібек» поэмасына кіріспе, «Төлегеннің анасының сөзі», «Төлегеннің Қыз Жібекті іздеуі», «Қыз Жібектің бойындағы қасиеттері», «Қыз Жібектің түсі», «Бекежанның әні», «Қыз Жібектің қарғысы».

Мұнда эпостың музыкалық құрылымының сюжеттік

-драматургиялық құрылыммен шебер байланысқанын көруге болады. Бұл, әсіресе, сахналық-музыкалық өнер түрлері үшін маңызы өте зор. Сан ғасыр бойы өзінің фольклорлық музыкалық және поэтикалық шығармашылықтың үлкенді-кішілі формасының (жар-жар, қоштасу, естірту, жоқтау, зар, қарғыс, лағынет, сонымен бірге бата сөз, шешендік сөз, нақыл сөздер) түпнегізін сақтай отырып, «Қыз Жібек» эпосы Е. Брусиловскийдің операсына арқау болды.

Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы (Ғабит Мүсіреповтың либреттосы) – ұлттық опера өнерінің маржаны. Ол көптеген жылдар бойы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасынан түспей келеді. Шығарма жүрек толқытарлықтай мінез-құлықтардың, әсерлі музыканың, шынайы эмоционалды образдардың көптігімен еріксіз таң қалдырады.

Еуропалық кәсіби музыка тәжірибесінің айқын нұсқасы ретінде бұл опера Қазақстан мәдениетіндегі жаңа бір сапа белесі болып қалыптасты. Ол еуропалық және ұлттық негізгі екі дәстүрге арқа сүйей отырып, музыкалық- поэтикалық фольклордың кәсіби музыкалық сахна жағдайында кереметкең мүмкіншіліктерін ашты.

Бұл ретте тек қана ұлттық фольклор өзгеріске ұшырап, байыған жоқ. Сонымен қатар опера да мазмұндық-тақырыптық, жанрлық-стильдік, әуендік-интонациялық, ритм-формулалық жандануы арқасында өзінің ауқымын кеңейтті.

«Қыз Жібек» операсы алғаш рет 1934 жылы Қазақ музыкалық театрының сахнасында, режиссер Жұмат Шанин, дирижер Ф. Кузьмин, суретші А.Ненашеваның қойылымында, Күләш Байсейітова мен Қанабек Байсейітовтың орындауында жарық көрді. 1945 жылы драматургиялық іс- әрекеттің күрделенуі, кейіпкерлер арасындағы драмалық шиеленістің артуы бағытында жасалған музыкалық партитура редак-

цисынан кейін операның екінші нұсқасы пайда болды. Бұл жолы оны Қанабек Байсейітов, дирижер Г.Дугашев, суретші А. Ненашевтер қойған еді. Соғыстан кейінгі жылдарда бұл спектакль негізгі кейіпкерлерге тән адам рухының еркіндігі, мінез-құлықтардың бүтіндігі мен өз құндылықтарына адал болуы сынды тәрбиелік мәнінің арқасында зор ықыласқа ие болды.

Соңғы, үшінші рет редакцияланған опера 1967 жылы шырқалды. Шығарманың қойылымына Қанабек Байсейітовтан өзге Байғали Досымжанов пен Кәукен Кенжетаетар атсалысты.

«Қыз Жібек» операсы либреттосының авторы Ғабит Мүсірепов – заманымыздың заңғар драматург-жазушысы, XX ғасырдың кәсіби музыкалық және драмалық театрының қалыптасуының басы-қасында болған адам. Өзінің барлық шығармашылық өмірінің барысында ол музыкалық театрмен тек қана музыкалық сахнаның ерекшеліктерін білетін драматург-либреттист ретінде әріптестік орнатып қоймай, сонымен бірге опералық өнердің жалпыадамзаттық мәдениеттің жоғары жетістігі екендігінің насихаттаушысы бола білді.

«Қыз Жібектен» басқа Ғабит Мүсіреповтің қаламынан Е.Брусиловский мен Мұқан Төлебаевтың (1945) «Амангелді», Сыдық Мұхамеджановтың (1982) тарихи-өмірбаяндық тақырыптағы «Ақан сері-Ақтоқты», Е.Брусиловскийдің (1966) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» фольклорлық сюжетке негізделген балеттік спектаклінің, Еркеғали Рахмадиевтің «Қайран Майра» музыкалық драмасының либреттолары туған. Сонымен қатар еліміздің барлық түкпіріндегі театрларда қойылып жүрген көптеген драмалық пьесаларды да атауға болады.

Ғабит Мүсірепов «Қыз Жібек» либреттосында музыкалық сахнаға сай келетін ең ұтымды нұсқаларды пай-

даланып, оларды монологтармен, диалогтармен, жалпы эпизодтармен үндестіре білді. Бұл дегеніміз шешендік сөз де, толғау да, терме де, желдірме мен айтыс та шығарманың мәнін ашып, айтар ойды кейіпкерлердің мінез-құлқы мен психологиясы, үздіксіз даму мен шиеленісу арқылы бере білген. Ғабит Мүсірепов жазған мәтін музыкамен бірге біте қайнасып, операның драмалық көпқырлылығын, тереңдігін қалыптастырып, оның керемет драматургиялық талантын айғақтайды.

Ғабит Мүсірепов эпикалық материалды қаншалықты терең әрі жан жақты меңгерген болса, соншалықты опералық шеберліктен де хабары болғандығын көреміз. Бұл оның мәтіннің композициясын құруынан, драмалық шиеленісті дамыту қырынан да байқалады. Әдеби тілдің дәлдігі, ойдың тереңдігі, кейіпкерлер бейнесін суреттеудегі жан-жақтылығы да жазушының ерекше дарынын мойындатады.

Ұлттық мәдениеттің алтын қорына кірген «Қыз Жібек» операсы бүгінгі күні де сезімдердің шынайылығымен, тілінің кереметтілігімен, философиялық мән-мағынасымен көрермен қауымды тәнті етіп келеді. Ол Қазақстанның XX ғасырдағы опера өнерінің ең үздік нұсқаларының бірі ретінде «Қазақ музыкасының антологиясынан» лайықты орын алды.

2008 жылы «Қыз Жібек» эпосының 500 жылдығы атап өтілді. ЮНЕСКО-ның қолдауы арқасында ол Әлемдік ауыз әдебиеті жауһарларының тізімінде көшбасшылық орындарға қарай жылжып келеді.

2002 жылы Ғабит Мүсіреповтың 100 жылдығын ЮНЕСКО шеңберінде салтанатты түрде атап өту – өз кезегінде қазақстандық өнер және әдебиет майталманының ерен еңбегі халықаралық дәрежеде мойындалғанының айқын дәлелі.

«Қыз Жібек» операсының 77 жылдық сахналық тарихы бар. Осы уақыт аралығында ол қазіргі заманмен байланы-

сын үзіп алмай жалғастыруымен қатар жаңа бір күшпен Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында, Астанадағы Күләш Байсейітова атындағы Опера және балет театры мен «Ақсарай» мюзиклдік театрының сахнасында шырқалуда. Сонымен қатар «Қыз Жібектің» драмалық және балеттік спектаклдері де қойылды. Онда да ерік-жігер мен рухтың еркіндігі насихатталып, адалдық пен мейірімділік, пәк махаббат құндылықтары жоғары қойылады.

Ғабит Мүсіреповтың либреттосы, драмалық пьеса мен киносценариінің негізіне эпостың 16 вариантының ішінен Жүсіпбек Шайхұлисламұлының нұсқасы енді. Ол 1900 жылы жазылып алынған болатын және ол екі бөлімнен тұрды. Қаныпезер Бекежанның қастандығынан қосыла алмай қалған Төлеген мен Жібектің махаббаты, олардың қиындыққа толы тағдыры суреттелген аңыздың бірінші бөлігін Ғабит Мүсірепов анағұрлым қызықты әрі маңызды деп бағалады. Сол себепті де ол либретто, пьеса мен киносценарийді жазған кезде екінші бөлімдегі сүйгенінен айырылған арудың жалғыздықтың азабын тартып, амалсыздан Төлегеннің інісі Сансызбайға тұрмысқа шығатын нұсқасын пайдаланбаған болатын.

«Қыз Жібек» эпосындағы оқиға желісін ұлттық балет өнері арқылы бейнелеуді балетмейстер Болат Аюханов өз міндетіне балаған болатын. Танымал материалға өз шығармашылық тәжірибесі барысында бірнеше рет бет бұрған ол біртіндеп пластикалық үнді тереңдетіп, жетілдіре берді. 1967 жылы халық әуені негізінде «Гэкку» атты би қойылымымен басталған Жібек бейнесі Е.Брусиловскийдің музыкасына жазылған «Қыз Жібек» балеттік спектакліне ұласты.

1974 жылы эпос кезекті музыкалық редакциялаудан кейін «Жас балет» ансамблінің қойылымында шықты. Оның тағы

бір нұсқасы «Қыз Жібек туралы ән» атымен 1985 жылы Мемлекеттік классикалық би ансамблінің репертуарында пайда болды. Бұл ретте балетмейстердің шеберлігінің артқандығы байқалады. Ол пластикалық үннің мейлінше қарапайымдылығы мен түсініктілігіне баса назар аударды. Сонымен қатар ұлттық дәстүрлі фольклорлы би мен балеттік классикалық элементтердің үндестігі шыңдалған би техникасынан байқалып тұрды. Эпостың опералық нұсқасында Жібектің партиясын орындайтын Күләш Байсейітованың құрметіне қойылған осы спектакльде әйгілі әншінің орындауында жазылып алынған «Гәкку» әні шырқалады. Бұл — аңызда жырланатын мәңгілік махаббат пен қазақ халқының шексіз рухани қазынасын одан әрі әсемдеп көркейте түсті.

2007 жылы «Қыз Жібек» эпосы жаңа балеттік редакциялауда «Гәкку» атауымен пайда болды. Бұл жәйт бірнеше жағдайға байланысты болатын. Ол Қазақстан Республикасының жаңару саясаты мен ұлттық идея құру мәселесімен тұспа-тұс келді. «Қыз Жібек» эпосының халықтың рухани өмірінде алатын орны, үш буынның жадында жатталып қалған Күләш Байсейітованың орындауындағы «Гәкку» әніне деген құрмет, сондай-ақ балетмейстердің де кәсіби және шығармашылық өсуі осы қадамдарға алып келген еді. Бұл жолы Б.Аюханов әдеттегідей оқиға желісімен жүріп отырмайды. Ол драмалық шиеленіспен байланысты сахналық іс - әрекеттің шешуші сәттеріне баса назар аударады. Осы қойылымда Жібек Төлегеннің өлімінен кейін қазаға ұшырамайды. Бұл оны эпостың басқа нұсқаларынан ерекшелендіріп тұрғанымен, сюжет пен кейіпкерлердің табыс бейнесін ажыратуға кедергі келтірмейді.

Спектакльдің эмоцианалдық-психологиялық бояуын, образдардың философиялық қырын Б.Аюханов хореография мен музыка негізінде, яғни, балет кейіпкерлерінің қимыл-қозғалыстары арқылы жақсылық пен жамандықтың

қақтығысын жеткізеді. Мұндағы маңызды айтылмақ ой — негізгі кейіпкерлердің сезім үшін өздерін құрбандыққа шалуға дайын болуы, таңдау бостандығы мен бақытқа жету үшін жан аямай күресуге бел шешуі арқылы адам рухының биік мәртебесін жоғарылату. Сол себепті де аталмыш эпос барлық уақытта да өз өміршендігін жоймай, көптеген драматургтың, композиторлардың, кинематографистердің, балетмейстерлер мен суретшілердің шығармашылығына дем беріп, барлық өнер саласының өкілдерін шабыттандырып келеді.

«Қыз Жібек» эпосының опералық нұсқасы 2001 жылы Күләш Байсейітова атындағы Астаналық опера және балет театрында сахналанды (режиссері Ә.Мәмбетов). 2005 жылы «Ақсарай» мюзиклдік театрының сахнасында қойылды (режиссері Болат Атабаев). Ал 2010 жылы Шымкент облыстық опера және балет театрында көрсетілді. Болат Атабаев режиссерлік етіп, Ю.Дороховский дирижер, Е.Тұяқов суретші болған «Ақсарай» театрында қойылған спектакль 25 түрлі ұлттық аспаптан тұратын камерлік оркестрдің сүйемелдеуімен өтті. Халық әуендерінің шынайы әрі жұмсақ естілуі үшін оркестр құрамына қосымша домбыра, қобыз, сазсырнай, дауылпаз, сырнай қосылған болатын.

Спектакльде ашық шиеленіс болған жоқ, сонымен қатар бөлек солистер мен бөлек хор да жоқ. Барлық кейіпкерлер қатысатын оқиға желісі бар. Сондай-ақ қызықты режиссерлік шешімдер де байқалды: қызғаныш пен ашуға булыққан Бекежан Төлегеннің жүрегінен жанын суырып алады. Сахналық безендіру де оқиға желісінің дамуына сәйкес көңіл-күйді жеткізіп отырады. Ал спектакльді толығымен жас дарындар ойнағанын айтар болсақ, бұл да оны өзге нұсқаларынан ерекшелендіріп тұрғанын байқаймыз, себебі олардың сезімдері жастарына сай, шынайы да әсерлі болып көрінеді.

Бұл қойылымды Қазақстанның барлық қалаларының

тұрғындары көрді деуге болады. Сонымен бірге ол Грузияда, Түркменстанда сахналанып, «Дәстүрлі өнер мен дәуір - 2006» атты театр фестивалінің жеңімпазы атанып келді.

Ғабит Мүсіреповтың «Қыз Жібегі» көптеген жылдар бойы Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында қойылуда. Оны республиканың басқа да өнер ордаларынан тамашалауға болады. Көрерменді туған елін сүйуге, салт-дәстүрін құрметтеуге баулитын қойылым театр ұжымдарының да кәсіби шеберлігі мен шығармашылық шабытын шыңдауына әсер етеді. Қазақ халқының көпқырлы, санғасырлы рухани байлығының бірегей көрсеткіші болып табылатын «Қыз Жібек» эпосы әлі де болса өзінің мағыналық, көркемдік қорын тауысқан жоқ. Оған әрбір рет оралған сайын, қай заманның өкілі болмасын, ұлттық болмыстың құндылықтарын жаңа бір қырынан ашып, түпсіз терең мағыналы дүниетанымды бейнелеуде ерекше шығармашылық - көркемдік шешімдер ойлап табатыны сөзсіз.



АДАМДЫҚ ҚАСИЕТТЕР ТУРАЛЫ

- Біреудің бойы аласа,
Біреудің ойы аласа.
- Баталы құл арымас,
Батасыз құл жарымас.
- Елін сатып асаған
Екі күн-ақ жасаған.
- Адам құлақтан азады,
Көңілден семіреді.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. А., 1959, 51-58 б.)

ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ МЕН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Оқу дамуды алға жетелей ме, әлде даму оқуды жетелей ме? Бұл екі сұрақтың бірін қолдап, ал екіншісін жоққа шығаруға болмайды. Оқыту үдерісінің маңызды бөліктері ретінде бұл екі мәселені диалектикалық бірлікте қарастырған жөн.

Білім берудің мақсаты пәнді оқыта отырып тұлғаның **ақыл-ойының дамуына қол жеткізу**. Л.С. Выготскийдің тұжырымдарына сүйенетін болсақ, баланың дамуынан әлдеқайда озық жүріп, оның болашақтағы даму мүмкіншілігін болжай отырып оқытатын білім ғана жетістікке әкеледі. Ал оның негізгі, басты шарты – білімді дұрыс **ұйымдастыра** білуде [1].

Бүгінгі дамыта оқытудың теориясы мен практикасы Л.С.Выготскийдің ғылыми тұжырымдарын басшылыққа алып даму үстінде. Дамыта оқыту алғашқыда бастауыш мектеп оқушысын дамыта оқыту мәселесімен тығыз байланыста қарастырылса, кейін жалпы орта білім беретін оқу орындарында арнайы пәндерді оқыту әдістемесінде, қазір жоғары оқу орындарында оқытуда басшылыққа алу жолдары қарастырыла бастады. Ғылыми таным және ғылыми ойлауды қалыптастыру, теориялық ойлау мен эмпирикалық таным қағидаларының бірлігі мәселелері дамыта оқытуды жоғары оқу орындарында да басшылыққа алудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

Дамыта оқытудың негіздері таным теориясы мен диалектика ілімінде жатыр. Л.С. Выготскийдің идеясын ұстана отырып, дамыта оқытудың мәні – **тұлғаның теориялық**

Ойлауын дамытуда деп тұжырымдаған Д.Б. Эльконин [ИЗБ. психологические труды. М., «Педагогика», 1989] мен В.В.Давыдов [2], Л.В. Занков [Обучение и развитие. М., «Педагогика», 1975] өз зерттеу еңбектерінде негізгі орталық ұғым ретінде – **ойлау** және сонымен байланысты **даму** ұғымдарын мәселе етіп қойды. Д.Б.Эльконин баланың сатылық дамуын жас ерекшеліктерімен байланыстырып қарастырса, В.В.Давыдов жеке тұлғаның дамуындағы теориялық білім мен эмпирикалық білімнің маңызын ашып берді. Л.С. Выготскийдің тұлғаның дамуының мүмкіндік деңгейі мен жақын аралықтағы деңгейі [1.410] туралы ойлары В.В.Давыдовтың, сонымен қатар Л.В.Занковтың зерттеулерінде әрі қарай өзінің жалғасын тапты, ал бүгінде ол педагогикалық, әдістемелік бағыттағы көптеген кең көлемді зерттеулерге серпін берді.

Л.В.Занков кеңестік елдердің түкпір-түкпірінде зерттеу жүргізіп, дамыта оқытудың практикасын эксперименталды тұрғыдан жетілдіріп, оның дидактикасы мен әдістемесіне теңдессіз үлес қосты. Бұл эксперименталды оқыту бір кездері қазақстандық мектептерді де қамтыған болатын. Эксперименталды оқытудың басты жетістігі – дамыта оқытуды жүзеге асырудың дидактикалық ұстанымдары практикада тексеріліп жетілдірілді. Нәтижесінде Л.В.Занков қазірде дамыта оқыту негіздеріне алынып жүрген келесі ұстанымдардың жүйесін ұсынды: 1) жоғары қиындық деңгейінде оқыту; 2) теориялық білімдерге жетекші рөл беру; 3) жоғары қарқынмен оқыту; 4) оқу үдерісіне оқушылардың саналылығы.

Бұл ұстанымдар дәстүрлі әдістемеді айтылғанмен, Л.В.Занков оларға жаңа мазмұн берді, оны ең алдымен оқытудың мақсатымен, басты идеясымен байланыстырды. Енді осы пайымдаулар мен зерттеулердің философиялық мәніне тоқталайық.

Ойлау – таным теориясының негізгі философиялық кате-

гориясы. Дүниені танудың екі жолы бар. Оның бірі затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрактылы ұғым арқылы ойлау болса, екіншісі – ұқсату, елестету, сезім арқылы ойлау. Дамыта оқыту бұл екеуін бірлікте қарай отырып, тұлғаның теориялық білімі мен ойлау қабілеттерін арттыру арқылы дүниені танудың ғылыми-теориялық және логикалық әдістерімен қаруландыруды көздейді.

Философияда ойлау дегеніміз – объективті өмірді бейнелеудің жоғарғы формасы. Сондай-ақ ойлау – сананың жоғары көрінісі, шыңы. Ол субъектінің шығармашылық әрекеті барысында пайда болып, заттар мен құбылыстардың арасындағы мәнді байланыстар мен қатынастарды табу, тану кезінде жүзеге асатын танымдық әрекет [3.391]. Дамыта оқытудағы оқу және оқыту осы танымдық әрекеттің, яки, ойлау әрекетінің бір формасы, баланың дамуында шешуші рөл атқаратын негізгі әлеуметтік фактор. Мұндағы негізгі мақсат – объективті өмірдің, дүниенің ғылыми картинасын жасау, өмірді сол арқылы тану, зерттеу. Дүниенің ғылыми картинасы дегеніміз–өмір туралы жинақталған білімдердің негізгі формасы. Ол жалпы дүниетаным мен жекелеген ғылымдардың байланысы нәтижесінде пайда болады. Бірақ бұл жердегі танымға жетекшілік ететін жеке, нақты пәндердің теориялық ұғымдары болса керек. Сонда дүниені тану үдерісі барысында адам өзінің қоғамы ұсынып отырған білімдерді және адамзат тарихында жинақталып, қорланған, бүкіл адамзаттық құндылыққа айналған білімді, тәжірибені меңгеруден тұрады. Ойлау – бұл да құндылық.

Дүниені танудың теориялық және эмпирикалық білім көздері болады. Бұл екі білім бір-бірінен ұстанымдық ерекшеліктерімен ажыратылады. Дамыта оқытудағы теориялық білім абстрактылықтан нақтылыққа өту әдісі арқылы жинақталады. Ол диалектикалық логиканың негізгі зерттеу әдісі. «Абстрактылықтан нақтылыққа өту –

ғылыми зерттеудің негізгі әдісі, ол затты неғұрлым кең әрі толыққанды, жан-жақты тануына бағытталған теориялық ойлаудың қозғалысымен сипатталады» [4.46]. Яғни, ойлаудың теориялық немесе эмпирикалық деңгейде өту, өтпеуіне қарай білімнің де теориялық немесе эмпирикалық мазмұны анықталады. Ал ол теориялық ойдағы абстрактылықтан нақтылыққа өту үдерісінің сипатына байланысты болады. «Абстрактылықтан нақтылыққа өту – диалектикалық логиканың негізгі әдісі, ол арқылы таным нысаны теориялық тұрғыдан жүйе және тұтастық ретінде танылады. Сондықтан талдау, жинақтау, топтастыру, индукция және дедукция, эксперимент, модельдеу сияқты логикалық ойлаудың әдістері теориялық таным барысында абстрактылықтан нақтылыққа өтудің компоненттері ретінде көрінеді» [5.330]. Сонда философия теориялық ойлауды абстрактылықтан нақтылыққа жүру жолы мен әдістері деп анықтайды, яғни, теориялық ойлау – диалектикалық логиканың негізгі басқышы. Ол қалай болса солай жүзеге аса бермейді. Сондай-ақ кез келген ойлауды теориялық ойлауға жатқыза алмаймыз. Оның өзінің жүзеге асу логикасы, ұстанымы, жүйесі бар. Негізгі сүйенетін ұстанымы – абстрактылықтан нақтылыққа өту болса, оның жүйесі теориялық ойлаудың әдістері арқылы басқарылады. Теориялық ойлау барысында білім әрі жүйе, әрі тұтастық ретінде танылады, яки, кез келген теориялық білім үшін таным нысанын жүйелік тұрғыдан тану маңызды болып есептеледі [6.7].

Дамыта оқытудағы теориялық ойлаудың басты шарты әрі материалы – теориялық ұғым. «Ұғым дегеніміз заттар мен құбылыстардың елеулі белгілері мен қасиеттерін бейнелейтін абстрактілі ойлау формасы. Ұғым – заттардың жалпы, елеулі белгілерінің тікелей бірліктік формасындағы ойда бейнеленуі. Ұғым – нәрселер тобының бәріне ортақ жалпы мәнді белгілерін бейнелейтін ой» [3.64]. Мағжан

Жұмабаевтың ойынша, «Көп заттардың ортақ сындарын алып жия білу, екінші түрлі айтқанда, зат туралы ой ұғым деп аталады... Ұғым жалпылықты тілейді. Жалпыламасаң, яғни, бір топ заттардың әрқайсысының дербес сындарын алып тастамасаң ұғым болмайды. Сондықтан ұғым – ойдың ғана ісі. Ұғымды оймен ғана жасауға болады» [7.61].

Сонымен, теориялық ойлаудың мазмұнын теориялық ұғым құрайды. Ал оны тану жалпы, жеке, ерекше қатынастармен байланыстарды талдау-жинақтау, индукция-дедукция, салыстыру, эксперимент, модельдеу, топтастыру әдістері арқылы жүзеге асады. Осылайша жеке, ерекше және жалпы диалектикасы табиғат пен ойлау заңдарын пайымдауға, олардың мәнін ашуға, ұғым жасауға және түсінуге жәрдемдеседі. М.Мұқановтың ойынша, «Баспалдақпен көтеріліп бара жатқан адам жоғары қарай өрлеу үшін сол баспалдаққа қалай сүйенетін болса, теориялық ойлау кезінде де ұғымдарға солай сүйенеді» [8.52].

В.В.Давыдов оқушылардың теориялық ойлауын, дамытудың психологиялық, әдістемелік ерекшеліктерін зерттей келе кез келген ұғым мынадай екі формада қалыптасатынын айтады: 1) берілген деректі, ақпаратты *талдау және жалпыға тән ерекшеліктерін табу* арқылы қарастырылып отырған *нақтының негізін анықтайтын теориялық абстракция* қалыптастыру; 2) қалыптасқан *абстракциядағы қайшылықтарды ашу және оны шешудің практикалық жолын анықтау* арқылы абстракциядан *нақтылыққа өту* [2.87]. Сонда ғана ойлау эмпирикалық болмай, теориялық сипат алады, яғни, адамның танымы заттардың сыртқы сипаты туралы эмпирикалық ойға емес, заттар мен олардың байланысының теориялық моделіне бағытталған теориялық ойға құрылады. Эмпирикалық білім теориялық білімнің негізін құрайды, өйткені қандай да болмасын зат, нәрсе туралы білім ең алдымен оның

сырт бейнесіне, формасына қарап салыстыруға, ұқсатуға құрылады. Оны зерттеп, талдай бастағанда ғана ол теориялық қырынан таныла түседі.

Бұл үдеріс барысында білім қандай да бір теориялық ұғымдардың топтасқан түрі ретінде көрінеді. Мұндай ұғымдардың қалыптасуындағы теориялық ойлау мен эмпирикалық ойлау мына белгілеріне қарап ажыратылады.

1. Егер таным үдерісінде заттардың ортақ қасиеттері, ұқсастықтары сырт формасына қарап ажыратылса, онда оның теориялық емес, эмпирикалық ойлау болғаны. Теориялық ойлауда заттың, яғни, таным нысанының ерекше қатынастары талдау нәтижесінде танылады.

2. Егер таным үдерісінде талдау таным нысанының мазмұнын ескермей, формасына қарап жүргізілсе, онда оның теориялық емес, эмпирикалық болғаны. Теориялық ойлауда нысан мазмұн мен форманың бірлігі нәтижесінде танылады.

3. Егер таным үдерісінде нысанның жалпыға ортақ белгілері сыртқы ұқсастықтарына қарап топтастырылса, онда оның теориялық емес, эмпирикалық ойлау болғаны. Теориялық ойлауда нысанның жалпыға ортақ белгілері олардың ішкі өзіндік ерекшеліктері мен қатынастарына қарап топтастырылады.

4. Егер таным үдерісінде нысанды зерттеу олардың сыртқы ұқсастықтары мен бейнесіне бақылау арқылы жүргізілсе, оның теориялық емес, эмпирикалық болғаны. Теориялық ойлау әрдайым нысан туралы нақты білімге сүйенеді.

5. Егер таным үдерісінде нысан біртектес заттар ретінде танылса, онда оның эмпирикалық ойлау болғаны. Теориялық ойлауда таным нысаны оның жалпыға, жекеге, ерекшеге қатынасы мен байланысы тұрғысынан танылады. Сондай-ақ эмпирикалық ойлауда термин сөздер түсінілмей

қолданылуы мүмкін. Теориялық ойлау арқылы игерілген білім жүйе тұрғысынан танылады.

Осылайша теориялық деңгейде өткен ойлау үдерісі, В.В. Давыдовтың ойынша, дамуды алға жетелейді. Оқыту үдерісінің де философиялық мәні оқушыларды ойланта, толғанта алуында, оның оқушының іштей дамуына түрткі бере алуында [2].

Философиядағы *байланыс пен даму туралы эмбебан ілім – диалектика ілімі*. «Даму дегеніміз – материалды және идеалды нысандардың қайтымсыз, нақты бағытталған, жаңа сапаның пайда болуына алып келетін, заңды өзгерісі... Дамудағы жетекші рөл мен жалпыға бірдей сипаты материалдық ұйымдасудың тоқтаусыз дамуымен білінбейді, қайта олардың күрделенуіне, яғни, төменнен жоғары өту қабілеттігіне байланысты. Ал бұл қабілеттілік дамуға сәйкесті жағдай жасаумен құнды. Жағдай бар жерде төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге өзгеру сөзсіз жүреді. Бұл жағдайлар жоқ жерде не қозғалыстың мәңгілік қайталануы, не регрестік өзгеріс түрі пайда болады» [9.10]. Даму мен ойлау қатар жүріп отыратын психологиялық әрі биологиялық үдеріс және олар бірін-бірі анықтайды. Баланың ақыл-ойының дамуы әр жаста әрқалай көрініс алады. Даму мен ойлау үдерісінің жүзеге асуына әсер ететін негізгі шешуші әлеуметтік фактордың бірі – оқу үдерісі. 3. Қариевтің айтып отырған «жағдай» сөзі біздің мәнмәтіндегі оқу үдерісі, оның ұйымдастырылуы, мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары. «Жағдайды» дұрыс ұйымдастыру – дамыта оқытудың әдістемелік қырларының жан-жақты болуын қажет етеді. Тілді оқытуда ол ерекше маңызды бола түседі, себебі Жүсіпбек Аймауытовтың пікірінше, «Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау

жүйесін, ой пәлсапасын да меңгерді» [10.132].

Әрбір нақты пәнді дамыта оқыту арқылы жеке тұлғаны ойлауға үйрету мәселесі ұлттық мәсе­лемен тамырлас болғандықтан оның ана тілінде жоғары деңгейде оқытылуына айрықша назар аудару керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.С. Выготский. Педагогическая психология. М., «Педагогика», 1991.
2. В.В. Давыдов. Виды обобщения в обучении. М., «Педагогика», 1972.
3. Философский-энциклопедический словарь. М., Инфра-М, 1997.
4. Диалектика познания: компоненты, аспекты, уровни. А., 1983.
5. Диалектическая логика. /Под ред. Ж. Абдильдина/. А., «Наука», 1987.
6. Н.Иманқұл. Ойлау туралы ойлау. А., «Эверо», 1998.
7. М.Жұмабаев. Педагогика. А., «Рауан», 1993.
8. М.Мұқанов. Ақыл-ой өрісі. А., «Қазақстан», 1980.
9. З.Қариев. Даму. А., «Қазақ университеті», 1993.
10. Ж.Аймауытов. Тәрбиеге жетекші. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. А., «Рауан». 1998.



ОТБАСЫ ЖАЙЫНДА

- Өз жарыңды жаттай күт,
Жат көрсін де түңілсін.
Бір-біріңді қадір тұт,
Жұрт үлгі алсын, үңілсін.
- Әкесін сыйламағанды
Баласы да сыйламайды.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. А., 1959. 94-110 б.)

**Әлия НИЕТАЛИНА,
Башар Сүлейменов атындағы
орта мектептің мұғалімі.**

Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
Бегімбет ауылы.

ӘДЕБИЕТ КӨТЕРЕР ЖҮК АУЫР

Әр пән өмір, болмыс сырын өзінше, тек өзіне ғана тән қасиет-ерекшелікпен танытуымен маңызды. Орта мектепте оқытылатын пәндер жүйесінде әдебиет сабағының алатын орнын, мән-манызын ешқандай да өлшеммен белгілеуге болмайды. Әдебиет - сөз өнері, көркем шығармадағы шындық, сөз құдіреті, халықтың айшықты сөзбен кестелеп, асыл ойлармен зерлеген баға жетпес бай, рухани қазынасы.

Әдебиет пәнінің негізі - көркем шығарма. Ал шынайы көркем туындыда адамзаттың асыл арманы, ұшқыр қиялы, ел басынан өткерген қилы-қилы оқиғалар, сол жолдағы күрес-тартыстары, өмір белестері, елдік, ерлік дәстүрлері, халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, ырым-жоралғылары, психологиясы, кең дала табиғаты бейнеленеді. Сондықтан ол – оқушы зердесіне замана болмысын, дәуірдің тынысын бейнелейтін «өмір оқулығы», халқымыздың көркем тарихы. Оқушы көркем әдебиеттен әрқайсысы өзіндік қайталанбас ұғым-наныммен, сенім-арманымен, өкініш-наласымен, қуаныш-қызығымен, арпалыс-тартысымен, ерлік-ездігімен, жақсылық-жауыздығымен, биігі - осалдығымен, сұмдық-қулығымен, ақ ниет, адал пейілімен, бар тіршілік болмысымен көрінген талай тағдырлармен танысады. Міне, әдебиет пәнінің тәрбиелік қуаты осында жатыр. Әдебиет пәні – мектептегі негізгі эстетикалық пән. Ол оқушы бойында биік

эстетикалық талғамды дамытады, өнер туындысындағы, табиғаттағы, адамдар қарым-қатынасындағы жарасымдылықпен әсемдікті тани да ұға білуге, дұрыс бағалауға, олардан жан ләззатын тауып әсерленуге, терең пайымдауға үйретеді. Сонымен бірге әдебиет – өмір танудың ерекше құралы, көркем әдебиетке деген ынта-ықыласын оята отырып, оқырмандық мәдениетті қалыптастырып дамытады.

Әдебиет – көркем образдар арқылы танылған әсемдік өмір сабағы, өнер сабағы, адамгершілік сабағы. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. Әдебиет – тұңғық сырлар мен нәзік сезімдер иіріміне толы сабақ. Бұл сабақта мұғалімнің қарабайыр сөйлеп, оқулықтағы барды айтумен шектелуіне әсте болмайды. Құпия сыры мол, айтып тауыса алмайтын осы бір сабақ – жүргізушіге де үлкен сын. Мұғалім әр әдебиет кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, оның сезім-сырларына ортақтаса білуі керек. Озбыр жандардан қиянат көріп, бұл өмірден түңілген Ғазизаның (М.Әуезов. «Қорғансыздың күні») жан дүниесіндегі арпалыс сезіміне, жалғыз аты – жан серігі Құлагердің өлген жерінде еңіреп, егіліп жылап, сар даланы күңіrentіп зарын айтып бір күн, бір түн жатқан Ақан мұңына ортақтаспаса бола ма?! «Сөз өнері дертпен тең» деген – осы. Сен де жазушы құдіреттілігі, хас шеберлігі арқасында Ғазизаның жаралы жүрегіне мұңданып, Ақандай серіге қайғырып, көңіл айтып, Құлагердің басын құшасың. А.П.Чеховтың «Мұғалім өз ісіне жан-тәнімен берілген артист болуы керек» деген пікірі осындай шындықтың айғағы емес пе?! Бұл орайда әдебиетші мұғалімге айшықты тіл, әсем ырғақты үн, терең эмоция қажет. Олай болмағанда белгілі бір кейіпкердің қуанышы мен сүйінішін, қайғысы мен мұңын, не болмаса Көкшетаудай кербез сұлу өлкенің әсем табиғатын, тіпті Әйгерім мен Тоғжандай, Гүлбаршын мен Ақжүністей арулардың келісті келбетін оқушының көз алдына елестете

алар ма едік?.. Мысалы, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әйелдер образын талдағанда қыпша бел, қарақат көз, ақша маңдай сұлу Тоғжанның бейнесін ашу барысында нәзік сезіммен, терең эмоция, қоңыр баяу ырғақпен оқушы жүрегіне шым-шымдап жол таба бересің. Сол сәт оқушылар қос етек көйлекті, кәмшат бөрікті, қынама барқыт қамзолды Тоғжанның сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілменен үн қатып бара жатқандығын сезгендей болады. Ұғымды сезініп барып қабылдаған оқушының көз алдына сөзбен сомдалған бейне елестері сөзсіз.

Көркем әдебиеттің негізгі құралы – тіл. Көркем тілді білу – көркем шығарманың жақсы, жаман жақтарын жығатанып, терең түсіне білу деген сөз. Кейде біз бұл мәселеге атүсті, жүрдім-бардым қараймыз. Өзіміздің ана тілімізде жазылған нәрсе ғой, түсінбейтін несі бар деп ойлаймыз. Шынында олай емес. Көп сөздердің астарлы мағынасы болады. Демек, сөз шеберлерінің бүркегенін ашып, бүккенін жазу үшін де көркем тілдің ерекшеліктері мен жасалу жолдарын оқушыларға ұғындыру қажет. Әсіресе, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының тілі өте күрделі. Әдебиетте сөз өткір, тартымды, әсерлі болуы үшін сөз таңдау, ауыстырып айтудан басқа да әдістер қолданылады. Жазушы-ақындар кейде дағдылы синтаксисті аттап өтіп, синтаксистің өзгешелеу түрін жасайды. Олар – арнау (сұрай арнау, жарлай арнау), қайталау (анафора, эпифора), инверсия, антитеза, дамыту, элipsis. Көркемдік түрдің мұндай белгілерін ұғындыру да оңайға түспейді. Әр көркем шығармаға талдаудың осындай жүйелері жүзеге асырылады. 5-8-сыныптардың әдебиет оқулықтарында жекелеген авторлардың өлеңдері берілген. Бұл ретте өлеңді мәнерлеп оқып берумен немесе жағтап айтып берумен іс бітпейді. Алдымен өлеңнің идеялық мазмұнын ашып алу керек. Онан соң ақынның басым жырлап отырғаны не нәрсе, осы өлең

арқылы автор не айтпақ болып отыр? Осыларды айқындаған соң өлеңнің тақырыбы мен идеясы анықталады. Оқулықтағы поэзиялық шығармалар түсіндіріліп берілмейді. Оны түйсіну, түсіну – мұғалім мен оқушының еншісінде. Онан әрі өлең құрылысына талдау жасалады. Өлеңді буын, бунақ, шумақ, тармақ, ұйқас түріне қарай талдайды және ондағы бейнелі сөздердің сыры тағы ашылуы керек.

Әдебиет сабағындағы жазба жұмыстарының бірі – шығарма. Шығарма оқушыларды өзінше ойлантуға, үздіксіз ізденіске жетелейтін күрделі жұмыстардың бірі. Оқушылар шығарма жазу жұмысына шорқақ, көбінесе оқулықтағы деректермен шектеледі. Тақырыпқа тереңдеп ену, көркем туындыны, автордың осы туынды арқылы айтар көкейтесті ойларын терең түсініп, көркемдікпен талдау жеткіліксіз. Мұның орнына алыстан орағыта сөйлеу, жалпылама баяндау, стильдік қате, ой жұтаңдығы басым келеді. Тыңғылықты үйрету жұмыстарының нәтижесінде ғана оқушы шығарманы өз бетінше жаза алады. Шығарма жұмысын тексеру барысында тілдегі небір сорақылықтар мен келеңсіздіктерге кез боласың. Бастауышы мен баяндауышы, анықтауышы мен толықтауышы, әрқилы пысықтауышы, жұрнағы мен жалғауы орнын таппай, қиюы қашып, қисайып тұрған сөйлемдерден көз тұнады. Білім беру жүйесінде тестілеу әдісімен бағалау кең етек алғанның әсері ме, оқушылар ойын ауызша айтудан жалтарып, үн-түнсіз тест белгілеп бергенге бейімделіп барады. Әдебиет сөз өнері сабағы болғандықтан оқушылардың сөйлеуіне, өзіндік пікір айтуына көбірек орын берілуі керек. Сөздік қорының кедейлігінен көпшілік оқушылар сөйлегенде сөз таба алмай, кібіртіктеп, сөзге орашолақтығын байқатып жүр. Өзінің көкейтесті ойын суырылып шығып, ұлттық тілде өткір пікір айтатын оқушыларымыз азайып бара жатыр.

Оқушылардың көркем ойлау қабілетін дамыту және

сөйлеу тілін қалыптастыруда шығарма, тіл дамыту және түпнұсқамен жұмыс түрлерінің маңызы ерекше. Тіл дамыту сабақтары оқушылардың ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырады. Тіл құдіреті мен әдебиет күші адамды рухани байытып, жанын сұлуландырады, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Бұл сабақта оқушылар сөз саптай білуге, өз ойын әсерлі де айшықты еркін жеткізуге машықтанады. Бұл орайда тіл дамыту сабақтарының жүргізілу мазмұнын арттыруды қажет етеді. Жазбаша тіл дамытуға бір жағдаят, фабула айтып, сол бойынша әңгіме құрау, әдеби кейіпкерлермен сырласу, оларға ашық хат, көркем шығармаға рецензия жазу, әдеби кейіпкерлерге мінездеме жазу, т.б. жазба жұмыстары жатады. Әдебиет сабағының құрылымы 45 минутқа сый бермейді-ау! Десек те, әдебиеттегі әсемдік пен гуманизмді санаулы уақытқа сыйдыруға тырысып бағамыз.

Әдебиетті оқып үйренуге жалпы білім беретін оқу бағдарламасында 10, 11-сыныптар бойынша сағат өте аз бөлінген (жаратылыстану-математикалық бағытқа - 2 сағат, қоғамдық-гуманитарлық бағытқа - 3 сағат). Сондықтан қайсыбір тақырыптар шолу түрінде өткізіледі. Көркем шығарманың барлығына бірдей талдау жасауға мүмкіндік бола бермейді. Мысалы, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын оқытуға жаратылыстану бағытына 3 сағат, гуманитарлық бағытқа 8 сағат бөлінген. Бір ғана «Абай жолын» алып қараңыз. Қазақ халқының жарты ғасырлық тарихы бейнелеген күрделі эпопеяға 2-4 сағат қана бөлінген. Ал бір 45 минутта сіз «Абай жолы» роман-эпопеясының қай жерін сыйғыза аласыз?.. Бұл – ақылға сыймайтын дүние. Көркем шығарманы оқушы түпнұсқадан алдын ала оқып келу керек. Ал шығарманы сыныпта талдаудың бір бөлек жұмысы өз алдына жетіп жатыр. Оқушылардың көркем шығарманы түпнұсқадан, бірен-сараны болмаса, оқымайтындығы белгілі. Түпнұсқамен

жұмыс 9,10,11- сыныптарда жүзеге асырылады. Түпнұсқаны оқымаған оқушы шығарма табиғатын шынайы ұғынбайды, оның идеялық-тақырыптық мазмұнын аша алмайды. Әсіресе, 10,11-сыныптардағы әдеби оқулықтарда тек бағыт-бағдар беріліп, атүсті шолу жасалған. Түпнұсқасынсыз тақырыптық материалды меңгерту мүмкін емес. Сондықтан кейде көркем туындының идеялық мазмұнын өзің баяндауға мәжбүр боласың. Ал идеялық мазмұнды білмей, көркем шығарманы талдауға болмайды. Көркем туындының тақырыптық-идеялық мазмұны ашылған соң енді оны композициялық құрылысы жағынан талдау керек. Экспозиция, байланыс, дәлелдеу, жағдаят, шиеленісу, шарықтау шегі, шешуі сияқты сюжеттік элементтердің көркем шығармадағы орналасу тәртібі түсіндіріліп талданады. Онан әрі образдар жүйесіне талдау жүзеге асырылады. Типтік образдарға кімдерді жатқызуға болады, неліктен? Қосалқы бейнелерге жататын образдар. Кейіпкерді тура және жанама мінездеу әдістері, кейіпкерлер портреті, оның жасалу жолдары талданады. Мұнан соң көркем шығарманың тілі, тарихи маңызы немесе тәрбиелік мәні әңгіме арқауына айналады.

Қазақ мектебіндегі қазақ әдебиеті пәні – білімдік, тәрбиелік үлкен жүк көтеретін, әр жақты қызметтер атқаратын ең маңызды пәндердің бірі. Ендеше мұндай өмір оқулығына оқушыны дұрыс бағыттау үшін әдебиетші мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әдебиет пәнін тиімді әрі қазіргі талап деңгейінде оқыту үшін мынадай мақсаттарды көздеп оқытсақ, жақсы нәтижеге жеткізері сөзсіз: 1) *әдеби білім беруді саралауды жүзеге асыру - бағдарланған сынып, тереңдетіп оқыту, белгілі бір тағылымдық арна бойынша факультативтік оқуды кең көлемде қолдану*; 2) *көркем шығарманың эстетикалық табиғатын, образ сомдаудағы авторлық шеберлікті, сюжет пен композицияның шығармадағы мәнін айқындау*; 3) *көркем шығарманы оқушы*

тебірене қабылдауына жағдай жасау, оларды кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу, олардың шығармаға әдеби-эстетикалық талдау жасай алуын қамтамасыз ету; 4) Көркем әдебиет қоры бай кітапханамен үздіксіз байланыс жасай отырып оқырмандық тәжірибе мен мәдениетті көтеру, оқушылардың көркем ойлау қабілетін арттыруға ықпал жасау; 5) Оқушылардың шығармашылық ізденісін көтермелеп, бағдарлап, дамытып отыру; 6) әдебиетті оқытудың шығармашылық сипатын күшейту (арнайы шығармашылық сабақтар, әдеби кеңістер, сахналық қойылымдар, поэзия минуттарын өткізіп отыру); 7) оқу-тәрбие үдерісінде мұғалім мен оқушы арасында шығармашылық ынтымақтастық іс-әрекеттердің қалыптасуына кең жол ашу.

Осындай бағыттағы жұмыс түрлеріне көңіл бөліп, бұл пәнге жауапкершілікті көзқарас тудыру керек.



САУАТТЫЛЫҚ АЙНАСЫ

Сауаттылық айнасы - шығарманы

Керек қылмай, дыбысын шығармады.

Шәкірт біткен БҰТ-та анық болды робот,

Жан-жағына сезімсіз күй арнады.

Шынында да, БҰТ-тың бұл беті күшті,

Мықтап соғып алғандай бекіністі.

Бітіргендер мектепті іс жүзінде

Жаза алмады-ау сауатты өтінішті.

Қысқа тілі жарамай тілшілікке,

Талай жастар айналды-ау құр шірікке.

Жеткізе алмай жан сырын өз сөзімен,

Азап шекті жүрегі тіршілікте.

Редакциядан.

Сәуле БАЗАРБАЙҚЫЗЫ,
М.Құсайынов атындағы
Ақтөбе облыстық дарынды
балаларға арналған мамандандырылған
мектеп-интернаттың мұғалімі.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) көркем әдебиет стилінің тілдік құрылымы, қолданылуы, мақсаты мен тілдік құралдарын ұғындыру, көркем әдебиет туралы түсініктерін кеңейту; 2) тіл мәдениетін арттыру, логикалық ойлауын дамыту, іскерлік шеберліктерін дамыту; 3) елжандылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: оқушыларда имандылық, адамгершілік-эстетикалық қасиеттер қалыптасады; ұлттық әдебиеттің құндылықтарын игеруге ұмтылады; салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды, ұлттық ерекшеліктерді тани біледі.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, «Абай жолы» романы (I том), кеспе қағаздар. **Әдісі:** ой қозғау, талдау, сұрақ-жауап. **Түрі:** ақпараттық, жаңа білімді меңгеру. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, логика, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру (оқушылармен амандасу, сыныпты түгелдеу).

Оқушының шығармашыл тұлғасын қалыптастыру.

когнитивті
(танымдық)
сапалары

шығармашылық
(керативтілік)
сапалар

әдіснамалық
(ұйымдастырушылық)
сапалар

қоршаған әлемді түсіну, құбылыстардың мәнін білуге ұмтылу, танымдық ынтасының тұрақтылығы

ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой тереңдігі, шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы


тапсырманың мәні мен мақсатын түсіну, мақсатқа жетуде оңтайлы іс-әрекетті ұйымдастыру, нәтижеге жетудегі табандылық

Тілек. Мақсаты – оқушыларды жақсы лебіз айта білуге тәрбиелеу.

Үй тапсырмасын сұрау.

Стиль дегеніміз не? Стильдің түрлері

I слайд



Жаңа сабақ. II слайд

Ауызекі сөйлеу стилі → қарым-қатынасты сипаттайды.

Көркем әдебиет стилі → оқиғаны образды түрде бейнелейді: сөзбен салынған сурет, кейіпкерлер іс-әрекеті, келбеті, мінезі, сөзі.

Ресми іс-қағаздар стилі → жазбаша қатынасты құрайды.

Публицистикалық стиль → газет-жұрнал, мақала.

Ғылыми стиль → ізденісті ауызша және жазбаша суреттейді.

Көркем әдебиет – ылғи буырқанып, теңселе тербеліп тұратын теңіз. Бұл теңізге түскен адам оның бетінде қалқымай, тереңіне сүңги жүзуге міндетті. Ол үшін

тіндегі ажарлау, құбылту атаулының бәрін кәдімгі әдебиет теориясымен байланыстыра отырып талдау шарт.

III слайд

Құнанбай бейнесі («Абай жолы» романынан үзінді)

Зере, Барлас

Ой қозғау. Құнанбай кім?

Мақсаты – оқушының өзіндік пікірін қалыптастыру.

Үндестік. Абай → Мұхтар

Кітаппен жұмыс: 46-жаттығу, мәнерлеп оқу.

IV слайд

Синтаксистік талдау

1. Сөйлем мүшесіне талдау жасаңыз.

2. Сөз тіркесін байланысу түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Шығармашылық тапсырма К, Ж, Қ, С (әр алуан түстер)

Шығармашылық – адамның өмірге деген қызығушылығы

мен махаббатының көрінісі. Шығармашылық нәтижесінде

оқушының жеке қабілеттері, ерекшеліктері байқалады.

Шығармашылықтың ең жоғарғы сатысы – шабыт.

Шабыт – адамның барлық қабілетінің жігерлі түрде

әрекет етуінен туындайды.

Шабыт – ептеп қана ағаш бұтағынан алынатын жеміс.

Тапсырманы орындау барысында оқушылардың

шығармашылық (кративтілік) сапалары дамиды. Ойлау

белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой

тереңдігі, шығармашылығының тұрақтылығы.

Пәнаралық байланыс. Поэзия минуты. М.Шаханов

«Төрт ана».

а) Мұқият тыңдау. ә) Шығарманы қарасөзбен жазу.

Оқушылардың әдіснамалық сапа қызметтері артады.

Тапсырманың мақсаты мен мәнін түсіну, мақсатқа жетуде


табандылық таныту керек.

V слайд. Қара. Кез келген нәрсенің күнгей, көлеңкелі

жақтары бар. Бұл тапсырма бойынша оқушылардың

танымдық сапалары артады. Танымдық сапа: қоршаған

әлемді түсіну, құбылыстың мәнін білуге ұмтылу, танымдық
ынтаның тұрақтылығы.



Жаңа тақырыпты пысықтау.

Көркем әдебиет стилі дегеніміз не? Оның қандай
ерекшеліктері бар? Көркем әдебиет саласында еңбегі зор
қандай ақын-жазушыларды білесіңдер?

Үйге тапсырма. *Тебіреніс, бұйра толқын, мазасызданып,
нұр, тарғыл, шыңырау, парасат.*

«Бүгінгі сабақтан алған әсерім».

Оқушы білімін бағалау. Сабақты қорытындылау.



Гүлбану ЖАПАРОВА,
Қызылорда облысының
Жаңақорған ауданындағы
№163 орта мектептің мұғалімі.

ОЙКӨКПАР

(11-сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – ойкөкпар тақырыбы-
мен тереңірек танысу, белгілі бір мәселе төңірегінде пікір
таластыру, сөздік қорын қалыптастыру; **дамытушылық** –
әр топ мүшелерінің өз ұстанымын нақты дәлелдемелер
мен айғақтарға сүйене отырып қорғап шығуына мүмкіндік
туғызу; **тәрбиелік** – сөйлеу мәдениетіне үйрету, өзгенің
пікірін тыңдай білу, оралымды, нанымды, мәдениетті пікір

айтуға тәрбиелеу. **Түрі:** дебат сабағы. **Әдісі:** СТО элементтері, сұрақ-жауап, пікір айту. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта, компьютер, бейнетаспа.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру:


- а) сынып оқушыларының зейінін сабаққа аудару;
- ә) сабақтың тақырыбымен, оның мақсатымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру («Ой қозғау» әдісімен)

1. Ойталқы дегеніміз не?
2. Ойталқыға қанша адамға дейін қатыса алады?
3. Талас қандай түрде өтеді?

III. Жаңа білімді ендіру («Миға шабуыл» әдісімен)

- Балалар, «ойкөкпар» дегенді қалай түсінесіңдер?



(Оқулықтың 191-бетіндегі мәлімет түсіндіріледі.)

Оқушыларды дебаттың шарттарымен таныстырамын және оларды екі топқа бөлемін. Алдын ала нақты тақырып (резолюция) ұсынамын.

Тіл – халқымыздың тарихы, шежіресі, арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні. Ең алдымен тілді қадірлеп, үлкен патриот иесі бола білуі керек. Бүгінгі шәкірттің ертеңгі ел тізгінін ұстар азамат ретінде қалыптасуының негізі де – осы Отанын сүюінен. Ана тілін үйретуде қандай тақырып таңдалып оқытылмасын, оның аясында халқымыздың тұрмыс- тіршілігінен хабардар ететін сөздік қорымызбен қатар отаншылдық мақсат та тұнып тұруы тиіс. Олай болса тапсырмаға зер салайық.

243- тапсырма. Нақты белгілі бір тақырыпты ойкөкпарда талқылау.

тілінің деңгейі жоғары.

Дәлелдеме. Халқымыз тілді қадірлейді.

Айғақ. 1. Қазақ тілінің деңгейі айтылады.

2. Тіл мәдениетінен хабар береді.

«Тілашар» тобы. Тақырыбы: Қазіргі таңда қазақ
тілінің деңгейі жоғары емес.

Дәлелдеме. Қазақ тілінің қолдану аясы төмен.

Айғақ. 1. Жастардың ана тілге деген құрметі нашар.

2. Тілді шұбарлау күшейіп барады.

Екі топтың спикерлері өз пікірлерін, өз ұстанымдарын дәлелдеу үшін нақты айғақтармен сөйлейді. Келтірілген мысалдар мен дәйектемелер оқушының өз танымынан, ізденісінен туындап отыратындықтан қарсы жақтан да, қатысып отырған оқушылардан да көп сұрақтар қойылады. Сол сұрақтарға жауап беру барысында оқушы өз көзқарасын дұрыстығын білдіру үшін, тыңдаушысын соған сендіру үшін шешен сөйлеуге талпынады. Қойылған сұрақты сана сүзгісінен өткізе отырып, айтар ойын дәл бере алатын сөздерді екшейді, мақал-мәтелдерді, ұлы адамдардың нақыл сөздерін келтіреді. Оқушылардан өз пікірін ашық айтып, өз көзқарасын білім жағынан да, білік жағынан да дәлелдеп айтатын, тыңдаушысын нандыра алатын, ана тілінің асыл маржандарын сол жолда пайдалана алатын азамат дайындау.

IV. Бекіту. Ойкөкпардың нәтижесін арнайы белгіленген сарапшылар қорытындылайды. Сонымен қатар ойкөкпарға қатысушы топтардың жеңісі аудиторияның дауысымен есептеледі.

V. Бағалау. Берілген тапсырмаларды дұрыс орындаған оқушылар бағаланады.

VI. Үйге тапсырма: 244- тапсырма.

СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІНІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділігі – оқушыларға сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасына қойылатын тыныс белгілері туралы түсінік беріп, білімдерін қалыптастыру; **дамытушылығы** – талдау машығын дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау; **тәрбиелігі** – оқушыларды сауаттылыққа, тапқырлыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа білімді хабарлау сабағы.

Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, оқулықпен, топшамамен жұмыс, тест тапсырмасы.

Көрнекілігі: интерактивті тақта.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Ереже жаттау.

№65-жаттығу (Сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді тауып, қандай сөйлем мүшелерінің қызметін атқарып тұрғанын ажырату. Мақаш Бекмұхамбетов жайлы қосымша деректер жазып келу).

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Венн диаграммасы. (Оқушылар тақтаға жазады)

Бір сұраққа
жауап береді.

Бір сөйлем мүшесі болып

табылады.



Сөйлемдегі қызметі,
тұлғасы бір ғана ортақ
мүшемен байланысады.

Тыныс белгілер арқылы
ажыратылады.

IV. Жаңа сабақ. Түсіндіру әдісі.

1. Бұл жолы ол ұзақ, тыныш ұйықтады.

2. Ол әндер ерлікті де, елдікті де, сұлулықты да
сыйдырған.

3. Арғын, Найман, Керей, Уақ – төрт арыс бас қосыппыз.

4. Өнеркәсіпте керекті заттар мыналар: тас, көмір, мұнай,
болат, мыс.

Жаттығу жұмыстары

Тапсырма №1. Оқулықпен жұмыс. №64-жаттығу.

(Мәтіннен бірыңғай мүшелерді тауып, сұрақ қойып, қай
сөз таптарынан екенін айыру).

**Тапсырма №2. Өлең жолдардан бірыңғай мүшелерді
тауып, сөзге фонетикалық талдау.**

1. Кемуді білмес кенді өңір,

Құрсағы құтты сахара деймін.

Перзенті: болат, қорғасын, көмір,

Қазақстан – Республикам менің! (Дихан Әбілов).

2. Қазақстан – менің туған анамсың,

Өзгеде жоқ, өзімде бар даламсың.

Кендігіңнен, молдығыңмен момақан

Ақыл, сабыр үлестірген данамсың.

(Ғафу Қайырбеков).

Нұр төккен жылтыратып Күні жарқын,
Жайнайды сәулесі ойнап жанған алтын.
Күні де, түні де асқан керемет-ті,
Бірдей мол рахат, рахман, самал салқын.

(Сәкен Сейфуллин).

Тапсырма №3.

1. Ұқыптылық, уәдені орындаушылық, тұрақтылық _____ адамның асыл қасиеттері.
2. Іле, Шу, Қаратал, Ақсу, Көксу, Лепсі, Тентек _____ барлығы Жетісу өлкесінің берекелі өзендері болып табылады.
3. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров _____ үшеуі жиырмамыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыптары саналатын.

Тапсырма №4. Берілген сөздерді бірыңғай мүше етіп сөйлем құрастыр. Қарамен жазылған сөздерге морфологиялық талдау.

1. Адалдық, достық, арлылық;
атам, әжем, бауырларыммен.
2. Салт-дәстүрді, діл мен тілді, тарихымызды;
өз болмысымен, жан дүниесімен, жүрегімен.
3. Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың туған жерінен,
өскен елінен, құрбы-құрдастарынан.

Тапсырма №5. Бірыңғай мүшелі сөздерді қатыстырып, суретке қарап ойтолғау жаз.

1. «Сүйікті қалам - Оралым»
2. «Дені сау ұрпақ – ел тілегі»
3. «Ақжайық – ару мекенім»

V. Жаңа сабақты бекіту. Тест тапсырмасы.

1. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері дегеніміз не?

а) іс-әрекетті, іс-қимылды білдіретін сөз табы; ә) сөздердің тіркесі, қосарлануы, бірігуі арқылы жасалған сөздер; б) сөйлемдегі қызметі, тұлғасы, сұрақтары бірдей және бір ғана ортақ мүшемен байланысатын сөздер.

2. Жалғаулықсыз келген бірыңғай мүшелердің арасына қандай тыныс белгі қойылады?

- а) үтір; ә) сызықша; б) қос нүкте.

3. Бірыңғай мүшелерге тән белгілерді көрсет.

а) туынды, негізгі болып бөлінеді; ә) бір сұраққа жауап береді, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады; б) сөздердің тіркесуі, қосарлануы, бірігуі арқылы жасалынады.

4. Бірыңғай мүшелер қандай жалғаулық шылаулар арқылы байланысады?

- а) себебі, сондықтан, әйтсе де; ә) әрі, не, және, да, де;
б) бірақ, яки, ақ, ай.

5. Сөйлемдегі бірыңғай мүшелер қандай мүшенің қызметін атқарып тұрғанын көрсет.

Ал Исатайдың істерін, ерліктерін, сипатын айтқанда Махамбеттің сөздері нәсер тауындай ақтарылып, аруағы қозып кетеді.

- а) пысықтауыш; ә) толықтауыш; б) бастауыш.

VI. Үй тапсырмасын беру

1. Ережені жаттау.

2. Көркем шығармадан бірыңғай мүшелердің тыныс белгілеріне мысалдар жазу.

3. Мына сызбаға сәйкес сөйлем құрастырып келу.

а) , , - барлығы

ә) мыналар: , ,

б) , , ,

VII. Оқушыларды бағалау.



ЕМТИХАН БИЛЕТТЕРІ

(5-сынып)

№1. 1. Лексика нені зерттейтін ғылым?

2. Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы.

3. Берілген сөзден лексикалық мағынасы бар сөздер

құрап жаз: *жазба, саналы, мейірім, келешек, достық.*

№2. 1. Көп мағыналы сөздер.

2. Омонимдер. Анықтамасы, мысал келтір.

3. *Алтын, маржан, шырын* сөздерін ауыспалы мағы-

нада қолданып, сөз тіркесін құра.

№3. 1. Синонимдер. Анықтамасы, мысал келтір.

2. Антонимдер. Анықтамасы, мысал келтір.

3. Берілген омоним сөздерді қатыстырып, сөйлем

құрап жаз: *жүз, жар, қол, қой, сабақ.*

№4. 1. Табу. Анықтамасы, мысал келтір.

2. Эвфемизм, дисфемизм. Анықтамасы, мысал

келтір.

3. *Биік, ашық, жаңа, сұлу, жас* сөздеріне әр түрлі

қолданыста бірнеше антоним тауып жаз.

№5. 1. Тұрақты тіркестер. Анықтамасы, мысал келтір.

2. Мақал-мәтелдер туралы айт.

3. Төмендегі сөздерді эвфемизммен ауыстырып жаз:

ұры, өсекші, боқмұрын, саңырау, соқыр, топас, мылқау.

№6. 1. Сөздік қор туралы айт.

2. Көнерген сөздер, оның түрлері. Анықтамасы, мысал келтір.

3. *Алыс, жуас, жас, сөзшең* сөздерінің тұрақты тіркес түрінде синонимдері мен антонимдерін тап.

№7. 1. Қазақ тілінің сөздік құрамы.

2. Жаңа сөздер. Мысал келтір.

3. Әр тақырыпта мақал-мәтелдерден мысал келтір.

№8. 1. Жалпылама лексика. Анықтамасы, мысал келтір.

2. Кіріме сөздер. Анықтамасы, мысал келтір.

3. «Ғалым»сөзіне фонетикалық талдау жаса.

№9. 1. Диалект сөздер. Анықтамасы, мысал келтір.

2. Кәсіби сөздер. Анықтамасы. Оның түрлері.

3. Берілген сөздердің әдеби тілдегі баламаларын тап:

бәдірен, сым, атыз, тұқым, секер.

№10. 1. Термин сөздер. Анықтамасы. Оның түрлері.

2. Фонетика нені зерттейді?

3. «Кітап» сөзіне фонетикалық талдау жаса.

№11. 1. Қазақ әліпбиі туралы айт.

2. Дауысты дыбыстардың жіктелуі.

3. *Менің бір жолдасым бар.* Осы сөйлемдегі ашық және қысаң дауысты дыбыстарды бөліп жаз.

№12. 1. Дауыссыз дыбыстар, оның түрлері.

2. Буын. Оның түрлері. Мысал келтір.

3. *Алма апортының өзіндік тарихы бар.* Осы сөйлемдегі дауыссыз дыбыстарды қатаң, ұяң, үнді түрлеріне қарай бөліп жаз.

№13. 1. Буын. Оның түрлері. Мысал келтір.

2. Тасымал.

3. *Көкжиекке, азараңдап* деген сөздерді буынға бөліп, түрлерін көрсет.

№14. 1. Үндестік заңы. Оның түрлері. Мысал келтір.

2. Орфоэпия, орфография туралы айт.

3. *Жапонияда жер жиі сілкінеді.* Жуан және жіңіш-

ке, аралас буынды сөздерді бөліп жаз.

№15 1. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар туралы айт.

2. Екпін. Оның түрлері.

3. *Чех, тарих, полюс, хирург* сөздеріне қосымша жалғап жаз.

№16. 1. Сөз екпіні. Анықтамасы, мысал келтір.

2. Ашық буын туралы айт.

3. «Сынып» сөзіне фонетикалық талдау жаса.

№17. 1. Ой екпіні туралы айт.

2. Тұйық буын. Мысал келтір.

3. *Бірде Әбу Насыр әл Фараби әмір сарайына барыпты.* Осы сөйлемнен тұрлаулы мүшелерді тап.

№18. 1. Тіркес екпіні туралы айт.

2. Бітеу буын. Мысал келтір.

3. *Сарайға әкімдер, ғалымдар, өнерпаздар көп жиыналған екен.* Осы сөйлемнен түбір мен қосымшаны көрсет.

№19. 1. Дыбыс екпіні.

2. Буын үндестігі. Анықтамасы. Мысал келтір.

3. *Бесік, тарақ, сабақ, доп, қап* сөздеріне қосымша жалғап қандай өзгерістерге түскенін айт.

№20. 1. Дыбыс үндестігі, ілгерінді ықпал. Мысал келтір.

2. Сөзжасам туралы айт.

3. Төмендегі сөздерді айтылуы бойынша жаз: *боз-ша торғай, жүріскер, жүрек жұту, қаз табан, қайнар көз.*

№21. 1. Дыбыс үндестігі, кейінгі ықпал. Мысал келтір.

2. Лексикалық жолмен жасалған туынды сөздер.

3. *Ата-бабаларымыз мал қамымен Арқадан Атырауға дейін көшіп, қонып жүре береді екен.* Осы сөйлемдегі жалқы есімнің астын сыз.

№22. 1. Жұрнақтар жалғанған туынды сөздер. Мысал келтір.

2. Қысаң дауыстылардың жазылуы.

3. «Сәуле» сөзіне фонетикалық талдау жаса.

№23. 1. Бірігу жолымен жасалған туынды сөздер. Мысал келтір.

2. Ашық дауыстылардың жазылуы.

3. «Жайлау» сөзіне фонетикалық талдау жаса.

№24. 1. Тіркесу жолымен жасалған туынды сөздер. Мысал келтір.

2. Қатаң дауыссыздардың жасалуы.

3. Мына сөздерге жұп дауыссыздардың (б-п) тиістісін жаз: ...айдасыз, ...аласыз, са...ар, қа...ылда.

№25. 1. Қосарлану жолымен жасалған туынды сөздер. Мысал келтір.

2. Ұяң дасуыссыздардың жасалу жолдары.

3. Жұрнақ арқылы бірнеше туынды сөздер жаса: сүз, көр, тас, өр, әдеп, жас, сан.



Әсем ТҮРСЫНОВА,
Шона Смаханұлы атындағы
№62 гимназияның мұғалімі.
Алматы қаласы.

МЕҢГЕРУ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылар меңгеру туралы мағлұмат алады, ерекшеліктеріне тоқталып, түрлі тапсырмалар орындау арқылы білім алады; **дамытушылығы** – шығармашылық жұмыстар негізінде ойларын еркін жеткізуді дамыту; **тәрбиелік** – кітапқа құмарлығын оятып, ұлтжандылыққа, адамгершілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы, топтастыру, шығармашылық тапсырма. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, оқулық, жалаушалар, бағалау парағы, т.б. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру.

Сабақтағы ұстаным.

Өзің үшін үйренсең, Жамандықтан жиренсең, Ашыларсың жылма-жыл. Біреу үшін үйренсең, Біреу білмей сен білсең, Білгеніңнің бәрі - тұл /Абай/.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

251-жаттығудан матаса байланысқан сөз тіркестерін теріп жазу. Тақтаға екі оқушыны шығарып жаздырту.

«Кубизм» стратегиясы бойынша үй жұмысын бекіту

1. «Бағыныңқы, басыңқы»

Деген ұғым келеді.

Синтаксис оны зерттейді,

Кім ол туралы түсіндіріп береді?

/Оқушы сөз тіркесі туралы айтады/

2. Сөзден, сөз тіркесінен құраламын,

Тиянақтап ойды тұра аламын. /сөйлем/

3. Әр түрлі амал-тәсілдерден,

Сөйтіп ойға әсер берген? /Сөз тіркесінің байланысу

түрлерін айту/.

III. Жаңа сабақ.

«Сандар сөйлейді» стратегиясы. Санды сөзге айналдыра отырып («Миға шабуыл» әдісі), сабақты таныстыру. /Слайд арқылы көрсету/

«Сандар сөйлейді» стратегиясы

17, 8, 19, 5, 8, 23, 26.


Меңгеру

Барыс септігі	Табыс септігі	Жатыс септігі	Шығыс септігі	Көмектес септігі
Жақсылыққа жақсылық, жүзге тарта, еңбегіне қарай өнбегі.	Дорбаны ашты, қайтуды ойлады, жоқты неден табар.	Сыныпта отыру, кезекте тұру.	Біреуден білді, қаладан қашық.	Барымен базар, еңбекпен тапқан, техникамен жабдықтау.

Бар, жоқ сөздері

Зат есім

Сын есім



Оқулықпен жұмыс.

252-жаттығу, 253- жаттығу /Екі қатарға бөліп орындату/.

Мәтіндегі сөйлемнен сөз тіркестерін табыңыздар.

Үлгі: *Айыбыңды ашпайды.* Табыс септігінің жалғауы арқылы байланысқан етістікті тіркес, меңгеру.

Кітап туралы қандай нақыл сөздер білесіңдер?

Кітап туралы өз пікірлерің қандай?

«**Тапқырлар аялдамасы**» ойыны. /Слайдтар арқылы көрсетіледі/

Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас. Қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді. Жақсы – жаныңа жолдас, жаман – малыңа жолдас. Өнерлінің қолы – алтын, өлеңшінің сөзі – алтын.

1. Морфологиялық талдау /1-сөйлемге/. 2. Синтаксистік талдау /2-сөйлемге/. 3. Сатылай кешенді талдау /1 сөзге/.

IV. Сабақты қорытындылау: «Білімпаздар қалашығын» тұрғызу арқылы меңгеру туралы алған білімдерін тексеру./

Сөз тіркесі	қиысу	меңгеру	матасу	Етіст. тіркес	Есім. тіркес	Қосым. арқ.	Инт. арқ.	Шылау арқ.	Орын тәрг.
1. Көпірден өту									
2. Суық жел									
3. Ғалымның хаты									
4. Ұлтжанды азамат									
5. Елорда – Астана									
6. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы									
7. Мыңға жуық адам									
8. Жиын болыпты									
9. Дауысын беру арқылы сайлады									
10. Біздің халық									

V. «Білімпаздар қалашығын» тұрғызған оқушыларға мадақтай отырып жалаушалар тарату, бағалау. Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» өлеңімен сабақты аяқтау.

VI. Үйге тапсырма: 255-жаттығудан меңгеруді табу, тыныс белгілерін қойып көшіру.

VII. Рефлексия кезеңі. Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді түстер арқылы көрсетіңіздер.

Жасыл түс: Жаңа сабаққа көңілім толды.

Сары түс: Бүгінгі сабақ сезіміме әсер етті.

Күлгін түс: Сабақтан жаңа идеялар байқадым.



Роза БАЙКУБЕНОВА,
Абай атындағы орта мектебі
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Көкпекті ауданы,
Бастаушы ауылы.

«ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫНДАҒЫ» БАҚТЫҒҰЛ БЕЙНЕСІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың әңгіме сюжетінен алған мағлұматтары негізінде Бақтығұлдың бейнесін жан-жақты ашуға ұмтылдыру; 2) көркем шығарманы оқуға ынталандыру, ой-өрісін кеңейту, сөйлеу тілін байыту, тілін ұстарту; 3) оқушылардың өз бетімен ізденуіне, ой қорытуға, бір-бірінің пікірін құрметтеуге тәрбиелеу, адамгершілікке, имандылыққа баулу. **Көрнекілігі:** заңғар жазушының портреті, таратпа материалдар, таблицалар. **Әдісі:** жобалап оқыту технологиясы.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

Сәбит Мұқанов «Мұхтар Әуезов өзінің алғашқы әңгімелерімен-ақ қазақ прозасын еуропалық дәрежеге жеткізді» дейді. Сол замандағы қорғансыздар, кедейлер тағдыры, әділетсіздік, жауыздық, ел ішіндегі барымта, күндестік секілді сахара өмірінің шындық көрінісін көрсету, әділет, шындық іздеу, сол жолдағы адасу, кек қайтару сияқты Бақтығұлдың жанталасқан іс-әрекеті, психологиялық күй-жайлары – әңгіменің негізгі өзегі.

1. Кәнеки, балалар, енді әңгіме сюжетін тездетіп ескертүсіріп жіберейік.

Бөлім	Тақырыбы	Оқиғалар
I	Тектіғұлдың арманы.	1. Ауруға әкелген ауыр тағдырлар 2. Бауыр қайғысы.
II	Баурының кегін қууы.	1. Сәлменнің жылқысын ұрлауға аттануы. 2. Биені ұрлауы.
III	Қуғыншылар.	1. Биені сойып алуы. 2. Қуғыншылардың соңына түсуі. 3. Бақтығұлдың соққыға жығылуы.
IV	Батыр - аңғал.	1. Арқарды атып алуы. 2. Бәйбішеге тартқан сый. 3. Жарасбайға өтініш.
V	Адасу.	1. Жарасбайдың Бақтығұлды адал жолдан тайдыруы. 2. Жиілеген барымта.
VI	Сатқындық.	1. «Болыс болдым, мінеки.» 2. Сатқындық. 3. Билер кесімі.
VII	Қуғында.	1. Қашып құтылуы. 2. Қуғын.
VIII	Қайтқан кек.	1. Қараш-Қараш тауында. 2. Жарасбайдың өлтірілуі.

2. Дәл осы кейіпкерлер тағдырластарды жазушының қай шығармаларынан кездестірдік?

Әңгіме кейіпкерлерінің адами қасиеттерін іс-әрекеттері арқылы саралайық.

Реті	Кейіпкерлер	Іс-әрекеттер	Адами қасиеттер
1.	Тектіғұл	1. Бай малының соңында жүріп, қара дауыл суықта ауруға ұшырады. 2. Кескен теректей құласа да, кегін ойлап кетті.	Намысын өзінің өмірінен жоғары қойған.

2.	Бақтығұл.	1. Тектіғұлдың жайын ойлап күйзелуі 2. Кек қайтару жолында 3. Сәтсіз ұрлық 4. Арқарды атып алуы 5. Жарасбайдан пана іздеуі 6. Барымташы 7. Билер кесімі 8. Қашқын 9. Қараш-Қараш асуы 10. Жарасбайды өлтіру.	Бауырмал Намысшыл Кекшіл Қайратты Мерген Айла-тәсілі жетілген
3.	Сәлмен.	1. Тектіғұлды жауынды дауылда мал соңына салуы 2. Жазықсыз соққыға жықтыруы 3. Із шалып, ұрланған биені іздеп келуі 4. Бақтығұлды аяусыз соққыға жығуы	Мейірімсіз Малды адамнан артық көреді Қаныпезер, қатыгез
4.	Жарасбай	1. Бақтығұлды пайдалануы 2. Болыстыққа таласуы 3. Қаладағы сыбайластары 4. Жазықсыз жала жабуы 5. Барымтаға жұмсауы 6. Өзі қазған орға өзі түсуі	Есебі күшті Саясатқа бейім Айлакер Қанағатсыз «Көп асқанға – бір тосқан»

3. Венн диаграммасын толтыру

Бақтығұл, Тектіғұл және Сәлмен, Жарасбай бейнелерін салыстырып, айырмашылықтарын саралаңдар.

Бақтығұлдың іс-әрекетін бағаладық, мінез-құлқын текшедік, ендеше Бақтығұл бейнесінің моделін жасайық.



4. Әңгіме мәтінімен жұмыс

1. Автордың табиғат суретін кейіпкердің ішкі жан дүниесіне сай суреттеуі.

2. Талғар өзенінен өтер кездегі Бақтығұлдың ішкі сезімі қалай суреттелген? Талғар сайының пейзажын тауып оқы.

3. Талғар асуының көрінісін сурет етіп салу тапсырылған еді. Енді сол сурет бойынша жазылған өз суреттемелеріңді оқып жіберіңдер.

4. Бақтығұлдың бейнесін сомдауда жазушы қолданған көркем сөзге талдау жасаңдар.

5. Сыныпты екі топқа бөліп, әңгімедегі Бақтығұл тағдырына өз көзқарастарын байқау (дебат).

I топ 1) резолюция «Жаны таза, еңбегін даулаған Бақтығұл»

2) аргумент «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді»

II топ 1) резолюция «Ұрлық түбі – қорлық»

2) аргумент «Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер».

Оқушылар Бақтығұлдың іс-әрекетін талдап бағалайды.

6. Проблемалық сұрақтарды талдау

1. Бақтығұл неге ұрлық жасады? Ол інісінің кегін алушы ма, әлде ...

2. Бақтығұлдың ұрлыққа баруына кім, не кінәлі? Жаратылысынан жаны таза Бақтығұлдың соншама азғындауының себебі неде?

3. Қалай ойлайсындар, Бақтығұл кім? Ол байлардың құрбаны ма, қорғансыз сорлы ма, әлде кек қайтарушы ма?

4. Бақтығұл бейнесінің негізінде жатқан проблема туралы не айтар едің?

5. Бақтығұлдың орнында өзің болсаң не істер едің?

6. Жарасбайды өлтірген Бақтығұлдың әрекетінде қылмыстық іс бар ма?

7. «Қараш-Қараш оқиғасы» мен Шерхан Мұртазаның «Тұтқын бала» шығармасының байланысын табындар. Кейіпкерлердің іс-әрекетін зерделендер.

8. Сабакты қорытындылау.

Сонымен біз әңгімедегі кейіпкерлердің іс-әрекетін айқындап, өзіндік баға бердік. Заңғар жазушының көркем тіліне, композициялық шеберлігіне талдау жасадық. Бақтығұлдың азғындауына сол кезеңдегі қоғамның кінәлі екендігін дәлелдедік.

Бақтығұлдың прототипі – Рысқұл. Осы әңгіме желісімен 1968 жылы кино түсірілді. Бақтығұл бейнесін қырғыз әртісі Сүйменкүл Чокморов сомдады.

9. Оқушылардың жауаптарын бағалау.

10. Үйге тапсырма: Бақтығұл тағдырына байланысты модель-жоба жасау.



МӘШҲҮР ЖҮСІП – МАРЖАН СӨЗДІҢ МАРҚАСҚАСЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімдік** - оқушыларға Мәшһүр Жүсіп өмірі мен ақындық жолын, ұлттық әдебиетімізге жасаған қамқорлығын, ұстаздық жолын, өлеңдерінің мәнін ашып түсіндіру; **тәрбиелік** - оқушыларды елдікке, ынтымаққа, ұлттық құндылықтарды бағалауға баулу, туған тілін, әдебиетін сүйуге құштарландыру; **дамытушылық** - оқушылардың шығармашылығын, өздіктерінен ізденуін, танымдық дербестігін арттыру, өзіндік ой-пікірін еркін айтуға дағдыландыру, топта жұмыс істеуге төселдіру.

Міндеттері: 1) Мәшһүр Жүсіп өмірі мен шығармашылығынан алдын ала дайындалу технологиясы бойынша оқығандарын ортаға салады; 2) өз ойларын еркін айтып, бір-бірінің пікірін тыңдайды; 3) топтаса жұмыс істейді. **Түрі:** ізденіс сабағы. **Әдіс- тәсілдері:** сұрақ- жауап, түсіндіру, ұжымдық оқыту, салыстыру, талдау, ВЕНН диаграммасы, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, Мәшһүр Жүсіп суреті, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

Сынып оқушыларын топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Мәшһүр Жүсіп өмірінен, шығармашылығынан оқығандарын ортаға салғызу.

«Мәшһүр Жүсіп – маржан сөздің марқасқасы» атты сабағымызды бастаймыз (интерактивті тақтадан Мәшһүр Жүсіп суреті мен «Атымды Мәшһүр деген үш жүз білді, Дүниеде мұнан артық не табасың?» деген эпиграф сөз көрсетіліп тұрады).

Мәшһүр Жүсіп өмірі мен шығармашылығына шолу сұрақтар

1. Мәшһүр Жүсіптің туған жері, Мәшһүр атануы.
2. Жастайынан өлең-жырға құмарлығы.
3. Тырнақалды өлеңдерінің тақырыбы – ауыл думаны, тыныс-тіршілігі екендігі.
4. Он бес жасынан туған әдебиетке бет бұруы.
5. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы («Өмірбаян», «Ғылым-білім», «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар».)
6. Мәшһүр Жүсіп – халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры («Үлгілі сөз», «Бата», «Беташар», «Сыңсу», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Өтірік өлең», «Жақсылардың мысал сөзі», «Тақпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лиро-эпос», «Бөлтірік би», «Шоң би», «Сөз өзі не нәрсе?»).

«Жар-жардың» көне түрінен үзінді

Жігіттер:

- Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда болар, жар-жар.
«Әкем-ау» деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,
Әке орнына қайны атаң онда болар, жар-жар.

Қыздар:

- Жаздыгүні ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,

Құлын тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.

Қандай жақсы болса да қайын атам, жар-жар,

Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар.

7. Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларындағы ақын-жыраулар мұрасы. Бұқар жырау толғаулары.

2 слайд. (Ақын мұрасының I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X томындағы еңбектері).

3 слайд. Абай мен Мәшһүр шығармаларының үндестігі (Екі суреткердің өлеңдерінен алынған үзінді бойынша тақырып орайластығын, идея төркіндестігін салыстырып талдау).

Абай

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік,
Гу де гу.

Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң айтпа сөз.

Ұйықтап жатқан жүректі
ән оятар

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім
түртпек?

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.

Махаббатсыз - дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар.

Мәз болады болысың,
Арқадан ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп, орысың,
Шенді шекпен жапқанға.

Мәшһүр Жүсіп

Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.

Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,
Өзіңнің өз бойында болсын көзің.

Жатқанда тәтті ұйқыда қазақ халқы,
Айрылмай жақсы менен жаман нарқы,
Думада анық болды сайлау бары,
Құны асар артылғанның сонда шары.
Бәрі де бірауыздан болып жатыр,
Оянды бізден басқа халықтың бәрі.
Не болды, бақытым, ұйықтап қалып,
Оянып бір басыңды көтерсейші,
Шырадай ашылсын көзің жанып.

Махаббат - сәулесі зор, құдай нұры.

Тарту деп медаль, наград ала берді,
Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.
Пайдасын үрім-бұтақ ойламады,
Күйікте кейінгілер қала берді.

Шырадай ашылсын көзің жанып,
Қайда жеткен созғанмен қысқа қолың.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Жүректің көзі ашылса,
Хақтың түсер сәулесі.

4 слайд. Венн диаграммасы (Абай мен Мәшһүрдің ақындық ортақ қасиеттері, данышпандық, ұлылық жалғыздығын салыстырту).

5 слайд. Өленді буын санына, ұйқасына, бунағына қарай талдату.

Немене бұл күнгі хал ойлап тұрсақ,
Жақсы жоқ өз басынан пайдасы асқан!
«Анау артып, мен кейін қалам ба?» деп
Өзімен-өзі күншілдікпен құр таласқан.

6 слайд. Өлең тілінің көркемдігін дәлелдету.

Тау мен тас , ағаш пен шөп, көл мен өзен,
Түріндей текеметтің түр жаратты...

Қарғаларша жер шұқып қалып қалма,
Көп ішінде көзге түс қоңыр қаздай...

Түлеген акку құстың канатындай,
Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалған...

Сөйлеткен жастан Тәңірі илхам беріп,
Бұлбұлдай қызыл гүлді жүрмін теріп...

7 слайд. Мәшһүр атындағы Павлодар қаласындағы мешіт көрінісі.

8. Әр топтың «Мәшһүр Жүсіп – ауыз әдебиетінің қамқоршысы», «Мәшһүр Жүсіп - ұстаз», «Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы азаматтық сарын» эсселерін оқыту (Үйде дайындап келген).

Қорытынды. Ақынның «Үш көл», «Үш қазан», «Үш пышақ» сияқты көрегендікпен түйген ойларын ортаға салып, асыл сөзі халқымен бірге жасай беретіндігі айтылды.

ТАЛДАМАЛЫҚ МӘНІ БАР ТҮРЛІШЕ СЫЗБА

Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі түпкі мақсаты, басты ұстанымы – көркем шығарманың, яғни, түпнұсқаның өзінің айналымға түсуі, оқылуы, соған барынша көңіл бөлінуі. Біздің байқауымызша, оны оқытуға берілген сағат көп жағдайда сол шығарма туралы жазылған талдауларды баяндауға, соған қатысты жұмыстарға арналады да, түпнұсқа жайына қалады. Бұлай болуына оқыту үдерісінде негізгі арқа сүйенеріміз оқулықтың да үлесі зор. Мәселен, 9-сыныптан бастап оқулықта автор шығармасының өзі емес, оның талдаулары ғана берілген.


Егер әлдеқандай бір жаңа технология түпнұсқаны ысырып, естен шығарып, оның оқылуына, оқытылуына кері әсерін тигізетін болса, онда ондай технологияның барынан жоғы жақсы. Түпнұсқаны, яғни, көркем шығарманың өзін оқушының мән бере оқуына мұғалімнің ұйтқы бола білуі, ықпал жасауы, сол жолдағы ізденістері – қай кезеңде, қай қоғамда болмасын ескірмес жаңа технология және дәстүрлі озық технология болып қала бермек.

Әуелбек Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы» (А., «Мектеп», 1996) көлемді еңбегінің 44-бетінде «Талдау сабақтарының формаларына» қатысты «ғ. Графика тәсілі. Бұған өмірбаяндық, әдеби ағымдық, талдамалық мәні бар түрліше схема (Ерекшелеген – Р.С.), синхроникалық-салыстырмалы таблица, иллюстрациялық материалдарды табу, түрліше дәптер жұмыстары жатады» делінген екен. Ал әдіскерлер Қанзия Тасболатова мен Қапаш Тасболатұлы


«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында (1998 жылы №9-10) шыққан «Әдебиет пәнінде көрнекілік қолдану негіздері» атты мақаласында төрт түрлі көрнекілікке (1. Сөздік көрнекілік. 2. Заттық көрнекілік. 3. Сызбалы көрнекілік. 4. Суретті-түсіндірмелі көрнекілік) арнайы жеке-жеке тоқталады, сызбалы көрнекіліктің шартты түрде *схема, таблица, карта* екендігін де айтады.

«Талдамалық мәні бар түрліше схема» десек те, «сызбалы көрнекілік» десек те, қазірде көбірек айтылыққырап жүрген «тірек-схема», «тірек-сызба» десек те, қалай болғанмен де осы ыңғайда оқушының көлемді шығарманы қиналмай игеруі, еске сақтауы, сабақтың қызғылықты өтуі үшін жұмыстың мүмкіндігінше молырақ жүргізілгені, мұғалімдердің осы бағытта барынша ізденгені дұрыс.


Эпостық, лиро-эпостық жырларымыз – арысы сан ғасырлық («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.б.), берісі екі ғасырға жуық («Айман-Шолпан») жүріп өткен жолы бар әдеби, мәдени, тарихи мұрамыз. «Айман-Шолпан» жырының арнайы сағат бөлініп оқытылған кезінде төменде келтірілген тірек-сызбаны (талдамалық мәні бар түрліше сызбаны) сабаққа пайдаланған едік. Бұл күнде «Айман-Шолпан» жыры арнайы сағатпен бағдарламаға енгізілмеген, бірақ «7-сыныпқа арналған әдебиет оқулығына көмекші ретінде» (4-бет) құрастырылған кітапта (Әдебиет.Хрестоматия. А., «Атамұра», 2007) бар.



1.



2.




3.



60. Екі ай

4.



5.

Мыңжылдық

6.

Сызбаға аз-кем түсінік бере кетсек. 1.Шөмекейдегі асқа жақындау аралықтан «түйе мойнақ» сызбасымен қымызын («Саба артып тоғыз нарға») алып барған Маман бай және одан алыс жерден «Шай, қант пен тоғыз нарға тоқаш артып» келген Көтібар батыр. Расында, алыс жолға қымыздың шыдамайтындығы белгілі. 2.Олардың өз ауыл-аумағына ас беру біткеннен кейін кері қайтуы. 3.Көтібардың Маман байды шауып алуы, барымталауы. 4. Айманның 60 күнге дейін некесін қимау. 5. Әлібектің Көтібар ауылын шауып алуы, барымталауы. 6. Көтібар мен Маман байдың бір-біріне құда болуы. *Мыңжылдық* деген сөз «Күйеу жүзжылдық, құда мыңжылдық» деген мақалдан алынған.

Жыр мазмұнында Әлібектің тура Маман байдың ауылынан Көтібарға аттанғандығы айтылмаған, сондықтан *ауыл-аумақ* деген ұғым қолданылды.

Осындай негізде жинақтай «Ер Тарғын» жырына, нақты айтқанда «Тарғынның іс-әрекеті және оқиғалар» тақырыбына тірек-сызба жасап сабаққа қолдануға болады.

«Ер Тарғын» жыры бағдарлама бойынша 9-сыныпта оқытылады, сағат бөлінген. Алайда осы сыныптың «Қазақ әдебиеті: Хрестоматия» оқу құралында жырдың қажетті тұстары қысқартылып берілгендіктен түсініксіз болып қалған. Мысалы: «Онан Тарғын бұл қызды Ақшаханның Қанатты қара дейтұғын бір жорғасына мінгізіп алды да қашты» (67-бет). Осы оқиғаның алдындағы Ақжүніс пен Тарғынның кездесулері, Ақжүністі айттыруға кісі келгендігі, Ақжүністің Тарғынға өтініші айтылмағандықтан Тарғынның бұл әрекеті зорлық-зомбылық болып көрінеді. Тіпті қысқартылғанын айғақтайтын тыныс белгі (көп нүкте) де қойылмаған. Дұрыс ықшамдалмағаны өз алдына, сауатты шыққан оңды нұсқасы емес екендігі де байқалады, сондықтан мұғалімнің бұл нұсқаны тыныш тастап қойғаны жөн.

Ал сонда 9-сыныптың пән мұғалімі «Ер Тарғын» жырының оңды нұсқасын қайдан таба алады? 9-сыныптың пән мұғалімі «Ер Тарғын» жырының оңды нұсқасын 6-сыныптың «Әдебиет. Хрестоматия» оқу құралынан (Құрастырғандар: Кенжехан Ісләмжанұлы, Роза Баттал. 2-басылымы. А., «Атамұра», 2006) таба алады. Көп нүктенің (...) қойылуына қарап мұнда да ықшамдалудың бар екенін байқайсыз және оның орынды екендігі де аңғарылып тұр. Осы кітаптағы «Ер Тарғын» жырын мән бере оқыған әр қазақ баласының «Мен «Ер Тарғын» жырын білемін, оқығанмын» деп айтуына толық негіз бар. «Тарғынның іс-әрекеті және оқиғалар» тірек-сызбасын біз де осы нұсқаны басшылыққа алып дайындағанмызды айта кету керек.

Қырғыз халқы
Ханына қылмысты болу



Қонақ

Қырық сан қырым жұрты
40 хан, 40 мың мешіт

Ханның үлкені - Ақшахан
Қызы - Ақжүніс

Ханына қылмысты болу




Белгілі батыр

Еділдегі Орманбеттің
он сан ноғайы

10 хан




Біреуі - Ханзада хан
Мекені - Бұлғыртау



Он сан оймауыт
Тоғыз сан торғауыт
Хандары -
Олалай, Бұлалай



Шаған су бойындағы қалмақтар.
Домбауыл.
6000-дай кісі.

-  Әскери жорық, шабуыл
-  Елден кету, әскери жорықтан қайту, көшу
-  Соғыс

Тірек-сызбаға қысқаша түсінік. Оң жақ қатарда оюмен көмкеріле орналасқан – туысқан елдер, түркі тектес халықтар. Сол жақ қатарда олардың жаулары. Бес елдің аталуы жыр мазмұнында осылай. Халқына емес ханына қылмысты болған Ер Тарғын бір түркі елінен екіншісіне *қонақ* ретінде, үшіншісіне *белгілі батыр* ретінде қабылданады.

Талдамалық мәні бар түрліше сызба жыр мазмұнының жүйелі құрылымды түрде есте сақталуына негіз қалайды, сондай-ақ түпнұсқаның өзімен жұмыстануға, оны қызыға оқуына мол көмегін тигізеді деген де ойдамыз.



Бақыт КӘНТАЕВА,

Қызылорда облысы,

Жалағаш ауданының

Аққыр ауылындағы

№188 орта мектептің

мұғалімі.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ. «НАЙМАН-АНА»

(«Ғасырдан да ұзақ күн» романынан үзінді)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – әлем таныған жазушы жайлы мәлімет беру, ана құдіретіне, батырлығына бас ию, оқушы сезімін ояту; **дамытушылық** – шығармадан алған әсерлерін бүгінгі өмірмен салыстыруға икем дағдыларын дамыту, ой өрісін кеңейту; **тәрбиелік** – адамгершілікке,

аналарды құрмет тұтуға, ана тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді мақтан етуге, жаман әдеттерден аулақ болуға, мәңгүртiкпен күресуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: тірек-сызба, жазушы суреті, слайдтар, интерактивті тақта. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, ой-қозғау.


Пәнаралық байланыс: тарих, әдеп, бейнелеу пәні, экология.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру.

Сәлеметсіз бе, көк аспан! Сәлеметсіз бе, алтын Күн!
Сәлеметсіз бе, достарым! Сәлеметсіз бе, мұғалім! Сәлеметсіз бе, қонақтар!

- Балалар, енді орнымызға жайғасып отырайық.

II. Қызығушылығын ояту. Ана дегеніміз кім?



Біз бүгін түркі әлемінің мақтанышы, әлем әдебиетінің алыбы, қырғыз халқының біртуар перзенті – Шыңғыс Айтматовтың «Найман-Ана» шығармасымен танысамыз.

III. Жаңа сабақ.

Оқушы нені білу керек?

1. Тақырыптың «Найман-Ана» аталу себебі.
2. Найман- Ана кім?
3. Әке кегін алу үшін ұлы Жоламанның соғысқа аттануы.
4. Жоламанның басынан өткен қиыншылықтары.
5. Жоламанның мәңгүрт болуы.
6. Ананың басынан өткен күндері.
7. Найман еліне саудагерлердің келіп мәңгүрттің хабарын айтуы.
8. Ананың баласын іздеп шығуы, кездесуі.

9. Баласының Ананы өлтіруі.

10. Ана-Бейітін халық неге қасиет тұтқандығы.

Тақырыптың «Найман-Ана» аталуы. Жерін басып алған жаулардан құтылу оңай емес. Ел есінде найманның бір әйелі сұмдық халге ұлының ұшырағанына шыдамаған.

«Найман-Ана» кім? «Найман-Ана» орта жүздің беделді, белгілі Дөненбай деген кісінің әйелі, Жоламанның анасы.

Әке кегін алу үшін ұлы Жоламанның соғысқа аттануы. Жуан-жуандармен соғыста Дөненбай қайтыс болады. Кейін әкесінің кегін алмаққа келесі жорыққа ұлы Жоламан аттанды. Осы шайқаста Жоламан ат үстінде жараланып жоғалып кетеді, не аты, не өлігі келмеді.

Жоламанның басынан өткен қиыншылықтары. Ананың көмусіз қалған ұлы сүйекке таңба болды. Осы қайғы ананы қатты жүдетті. Саудагерлердің мәңгүртті көргені жайлы хабар ананы бейжай қалдырмады.

Жоламанның басына кепеш кигізіп айуандық азаппен ақыл-есінен айырады. Мойнына ағаш мойынтұрық кигізіп қояды. Тұтқын басын жерге жеткізе алмауы керек. Шақырайған күннің астына, айдалаға ассыз, сусыз апарып тастайды.

Басқа көн қаптау деген – осы.

Жоламанның мәңгүрт болуы.

Дүниедегі жаза біткеннің сұмдығы – адамды ақыл-есінен айыру, ақыл-ой – адамның жалғыз қазынасы. Осы адамның асыл қазынасына қорқаулық жасап, зұлымдықтың ең бір сорақысы мәңгүртке айналдырады.

Найман-Ананың басынан өткен күндері. Ананың басына құлазыған жалғыздық орнады. Қайғының қалың нуында аңырап қалды. Қайғысын бөлісетін ешкім болмады.

Найман еліне саудагерлердің келіп мәңгүрттің хабарын айтуы. Найман еліне келген саудагерлер түйеші мәңгүртті көргенін айтады. Түрі сап-сау, ал сөйлессең кеше

туған бала сияқты. Байғұс не өзінің атын, не әке-шешесінің атын, туған ел- жұртын, руын да білмейді.

Найман-Ананың баласын іздеп шығуы, кездесуі. Сол хабардан соң Найман-Ана Сарыөзекке барып әлгі мәңгүрт түйешіні тауып, өз баласы емес екеніне көзі жеткенше жаны жай таппайтынын ұқты. Сөйтіп ана жүйрік ақ інгенге мініп жолға шықты. Қолында ұзын таяғы бар, үстіне қоржын артқан мініс түйесі жетегінде сабалақ тұмағын баса киіп тұрған баласы екендігін танығанда түйе үстінен қалай аунап түскендігін білмей қалды. Бірақ ол танымады. Ана жылай берді, зарлай берді, ұлына әсері болмады.

Баласының Найман-Ананы өлтіруі. Екінші күні ана тағатсыздана үмітпен тағы келді. Атын сұрады. «Атым Мәңгүрт» деді. Ана «Сенің атың – Жоламан, әкеңнің аты – Дөненбай, руың – найман, мен – сенің анаңмын, анаңмын» деп зарлай берді, ұлы оны ұқпады. Соңғы үмітімен баласына келе жатқанда баласы атып жіберді. Аяусыз ажал оғы осылай тиді.

Ана-Бейітін халық неге қасиет тұтқандығы. Ұлы үшін өлімге де жанын қиған Найман-Ана сүйегі қойылған жер «Сарыөзектің Ана-Бейіт мазары» деп аталып кетті.

IV. Оқулықпен жұмыс. Тапсырмалар.

№1. Найман-Ана бейнесін көз алдарына келтіріп, суретін салып көріңдер.

№2. Мәңгүрт ұлын іздеп келе жатқан ананың психологиялық күйін мәтіннен тауып оқыңдар.

№3. Найман-Ана қандай сұмдыққа лағнет айтты, мәтіннен тауып оқыңдар.

№4. Біздің бүгінгі өмір-тіршілігімізде мәңгүрттер бар ма? Олардың Жоламанмен ұқсастығы және айырмашылығы қандай?

V. Сабақты бекіту. Кім көп біледі?

Найман-Ана аталу себебі. Найман-Ана кім? Соғысқа

Жоламан не үшін аттанды? Жоламан қандай қиындықтарға ұшырады? Ол қалай мәңгүрт құлға айналды? Ана қандай азап тартты? Ешкім бармаған тәуекелге қалай барды? Баласын тапқандағы ананың сезімі қалай болды? Анасын бала неге өлтірді? Халқымыз Ана-Бейітті неге дәріптеген?

Тұлғаны танып біл.

Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов.

- Кәне, балалар, анаға деген ризашылығымызды білдірейік.

«Ана, мен саған ризамын, мені дүниеге әкелгенің үшін».

«Ана, мен саған ризамын,»

VI. Қорытынды:

Анаң саған керек болса, балаға да сен керек,

Кезекпенен ауысатын ғұмыр ғой бұл дөңгелек.

Ана керек! О, адамдар, ана керек адамға,

Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.

Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,

Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

Төлеген Айбергенов.

VII. Оқушыларды бағалау.

VIII. Үйге тапсырма.

1. «Найман-Ана» әңгімесінің композициялық құрылысына талдау жасау.

2. Жазушы қолданған көркемдік әдістерді табу.

3. Эссе жазу: «Адамзат, мәңгүрттіктен сақтан».



ШӘКӘРІМНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Шәкәрімнің өмірін өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық дастанынан үзінділер оқыту арқылы таныту, Абай мектебінің шәкірті екендігімен оқушыларды таныстыру және шығармаларының сюжеттік негізі мен тақырыптық аясы, көркемдік ерекшелігіне талдау, танымдық, тәрбиелік мәнін ашу; **дамытушылығы** – ақын шығармаларын оқу, оны баяндай білуге қабілеттерін дамыту, оның танымдық мәнін игеруге машықтандыру; **тәрбиелік** – Шәкәрім шығармаларын оқыту арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру, отаншылдық сезімін ояту, ұлтымыздың ұлыларының еліне еткен еңбегінен үлгі алуға икемдеу, ұлттық сана, ұлттық намысты қалыптастыру.

Типі: жаңа тақырыпты меңгерту.

Әдісі: эвристикалық сұрақтар, баяндау әдісі, СТО стратегиялары. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Көрнекілігі:** Абай, Шәкәрім суреттері, тірек-кесте, интерактивті тақта, кітап бұрышы, буклеттер, электронды оқулық.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Оқытушының кіріспе сөзі

«Шәкәрім – шалқыған ақыл-парасаттың ақыны, пәлсапашыл, ойшыл қаламгер» деген Мұзафар Әлімбаевтың сөзі төңірегінде әңгіме қозғалды. Бүгінгі сабақтың мақсатын түсіндіру.

1. Өздеріңіз сыныптан тыс оқыған Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» ғұмырлық дастаны бойынша өміріне шолу жасаймыз.

2. Ақынның әр жанрда қалам тартқанын әр түрлі шығармаларынан үзінді оқу арқылы көз жеткіземіз.

3. Қай елдің әдебиеті, мәдениетімен таныс болғанынан хабардар боламыз.

4. Интерактивті тақтадағы өмірдерек кестені бүгінгі алған білімдеріңіз бойынша толтырасыздар.

Жаңа тақырыпты меңгеру немесе мағынаны тану.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Мерзімі	Өмірінен мәлімет	Шығармалары
1858 ж. 11 шілде	Семей облысы, Шыңғыс тауының бөктерінде дүниеге келген.	
1856 ж.	Жеті жасында өлең сөзге бейімделеді.	
1878 ж.	Болыс болып ел басқарады.	
1905-1906 ж.	Шәкәрім ел, жер тану сапарымен араб, түрік, Еуропа елдерін аралауға шығады. Қажылық сапар шегеді, Меккеге барады.	
1908 ж.	Шәкәрім жалғыз өзі Саятқора деген қыстауға қоныс аударады.	
1911 ж.		«Түрік, қазақ, қырғыз хәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» кітабы Орынборда басылды.
1912 ж.		«Қазақ айнасы» өлеңдер жинағы Семейде басылды.
1888 ж.		«Қалқаман-Мамыр»
1891 ж.		«Еңлік-Кебек»
1931 ж.	Қайтыс болды.	

Танымдық

Халық мұңы, арманы, заман адамы	Ағартушылық, гуманистік идея	Философиялық, педагогикалық, психологиялық ой-жүйесі	Жастық, махаббат тақырыбы	Дін, иелері туралы
«Қазақтың жаманы болмас», «Өкінішті өмір», Еріншек», «Ызақорлар», «Адамдық борышың», т.б.	«Насихат», «Талап пен ақыл», «Ашу мен ынсап», «Мен кетемін», «Ақ жүрек», «От жүрек», «Мал жимақ».	«Анадан алғаш туғанымда», «Мақтау мен сөгіс», «Ызақорлар», «Шаруа мен ынсап», т.б.	«Жастық туралы», «Шынсырым», «Жастарға», т.б.	«Шыннан артық құдай жоқ», «Тура жолда қайғы тұрмас», т.б.

Шәкәрім – өнеге, өсиетке, дана пікірге толы азаматтық парасатпен жазылған кең құлашты, беделді, өрнекті жырлардың авторы, шебер суреткер, талғампаз әрі мөлдір әуезді нәзік лирик, терең өрісті эпик ақын, тарихи романдар жазған. Ғалым-сыншы 19 жасынан қазақ шежіресін жинап жаза бастаған.

Шәкәрім – Шығыс, Батыстың адамзат әдебиетінің ірі өкілдерін халқына таратушы, дарынды аудармашы, жүрегінен, көңілінен сиқырлы әуендер төгілген, 20-дан астам ән шығарған композитор.

Қазақ әдебиетінде шәкәрімтанудың негізін салып, іргесін қалаған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ойшыл қайраткерлер Шәкәрімнің қазақ поэзиясын жаңа сатыға көтеруші екендігін жан-жақты дәлелдеп, ақын поэзиясының ерекшеліктерін, дүниетанымының күрделілігін анықтады. Әлихан Бөкейхан Шәкәрімнің адам, қоғам, дін мәселелеріне ерекше назар аударғандығын алғаш тілге тиек еткен.

Топпен жұмыс. Оқушылар бес топқа бөлінеді, іздену сұрақтары беріледі. Ақынның лирикалық шығармаларында

халық мұңы, арманы, мұраты, замана адамы, оның басын баулаушы, адамзатпен мұңдасуы, сырласуы, адамды бақытқа, жақсылыққа жеткізуге ұмтылысы жырланады. Өлеңдеріндегі өсиет, ақылдарынан азаматтық үнді, Абайға үндестікті сезінеміз. Оқушыларға ақынның бірнеше өлеңдерін оқытып, ізденіс сұрақтарын береміз.

I топ. 1. «Ақындарға» өлеңі оқылғанда Абайдың қандай өлеңдері есімізге түседі?

2. Шәкәрім мен Абай өлеңдерінен ұқсас келетін шумақтарды табыңыздар.

3. Заман адамдарының қандай типтік мінездері сынға алынды?

II топ. 1. Қазақ жастарын оқыту мәселесіне қатысты қандай ұсыныстар жасайды?

2. Оқытып тәрбиелеуге қай халықтың өнерін, салтын өнеге тұтты?

3. Ақын мұрасындағы ерекше тақырып не?

III топ. 1. «Адамның артында қалар ең үлкен қазына – игі іс, ең мұрат – ұрпақ жалғастығы» деген сөзін қалай түсінесің?

2. Абай мен Шәкәрімнің қазақ жұртын өнер-білімге тартуды мақсат тұтқан өлеңдеріндегі ұқсастықты ата.

3. «Әркімнің сіңірген еңбегіне қарай сыйла» (ойтолғау).

IV топ. 1. Шәкәрімнің махаббат қуанышына арналған «Шын сырым» өлеңінен үзінді оқы, түсінік айт.

2. Махаббат шуағын мадақтаған, жастық қызығын дәріптеген қандай ақындарды білесің, үзінді оқы.

3. Ақынның дінге сенімі, Құдайдың құлы болуға үндеуі, берік пікірі, діннен шыққандарға, дінді бұзып өз пайдасына бұзушыларға, азғын дін иелеріне өткір сын айтуы.

V топ. 1. Дүмше молдалардың оқуын қалай сынайды?

2. «Алдау-арбаумен күн өткізген молда мешітте мың жыл отырса да пейіштің есігінен сығалай алмайды» деген сөзін

калай түсінесің?

3. Міржақып пен Шәкәрімнің дін туралы көзқарастарын салыстыр, өлеңдерінен мысал келтір.

Ой қорыту. Сонымен біз бүгінгі сабақта Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен өлең сөз құдіретімен таныстық. Ақын өлеңдері қайрат пен жігерге толы, ұлттық намыс пен сана сезімді оятуымен құнды туынды екендігін түсіндік.

Үйге тапсырма. 1. Хронологиялық сызба толтыру. 2. Шәкәрім мен Абайдың ұстанған жолдарындағы ұқсастық пен айырмашылықты дәптерге жазу. 3. Шығарма жазуға дайындалып келу.



Тұрсынай ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ,

Шәкен Айманов атындағы

қазақ гимназия

мектебінің мұғалімі.

Павлодар облысы,

Баянауыл ауданы.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ. «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінде Мұхтар Әуезовтің әділетсіздікті әшкерелеуі; Бақтығұл сияқты еңбекші, адал да намысты азаматтың тағдыр соққысына қарсы тұрған өр тұлғасын шынайы сүйіспеншілікпен суреттеуін көрсету арқылы әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыру; сахналық көрініс арқылы оқушылардың шеберліктерін дамыту.

Көрнекілігі: Мұхтар Әуезовтің, Тұрар Рысқұловтың суреті, шығармалары, әр оқушының алдына жазылған таблицалар.

Әдісі: сот сабағы, сахналық көрініс.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

Жаңа сабақ.

«Қараш – Қараш оқиғасын» жете талдап,

Ашық сабақ өткіземіз біздер арнап.

Көріңіздер тоқтатып басқа шаруаны,

Риза болсын Мұхтар, Тұрар аруағы!

Сабақтың тақырыбы, мақсаты баяндалады. Бұл повесті 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының №5 санында (қазіргі «Қазақстан мектебі») жарияланған. 1960 жылы жеке кітап болып басылып шыққан.

Бұл шығарма орыс жазушысы Алексей Пантилеевтің аударуымен 1961 жылы «Дружба народов» журналында жарық көрген.

Луи Арагон француз тілінде жариялаған.

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебесі» 5 кітаптан тұрады. 1982 жылғы 14 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» газетінде Шерхан Мұртаза «Рысқұл» – көркем туындылар кейіпкері» атты мақала берген.

Сөз жүргізушіге беріледі.

Қатысушылар: 1. Айыпкер Бақтығұл. 2. Куәгерлер. 3. Қатша. 4. Сәлмен бай. 5. Сәт. 6. Ораз. 7. Қоқыш. 8. Тарихшы.

1-оқушы: - Қараш-Қараш туралы түсінік.

Қараш-Қараш айналадағы қоршаған тасты тақыр биіктер, қарағайлы жүндес жоталар, шошақ үш салаға бөлінеді. Бас Қараш, орта Қараш, аяқ Қараш, осы адырлы биіктері тегіс «Қараш-Қараш» деп аталады. Осы Қараштың суы ағатын құздың тоғайлы ағашының астында жатып тығылған Бақтығұл керек кісісін әбден көріп, белгілеп алады. Демін

ішіне алып, Қалыштай жас тоқалын ұзатып алып келе жатқан белгілі зор, жуан денелі болыстың қызыл күрең жүзінде бақыттының шегіне жеткен ырзалық жұбаныш сәулесі бар сияқты. Сол уақытта асығып тұрған саусақ жіңішке суық темірді нығыздап қысып қалғанда, қарғыс оғы гүрс етті. Денелі болыс шіреніп барып шалқасынан құлап түсті.

2-оқушы: - Денесі талай заманнан тұқыртып басып жүрген дерт пен ызадан бір сәттің ішінде құлан таза сауығып айыққандай болды. Сергіп, көтеріліп ойнақшығандай, жолшыбай өзін танымайтын бір жалғыз аттыға «Мен бүгін бір бұғы атып келемін» деп мұрт астынан жымыып өте береді.

Бүгін сол Жарасбай, тарихта Саймасай Үшкемпіровты өлтіріп атып өлтірген Бақтығұл өмірде Рысқұл еді.

Хабарлаушы: - Тұрыңыздар, сот келеді! Алғашқы сөз айыптаушыға беріледі.

Айыптаушы (Іс жайы баяндалады.)

Келесі сөз қорғаушыға беріледі

Куәгерлер. Сөз Қоқышқа беріледі.

(Әр ойнаушы өз кезегінде сөз алып, сот үдерісіне қатысады).

Қатша: - Әке-шешесі қалың сүзектен қатар төсек тартып жығылып, араларына екі күн салмай, әуелі шеше, артынан әке өлді. Содан он алты жасар Бақтығұл он жасар Тектіғұлды біресе қолынан жетектеп, біресе шаршағанда арқалап алып ер жеткізгенде, он алты жасынан отыз алты жасына дейін жиырма жыл Сәлменнің жылқысын баққанда үстіне бір жылы киім киді ме? Оның үстіне інісі Тектіғұлды өлтіріп отырып қуарғырлар, соққысы мен мазағына ұшыратып, дертке шалдықтырса, тым құрыса қалжа да бермеді ғой!

Сот жүргізіледі.

(Сәлмен бай мен Сәт сөз алады).

Қорғаушы: - Бүрген болысындағы малды-басты жуан

ауылға екеуі бірдей малай боп, өзі қой бақты, он жасар інісі қозыға салынды. Содан, міне, тап былтырғы өткен күзге дейін табандатқан жиырма жыл бойында Бақтығұл да, інісі Тектіғұл да Қозыбақ ауылындағы Сәлмен дейтін сотқар байдың малайы болды. Есесін алуды да білген емес. Еңбегін жегені бірсәрі, Тектіғұлдың таяқ жеуі. Одан інісіне ара түскен Бақтығұл да байдың соққысына ұшырайды. Тектіғұлдың өлімі. Сәлменнің зорлығы мен сотқарлығы, кедейлік, жоқшылық Бақтығұлды боз бие олжалауға, ұрлық жасауға итермелейді. Сәлмен бастаған қуғыншылар іздеп келіп Бақтығұлды соққыға жығады. Кедейдің көзіне көк шыбын үймелетпекші болып өшігіп кетеді. «Енді кімге арқа тұтып, кімге паналар екем?» дегенде Бақтығұлдың есіне Жарасбай болыс түсті. Бұл болыс ғана емес әрі бай, ұлыққа беделді, саудасы да бар. Сөйтіп сенген болысы барымтаға жұмсап қылмысқа итерді. Ақырында «Саған келген пәле менікі» деген Жарасбай өзге болыстармен ауыз жаласып, Бақтығұлды «ұры» деп ұстап берді. Болыстың бұл зұлымдығына қатты күйінді, сатқын Жарасбайдан кек алуға бекінді. Ақыры озбыр болыстың оған жасаған қиянаты, соңғы кездегі тағылық, қашқын өмірі Бақтығұлға дегенін істетіп тынды. Болыс оққа ұшты. Бар болғаны—осы.

Сот үкімі оқылады. *(Тарихтағы шындық бойынша).*

Сабақтың соңында тарихшы сөз алады. *(Зерттеу бойынша).*

Қорыту. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін айтып шығады.

Сабақ бағалау парағы арқылы бағаланды.



Марат БЕКБОСЫНОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
«Абайтану» ғылыми-зерттеу
орталығының аға ғылыми
қызметкері, ф.ғ.к.

ДУЛАТ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дулат шығармашылығына қатысты кеңестік әдебиеттануда теріс көзқарастардың қалыптасуына ақынның бүкіл әдеби мұрасының отарлық езгіге қарсы бағытталуы мен ұлттық тәуелсіз мемлекетті қалпына келтіруге шақырған күрескер поэзиясы себеп болды. Неге десеңіз, тоталитарлық әккі саясат қауызындағы “Совет мәдениеті мен әдебиеті дегеніміз – түрі ұлттық, мазмұны социалистік, рухы интернационалистік құбылыс” деген қағида кеңес кезеңіндегі ақын-жазушылар шығармашылығын былай қойып, социализм елесі де тумаған ХІХ ғасыр әдебиетінің тарихын зерттеу мәселесінде де көлденең тартылды. Біріншіден, кез келген ұлттың өзіне тән мәдениеті бар, мұны коммунистерше түрі ұлттық десек те, мазмұнын социалистік деу – ағаттық. Өйткені қай ұлт мәдениеті мен әдебиетінің болса да түп мазмұны адамзат мәдениетінің биік нысаны – гуманизмге қызмет ету, яғни, адамдық асыл қасиеттер, әділет пен ар ісін насихаттау деген сөз. Сондықтан да Дулат дүниетанымы әлеуметтік таптар мүдделеріне, олардың өзара қайшылықтарын суреттеуге негізделеген таптық әдебиеттен анағұрлым биік тұр. Ол – адамды қасиеттеуші гуманист, адам бойындағы пенделік кеселдің кез келгені оның жанына инедей қадалады. Сол себепті де ақын өз кейіпкері атынан:

Күнәм жойқын, тәубем аз,

Тіршіліктен не таптым?

Дүние жемтік, мен төбет,

Соны бақпай, не бақтым?

Ырылдасып әркіммен,

Не қапқыздым, не қаптым [1.63],- дейді. Дулат өлеңдерінен интернационалистік рух іздеудің өзі – ерсі. Елі үшін “ұйқы беріп, қайғы алған” ақын халықтың елдігін аяққа таптап, жұртты ұлттық танымнан айырып, отаршыл ел мүддесіне сәйкес құлдық ұру рухындағы идеология мен әкімшілік саясат жүргізіп отырған елге қалайша достық ниетпен қарамақ? Қайта:

«Батыстан патша түнегі

Жеріңе келіп түнеді.

Жоныңнан таспа тіледі,

Ішіңе әбден кіреді,

Оны Дулат біледі [1.26]», - деуі орынды емес пе?!

Ақиқатына келсек, “интернационализм” деген таптық тұрғыдағы термин – коммунистердің ойдан шығарған атауы. Тілімізде мұның таптық ұғымды емес, адамзаттың бауырмалдығы деген мәндегі баламасы бар. Ол – ақжүректік. Дулат шығармашылығы – тұтастай әділет іздеген ақжүректіктің айнасы. Оның анықтығына Шаһкәрім қажының “Ақ жүрек дегеніміз “ұждан (әмма жанға махаббат, шапағат, ғәділет)” қазақша тәмәм адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қуу. Ұлтының келешегін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу – ақ жүрек (ұждан) ісі” [2] деген сөзіне Дулат өлеңдерінің сай келуі дәлел. Мәселен, “Тымсал өлеңінде” ақын былай дейді:

Бекзаданың белгісі –

Қиянатқа баспайды,

Өзі түгіл, басқаны

Жақсылыққа бастайды [1. 103].

Дулаттың әдеби мұрасын зерттеуге кері әсері болған осы

айтылған жайдан өзге де қате, кемшіліктер әдебиет тарихында орын алды. Сондықтан Дулат ақын шығармашылығын отарлық сарын аясында қарастыру барысында бұл кемшіліктерді ақын өлеңдері негізінде терістеу қажет.

Бұл орайда, ең алдымен, отарлау тарихын кезең-кезеңге бөліп алып, сол кезеңдердегі саяси-әлеуметтік жағдай тудырған көркем шығармалардағы басты сарынды ұғынып, соның негізінде әдебиет өкілдері шығармаларындағы әдеби байланыстарды ашудың орнына оларға әр түрлі ат қойып, айдар тағу пайда болды. Содан келіп, Дулаттың:

Әбілмансұр хан болды:

Хан болмады қазаққа,

Ағарып атқан таң болды...

Абылай туы жығылды,

Қабырғаң, қазақ, сығылды.

Үріккен қойдай біріңе

*Бірің келіп тығылды*ң [1.48,49],- деген өлеңіндегі негізгі ой “қармайтын тал қалмай, тереңге сүңгіген” халқын “толқынды теңіз заманнан” “туған жерді көксетер, халықта сөнбес сыр күшті” ояту арқылы ел болуға шақырған ойы – ескілікті аңсау, кертартпалық деп бағаланды.

Екінші, саяси-әлеуметтік жағдай тудырған көркем шығармаларды отарлаудың тарихымен бірлікте алып, ақын өлеңдеріндегі сарынды басты белгі ретінде ұстанбаудан келіп, оларға кейінгі заман тұрғысынан саяси, әдеби әділетсіз баға берілді. Бұл жайлы дарынды ғалым, марқұм Құлмат Өмірәлиев “Біздің міндет – Дулаттың тарихтың ауыр жолында жүріп жасаған рухани дүниесін өз қалпында тарихпен байланыста алып бағалау керек. Бұл әдеби мұраның ұрпаққа толық жетуі, олардың өлмейтін мұра болуына емес, сол мұраны өлтірмейтін ұрпақтың болуына байланысты” [3.10,11] деген. Бұл жерде мәселенің басты түйіні – мынау. Патша өкіметінің осы кездегі отарлау саясаты алдаудан күш көрсетуге көшкен, қазақтың шұрайлы жерін тапа-тал түсте ашықтан-ашық тар-

Сандықтас” деген өлеңінде:

Ой, Сандықтас, Сандықтас –

Атамның қонған жайлауы!..

Мынау азған заманда

Сөзіңнің кетіп байлауы,

Келелі биде кезек жоқ,

Қоритын болыс сайлауы.

Қаларсың бір күн, Сандықтас,

Құлан жортпас бел болып,

Самалың салқын соғатын

Сары ызғырық жел болып [4.82], - деп суреттейді. Ол кезде патша әкімдерін айтпағанда, қазақ жеріне көшіп келіп жатқан қоныстанушылардың өздері де жергілікті халыққа жирене қараған. Олар өздерінің орыс ұлықтарынан қолдау көріп, ең шұрайлы жерге ие болып, қазақтан тартып алынған үй-жай, қора-қопсы, мал-мүлікті әкелерінен қалған ырыстай иемденді. Олар таптық жікке бөлінсе, XIX ғасырдың аяғына қарай ғана бөлінді. Сонда да отарлық пиғылдан түбегейлі арылған жоқ. Сол себепті қандай заман, қандай елде болсын отарлық езгі жағдайында бұғауға түскен елдің бүкіл ой-пікірі ел-жұрт төңірегінде отарлық езгіге қарсы бағытталады. Мұны қазақта “Кемедегінің жаны бір” немесе “Қанына тартпағанның қары сынсын” дейді. Сондықтан да “Дулаттар – отаршылдық езгіге түскен халықтың ұлттық ар-ұжданы” [4.26] болған ақындар.

Үшінші, XIX ғасырдағы әдебиетті екі кезеңге бөлудің түп төркіні отарлық саясатты кеңес дәуірінде одан әрі жүргізу болып табылады. Бұл саясаттың көздегені – жасанды түрде жазба әдебиетті әдеби тілге қатыстыру арқылы қазақ әдеби тілінен Абайға дейінгі отарлық езгіні ашына түйреген Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты ақындарды аластау, түптеп келгенде қазақ халқын орыстарға қосылғанға дейін әдеби тілі болмаған жабайы жұрт етіп көрсету. Осыған орай күні кеше-

ге дейін әдеби тілге “Қалыптасқан жазба нормасы бар жалпы халықтық тілдің өңделген түрі” [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I том. А., 1974, 571-б.] деген анықтама беріліп келді. Осыдан барып В.В.Виноградов, Р.А.Будагов, В.Л.Левин, А.Н.Горшков, Ы.П.Филин сияқты орыс ғалымдарының “Жазусыз әдеби тіл болуы мүмкін емес” деген қағидалары әдебиетте берік орнығып, оны қазақ тілші ғалымдарының бірқатары туғып көтеріп әкетті. Мысалы, І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев “Әдеби тіл ең әуелі жазуға сүйенеді. Жазу стилінсіз әдеби тіл болмақ емес” [Қазіргі қазақ тілі. А., 1962, 100-б.] дейді. Міне, мұндай пікірдің шыққан көзінің түпниетін дәл болжаған Мұхтар Әуезов: “Қазақтың әдеби тілін Абайдан басталады дейтін тілшілерге дау айтамыз. Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостарындағы, ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы шебер, көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Бұхар, Махамбет, Дулаттарда қазақ әдеби тілінің үлгі өрнектері жоқ деуге бола ма?” [Қазақ әдеби тілі туралы || Әдебиет және искусство, 1951, №4] деген.

Дулат өлеңдерінің ХІХ ғасырдағы қазақ әдеби тілінің нағыз мөлдір бұлағы екендігін дәлелдеу үшін бірер шығармаларын мысалға алып қарастырайық.

*Сөзім бар да, көзім жоқ,
Көзім жоқ деп жатпадым:
Би мен бекті жақтадым,
Бай, мырзаны мақтадым,
Бәйбішенің мойнына
Жырдан алқа таққаным.
Өсек болды баққаным,
Момынға құрған қақпаным.
Өсекші – тәңірі дұшпаны,
Күнәмді қалай ақтадым?!
Аз нәрсеге ант ішіп,
Аруақты аттадым.*

Қылмыстыны қызықтап,

Маңдайынан сипадым,

Қабағынан қақпадым.

Бәріне мен кіріптар,

Қайсысы менің тапқаным?! [1.62].

Осы өлеңде қаншалықты ащы мысқыл, салмақты ой, сөзбен келістіріп тұрып салған сурет, ақындық шеберлік бар десеңізші!

Саудагер сарттай қайтты өмір,

Құмар ойнап ұтылған [1.62],- деген суретті сөздерге көңіл бөліңізші. Өзі беттің арын бес төгіп, жұртты алдап-арбап, өмір бойы арамдық сауып жиған қазынасын бір сәтте ұтқызған сарттың ұсқыны арқылы арман-аңсарына жете алмай, тірлікте тапқан жан олжасынан гөрі өкініші көп, заман жүгі жүрегін жеген ел қамқорының күйін беруде қандай шебер қолданған!

Жалпы Дулат жөнінде, оның заманындағы ел билеу жүйесі жөнінде алғашқы тарихи деректер Құрбанғали Халидтің “Тауарих хамса (бес тарих)” атты еңбегінде кездеседі. Осы кітапта автор Аякөз дуанында 1833-68 жылдар аралығында аға сұлтандық ел билеу жүйесі өмір сүргендігін, осы кезеңде Аякөз дуанын басқарған аға сұлтандар жайлы айта келіп, Барақ сұлтанды (Кітапта Барақ батыр ибн Солтабай төре хан деп жазылған), «Батыр, өнерлі, ақын, шежіреші, ел ішінде беделді адам болды» деп суреттейді. Кітапта “Ол кезде әр хан, сұлтан жанында сол кездегі оқиғаларды тізе айтатын шежіреші ақындары болған. Барақтың осындай кісісін ел Дулат дейтін, мен де талай онымен бірге болғам” [А., 1992, 153,154-б.] деп жазады.

Дулат өз өлеңдерін оқушысы жоқтың қасы, тыңдаушысы мол болғандықтан ауызша айтып, біразын жазбаша жазып шығарған. Ол – бір жағы жырау, бір жағы ақын. Бірақ Дулаттың жыраулықтан гөрі ақындығы басым, өйткені отарлық езгінің өршіген кезінде жалпыдан жалқыға, кеңнен

нақтылыққа ойысу қажет болды. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында Дулат Бабатайұлы патша өкіметінің отарлық езгі саясатының астарын ашып айтып, оның ел ішіндегі жексұрын жемісі “борсық тұмсық, қанды ауыз ұлық болған, қазақтан шыққан кәпірдің” образын бірде іс-әрекет, қимыл үстінде бейнелесе, бірде кейіпкерінің өз сиқын оның монологы түрінде өзіне әшкерелетіп суреттеген. Осындай заман адамының кескін-кейпін сөз шебері “Әуелгі қазақ деген ғарып жұрт» сияқты жыраулық дәстүрдегі жыр үлгісімен берілген туындыларының өзінде де ақындық нақтылықпен қозғалыс, әрекет үстінде көрсеткен қалпын көреміз. Мұндай өлеңдер қатарына Дулаттың “Ер шөгіп, есер ер жетті”, “Дүние – жемтік, мен – төбет», “Май, май дейсің, май дейсің» сияқты көптеген туындыларын жатқызуға болады. Дулаттың ақындық қарымының осындай жаңашылдық сипатын Қанипаш Мәдібай “Дулат – зар заман әдебиеті өкілі делінеді. Солай болғанымен де зар заман әдебиетінің негізінде зар заман сарыны жатқанымен, Дулат өлеңі Шортанбай, Мұрат өлеңінен өзгешелік сипат айырмасы көп өлең. Ол айырма – ең алдымен өлеңнің көркемдік сапасындағы нақтылық: поэзия тіліндегі өзгеше қуат-күш. Яғни, ақынның өлең жасау әдісіндегі өзгешелік, аса сауаттылық. Дулат өлеңі өмірді сырттан бағалаушы, сырттан тамсанушы, баяндап, мазмұндап шығушы емес. Сол өмірдің ішіне еніп, сырын сезіп, соны өзгеге сезінтіп, өзгеше айқындықпен құбылтып өрнектеген өлең. Жыр қуатын, сөз қуатын, құдіреттің өзіне сыйлаған өнер күшін ақын ғажап сезінеді. Дулат сол заман билеген адамға; оның мінезіне жақын келіп, іштен алып отырып сөйлейді. Жалпыны жасап, туғызып отырған жалқының өзін ашады. “Сүлейменге», “Кеңесбайға», “Бараққа» өлеңдеріндегі сарын өз тұстастарындағы жалпыдан гөрі Абай сынаған, Абай кейіптеген ел мінезіне жақын” [Кітапта: Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. I том. А., 2001, 273-б.] деп ақын шеберлігін баса жазып, тап басып таныған.

Дулаттың көп қолданған өлең өлшемі – тирадальик (шоғырлы) құрылымды өлеңдер, яғни, әр шумақтың соңғы тармағы келесі шумақтың соңғы тармағымен ұйқасып, әр шоғырлы шумақтағы ой ағымы келесі шумақтарда өрістеп отырады.

*Ақылыңмен теңгеріп,
Қайратыңа дем беріп,
Өзіңді өзің меңгеріп,
Қайырудағы сұңқардай
Мезгілімен жем беріп,
Қымтап ұста тізгінді.
Анадан да сақ болып,
Тарпаң атқа мінгендей
Алдыңа бесік өңгеріп,
Мақсатыңа сүйтіп жет.
Тыңдамасаң сөзімді,
Келеке қылма өзімді.
Мұнар шалса көзіңді,
Маңайыма жолама,
Жанжал танау, талақ бет! [1.68].*

Мұндай өлең өрнегі Дулаттың көлемді эпикалық туындыларында да кездесіп отырады. Жалпы ақын шығармашылығының басым көпшілігі осы үрдіспен жазылған.

Кез келген өнер иесінің өзіндік стилі, тіл байлығы, образдарды сомдау мен болмысты бейнелеуде жеке ақындық тіл қолданысы болады десек, Дулат Бабатайұлы поэзиясында да өзіндік қалыптанған өлең өрнегінің бары анық. Олай болса «Абай өлеңдерінің баспасында, көшірме қолжазбаларда кеткен текстологиялық қателердің көпшілігін түпкі нұсқасына келтіруге ақын шығармасының өзіне тән ерекшеліктері жетекші бола алады. Ерекше көркемдік түрмен терең идеялық мазмұны қабысып жатқан Абай өлеңдерінің “бөтен сөзбен былғанып” тұрған жері болса, зер салып үңіле қараған адам айнытпай табады” [5.9] деген абайтанушы ғалым Қайым

Мұқаметхановтың бұл сөзін Дулат мұрасын тану мен танытуда да мықтап ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д.Бабатайұлы. Тұнық тұма. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (1-кітап); Дулат жырау тағылымы: сын-зерттеу, көзқарастар (2-кітап). Құр.: Қ.Раев. А., 2002.
2. Шәкәрім. Ұлтшылдық туралы // Абай, 1992 ж., №2.
3. Қ.Өмірәлиев. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. А., 1983.
4. Д.Бабатайұлы. Замана сазы (өлеңдер мен дастандар). Құр.: Қ.Өмірәлиев. А., 1991.
5. Қ.Мұқаметханов. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Алматы, 1959.



Береке ЖҰМАҚАЕВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университетінің доценті, п.ғ.к.

ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ТАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

Орта буын сыныптардан бастап әдеби-теориялық білім қалыптастырыла бастайды. Лирикалық шығармаларды оқыту барысында қалыптастырылатын алғашқы әдеби-теориялық түсінік - лирикалық қаһарман ұғымы. Осыған дейін оқыған шығармаларда оқушы көбіне көркем шығарма мазмұнын автор өмірінің нақпа-нақ көшірмесі ретінде түсініп, шығармадағы оқиға желісін немесе айтылатын ойды реалды болмыспен тікелей қатыстыра бағаласа,

ендігі жерде оқушы білімі авторлық таным, идея, авторлық ұстаным, лирикалық қаһарман ұғымдарымен толығып, көркем шығарма идеялардың көркем әлемі екендігіне көз жеткізеді. Лирикалық қаһарман–шығарма субъектісі. Оның қаһарман, мүдделері мен ой-қиялдары, сезім-күйлері автор болмысының жамылғысы ретінде танылатын тұстары болғанымен, оның үнемі жанды көшірмесі ретінде көрініс таба бермейтінін ұғынады. Мысалы: Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» поэмасында «Мен – бала», «Мен – жігіт» деген бөлімдегі ойлар ақын тұлғасынан ел адамы, қазақ халқы ұғымымен қатар келіп, жалпылық мағына береді. Авторлық «мен» кейде жалқылық мағынада, кейде жалпылық мәнде қолданыс таба алады. Мәселен, Жұбан Молдағалиевтің «Мен - қазақпын мың өліп, мың тірілген» деуі немесе Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?» өлеңіндегі «Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген, Желдеркесі – желдің жөнін кім сұрар?» деген жолдар ақынның өз болмысын танытудан жалпылық мағынаға көбірек жақын, яғни, ақынның «мені» – көптің, нақтылай айтқанда, тұтас бір елдің болмысы, халық сипаты.

«Бар адамды бір адамның жанының қуанышымен қуантып, қайғысымен қайғыртар, шаттығына бөлеп, үмітімен тыныстатар, құлағымен естіртіп, тілімен сөйлетер» (В.Белинский) лирикалық қаһарман бейнесін тану – автор болмысына жақындау деген сөз, ол өз кезегінде авторлық ұстанымды түсінуге жетелейді. Себебі «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке мені туралы айтса, жалпы жұрт туралы, бүкіл адам туралы айтқаны: өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән күллі қасиеттің бәрі бар».

Лирикалық шығармаларды оқытудағы ең басты әдіс-тәсіл–шығарманы көркем қабылдауды ұйымдастыру. Лирикалық шығарманы оқытуда көркем қабылдау аса

маңызды. Лирикалық шығарманың көлемі жағынан шағын болуы да оны мәнерлеп оқу арқылы қабылдауға мүмкіндік туғызады. Лирикалық шығарманың өзіндік ерекшелігі де оның шумақпен, бунақпен, ырғақпен өрілуінде болса, сабақтың алғашқы сәтінен бастап оқушы тыңдау арқылы осы ерекшелігіне сәйкес көркем қабылдауы қажет етіледі. Дауыс қарқыны, үн үйлесімі, сөздерге түсірілетін екпін, логикалық, психологиялық кідірістер – барлығы да көркем мәтінді тыңдаушысына мағыналы жеткізудің жәрдемшілері болып табылады. Өлең мәтіні тыңдалғаннан кейін оқушы зерделей отырып қайталап оқуы да маңызды. Тыңдау арқылы қабылдау мен көру арқылы қабылдау сияқты қабылдаудың қос арнасын қатар пайдалану оқушы ерекшелігін ескеріп, қабылдау мүмкіндігін арттыру міндетінен туындайды.

Қандай шығарма болса да оны талдаудың орны ерекше. Лирикалық шығармаларды оқыту әдістемесінде әдіскерлер арасында әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Соның бірі – өлеңді тұтас қабылдау үшін оны бұтарлап талдау орынсыз дейтін ой. Әрине, өлеңді бөлшектеу, әр шумақтағы ақын ойын сипаттап жеткізу, түсіндіру, мазмұндау – ескі күннің еншісінде қалған әдістер. Ал талдауға келетін болсақ, талдау – мазмұнды айқындаудың, көркем сөздің қолданысын танудың, сөз астарына үңілу арқылы терең ойды, шығарма болмысын, автор табиғатын танудың бірден бір айқын жолы. Лирикалық шығарманы талдау қашан да маңызды. Тек талдауды неден бастап, қалай жүзеге асыру – аса үлкен жауапкершілік пен тиімді әдісті керек ететін оқу үдерісінің жауапты кезеңі. Мектеп бағдарламасындағы поэзиялық шығармалар – алуан тақырыпта. Шығарма тақырыбын айқындау аса күрделі болмағанымен, кейбір поэзиялық мәтіндер тақырыптық ерекшелігі жете ескерілмей мектеп бағдарламасына енгізілгені байқалады (бұл арнайы қарастырылатын мәселе). Тақырыпты айқындауда көркем

шығарманың көп тақырыптылығы да назардан тыс қалмауы керек. Ал шығарма идеясын айқындау—бірнеше кезеңді қамтитын үдеріс. Талдауда күрделі сөздер мен қолданыстардың басын ашып айқындау мағынаны танудың алғашқы баспалдақтары болып есептеледі.

Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңі 5-сыныпта оқытылады. Атауы айтып тұрғандай, жылдың бір мезгіліндегі таң пейзажы берілетін бұл өлең өзінің көркемдігі, жанды суретімен, танымдық сипатымен ерекшеленеді. Өлеңнің бірінші шумақтарынан бастап кездесетін «түскенде әуе жерге», «қырық күн шілде», «қысқа түн қымқырылды», «бәйек болып», «жасық шық», «мелдегінен нұрға қалқып», «көлбедеп...жердің буы», «өлеусіреп түсі қашқан», «ыңыранып қой қотанда», «әптиек» сияқты мағынасын анықтап, өлең мәтініндегі жұмсалыу мақсатын айқындайтын сөз қолданыстары бар.

Әдістеме ғылымында көркем мәтінге түсініктеме бере отырып оқу, талдап оқу сияқты әдіс-тәсілдер бұрыннан белгілі. Көркем мәтіндегі түсініксіз сөздер мен ұғымдарды саралаудың да көптеген жолдары бар. Әдіс-тәсілді таңдау оқушының, сыныптың жағдайына байланысты анықталатыны да белгілі. Әрине, үнемі мұғалімнің белсенділігі ақпараттың қабылдануы мен оқушы зейінінде берік орнауына тиімді әсер ете бермейді. Кез келген ақпаратқа оқушы ынтамен, қажеттілікпен келгенде ғана ол есте берік бекиді. Сол себепті де күрделі ұғымдарды тауып, оларға түсініктеме беруді оқушыларды қызықтыратын, ынталандыратын ойын түрінде жүргізген тиімді болар еді.

«Қырық күн шілде» деген ұғым нені білдіреді? Неліктен 40 күн деген сөз қолданысы берілген?» деген сұрақ арқылы сөз тіркесінің мағынасын ашу немесе «Мелдегінен келу» деген сөз мағынасы нені білдіреді? «Шық» деген не? Неліктен *шық жасық* эпитетімен берілген? Тағы қандай

шық түрі болуы мүмкін? Ол қолданыстардың жыл мезгіліне қатысы қандай?» деген сұрақтар да өлеңнің идеясын түсінуге көмектеседі. Шілде айының таңы қаншалықты жылы болса, күн сәулесі білінер-білінбесте буға айналатын шық та – жып-жылы жасық. «Жасық шық» шілденің таңының ерекшелігін айқындайтын деталь ретінде де талдауға қажетті тілдік құрал болып табылады.

Көркем сөз образдарына талдау да сабақтың аса маңызды сәті болып есептеледі. Әдетте, көркем образды сөздер эстетикалық мақсатта талданады. Ал көркем образдардың, айшықты сөздердің өлеңге, идеяға қызметін айқындау талдауды әлдеқайда мазмұнды етеді. «Шілде» өлеңі кейіптеулердің көркем бейнесімен ерекшеленеді: жарық күнге «Кел, шық» деп иек қағатын таң», «таңды мақтап ән салған сансыз торғай» оған «бас иіп бәйек болады», «күннің жүзі күлімдеп», «суда тұрған барлық қамыс би билеп», т.б.

«Мақтанып қара түнде нұрын шашқан

Айдың да өлеусіреп түсі қашқан.

Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң

Бірі жоқ, тамам жұлдыз бетін басқан» деген бір шумақ тұтастай кейіптеу арқылы көркем образ жасайды. «Қара түн» мен «сұлу күн» ұғымдары қарама қарсы қойылып антитезалық мәнге ие болады.

Өлеңде «қысқа түн», «көк майса», «асыл шөп», «жасық шық» сияқты эпитеттер мен «жауһардай», «айнадай» теңеулері қолданылған. «Жиылып жатыр сонда біткен бала» – «Бала біткен сонда жиылып жатыр» деген қалыпты сөйлемнің өлең шумағындағы ұйқасқа қарай инверсияланған түрі.

Өлеңде кейіптеулермен берген әр көріністі жеке алып қарап, оны суреттеп тұрған бейнелі сөздерге үңілу, көз алдарына елестету лирикалық шығармадан қалыптастырылатын эстетикалық тәрбиені асыра түседі. Өлеңдегі әр сөздің

шағынасы мен мәтіндегі қызметі анықталғаннан кейін тұтас оқу көркем қабылдауға әсер етеді. Сонымен қатар өлеңнің композициялық құрылымына зер салу да өлең мәтінін тұтас қабылдауға ерекше ықпал етеді. Әдетте мектепте шағын көлемді лирикалық шығармаларға жоспар жасалмайды. Ал айтар ойы күрделі немесе пейзаж, портрет түрінде берілетін өлеңдерді композициялық құрылысына талдаған абзал. Аталмыш өлеңде таң сібірлеп біліне бастағаннан күн шығар мезгілге дейінгі уақыт өлшеміндегі көз көрер кеңістік суреттелген. Өлең композициясының жоспары

1. Түннің қымқырылуы. 2. Таң білінуі. 3. Таң бозындағы торғайлар әні. 4. Таң желіне тербелген көк майса. 5. Шығар күнге көңілі шаттанған көк жүзі. 6. Құсы шулап, қамысы тербелген айнадай көл. 7. Жұлдызы жарқырар түнгі шырайынан айрылған ай. 8. Маңайға бірте-бірте жайылып келе жатқан таңның ағы. 9. Ауыл маңындағы өріске бет алған ірі қара мал. 10. Күзетші иттері енді тыным алған қотандағы қой. 11. Ұйқыдан енді оянған ауыл қарттарының таңғы әрекеттері. 12. Ауылдан оқшау орналасқан қараша үй. 13. Оған жиыла бастаған шәкірт-балалар. 14. Алғашқы күн шапағы. 15. Оған шаттанған ой мен қыр.

Өлеңнің композициясына қатысты жоспар жасату оқушылардың ойды жүйелеу машықтарының қалыптасуына жәрдем етеді. Шығарма композициясы бір-біріне ұқсамайтын даралығымен ерекшеленеді. Сондықтан әр шығарманы композициялық құрылымына талдау оқушылардың шығармашылық жұмысқа шыңдалуына көп септігін тигізеді.

Лирикалық шығармаларды тақырыптарының, құрылысы мен идеяларының ортақтығына қатысты салыстыра талдау да тәжірибеде қолданылып жүр. Мәселен, Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңін Абайдың «Жазғытұры» өлеңімен немесе Иса Байзақовтың «Жазғы кеш» өлеңімен салыстыра талдауға болады. Кейде ұқсас шығармалар салыстыра талданылса,

кейбір жағдайда айырмашылықтары ерекшелене түсетін қарама-қарсы мәндегі тақырыптар мен идеялар салыстырыла талданады.

Жыраулар поэзиясынан оқылатын бір өлеңге жүргізілген талдау бойынша да композициялық құрылымды тұтас байқап көрейік.

Өлеңнің атауы: «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту». Авторы: Үмбетей жырау. **Жанры:** Арнау (Сұрай арнау арқылы естірту). **Тақырыбы:** Адам ғұмыры. Өткінші өмір. Жазмыш. **Құрылысы:** 7-8 буынды, екі бунақты, аралас ұйқас. **Композициялық құрылымы:** *1-9 бөлімдер қайғылы хабарды естіртуге тыңдаушысын психологиялық жағынан даярлау*

1. Кіріспе. 2. Абылайдың жас күні, тектілігі. 3. Жігіт шағы, ерлігі. 4. Хан болғаны, абыройы. 5. Тұтқындағы тапқырлығы. 6. Батыр билердің хандықтың абыройын асқақтатуы. 7. Ел басына түскен қиындық. 8. Батырлардың ерлік істері. 9. «Дүние кезек, Абылай» шығармасының өзекті ойы. 10. Қайғылы қазаны естірту. 11. Қайғыға басу айту. 12. Бата-тілек.

Көркем айшықтары.

Теңеулер: *Дөмпеш таудай басы үлкен; Бөгембайдай жас берсін; Бөгембай сынды батырдың.*

Риторикалық сұрақ: *Ұмыттың ба соны, Абылай?*

Идеясы: Қайғылы қазаны естірту, ханды сабырға шақыру.

Болашаққа сенім ұялату.

Орта буын сыныптарда лирикалық шығармаларды мазмұнды оқыту оқушылардың әдебиет әлеміне енуіне, көркем өнер табиғатына етене жақын болуына жол ашады. Көркем сөз әлеміне бой алдырып, құмарта елтитін бірден-бір кезең осы жас шамасы десек артық айтқандық болмас. Осы кезең әдебиетті өміріне азық, жанына серік етерлік оқушының таңдауы түсетін сәт деп таныған абзал.

Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары ретінде ұсынарымыз: 1) лирикалық шығарманы көркем қабылдауды ұйымдастыру; 2) лирикалық өлеңге танығарғақты сезіндіру; 3) буын, бунақ, шумақ, ұйқасқа мән беру; 4) өлеңді мәнерлеп оқу дағды-машығын қалыптастыру; 5) лирикалық шығарманың танымдық, тақырыптық, сезіммен көңіл-күй табиғатына, тәрбиелік бағытына, басқа да ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді жүйелеу; 6) көркем сөзге, автордың ой-толғанысына оқушылардың эмпатиялық, гедонистік сезімдері мен көркем-концептуалдық, эстетикалық, танымдық көзқарастарының қалыптасып орнығуына ықпал ету; 7) оқушылардың өлең мәтінімен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.

Өлең мәтінімен атқарылатын жұмыстарды да әр тақырып өз ерекшелігіне қарай қажет етеді. Жалпы алғанда, лирикалық шығармаларға жүргізілетін ортақ талдау бағыттары мыналар: 1) жанрын анықтау; 2) көтерген тақырыбын анықтау; 3) күрделі сөздер мен ұғымдарды саралау; 4) өлеңнің құрылысына талдау; 5) өлеңнің синтаксистік жүйесінде өрілген негізгі түйінді ой, тірек сөздерді саралап жүйелеу; 6) өлеңнің композициялық құрылымына қарай талдау (жоспар құру немесе схема, сызба арқылы жіктеу); 7) өлеңнің көркем сөз айшықтарына талдау (троп пен фигураның түрлеріне қатысты саралау); 8) өлеңнің идеясын айқындау; 9) шығармадан көрінетін автор әлемін, ұстанымын айқындау.

Лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдарымен талдау бағыттарын басшылыққа ала отырып таным үдерісін шығармашылық деңгейге тиімді ұластыруға болады. Сол арқылы мазмұнды білім, білік, дағды-машық, шығармашылық ынта қалыптастырылады.



Баян АЙТҚАЛИЕВА,
Тоғас батыр
орта мектебінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
«Ойшілік» ауылы.

«ҚОЛДАНБАЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ» КУРСЫ

(Жалпы орта білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныпқа арналған бағдарлама)

Мақсаты: бүгінгі заман талабына сай мемлекеттік тілді дамыту, маңыздылығы мен қажеттілігін арттыруды негізге ала отырып сөйлеу мәдениеті жоғары, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айта білетін қазақ шешендік өнеріне баулу, жаһандану үрдісінде ұлттық қасиетімізді, ұлттық тіліміздің құдіретін танытатын дәрежеде болатын ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеті: шешендік өнердің тарихын білу, шешендік үлгіде сөз саптай білу, тілдің бейнелік, әсерлі құралдарын пайдалана білу, барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметін арттыру.

Бағдарлама құрылымы мынадай бөліктерден тұрады: оқу материалының мазмұны мен құрылымы, тақырыптық жоспарлау үлгісі, оқушының дайындығына қойылатын талаптар.

Курс – аптасына 1 сағаттан, жалпы – 34 сағат.

Оқу материалының тақырыптық жоспарлау үлгісі

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Шешендік өнер және тіл мәдениеті	9
2	Шешендік өнердің тілдік сипаты	7
3	Сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнердің байланысы	10
4	Шешендік өнер және тілдің коммуникативтік қызметі	8
	Барлығы:	34 сағат

Ізденушілік сипаты: мектеп бағдарламасында қарастырылмаған материалды оқушылардың ізденімпаздықпен тауып, қарап, толықтырып өз білімін байыта алуы; ауызша, жазбаша жұмыстарды орындау, күрделілігі әр түрлі тақырыптар арқылы оқушылар әр түрлі іс-әрекет тәсілдерімен, сондай-ақ теориялық материалды оқып үйрену кезінде дедукциялық және индукциялық қорытындылар жасауы, пікірлесу, көрініс, мақала және т.б. іс-әрекет түрлерімен қаруландыру.

Түсінік хат

Қоғамдағы саяси-экономикалық өзгерістер, қалыптасып жатқан жаңа экономикалық жүйе мектептердегі оқыту-тәрбиелеу жұмысын өзгертуді талап етеді. Сондықтан білім беру жүйесінде жүргізілген реформалар негізінде елімізде мектептер үш сатылы болып қайта құрылды. Мектептің бастауыш сатысы 1-4-сынып, негізгі сатысы 5-9-сынып болса, мектептің соңғы сатысы—бағдарлы мектеп. Бағдарлы мектеп үш салаға сараланады: қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, кәсіптік. Сабақтастық тұрғысынан қарағанда, бұл саты – бүкіл мектептегі алған білімінің қортындыланатын кезеңі. Бұл білімнің білікке ұласар тұсы. Тілді оқытудың нәтижесінде қазақ тілінің коммуникативтік қызметінің жан-жақты көрінер кезі де – осы бағдарлы мектеп сатысы. Осы негізде қоғамдық-

гуманитарлық бағыттағы 10-сыныпқа «Қолданбалы қазақ тілі» курсы бағдарламасының оқытылуының маңызы бар деп ойлаймын.

Білім берудің бағдарлы сатысында бұл бағдарламаны оқытудың мақсаты ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің коммуникативтік, экспрессивтік қызметін жүйелі меңгерген, қазақ халқының рухани құндылықтарын бойына сіңірген, ана тілінде өз ойын сауатты еркін жеткізе білетін, сөйлеу мәдениеті жоғары, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айта алатын ұрпақ тәрбиелеу болмақ.

Бағдарлама екі түрлі бағытқа негізделген. Бірінші бағытта — қазақ тілінің коммуникативтік қызметі, қоғамдық мәні, шешендік өнердің тарихы туралы теориялық білімдерін қалыптастыру. Қазақтың атақты би-шешендері және олардың шешендік сөз өнеріне басым назар аударылады.

Екінші бағытта оқушының ауызша, жазбаша тілін дамыту, ана тіліне деген қызығушылығын арттыру, практикалық тұрғыда жазба жұмыстарына және пікірталас түрлеріне де жете көңіл бөлінген. Мәнерлі сөйлеу, тіл мәдениеті, публицистикалық стильдің тілдік белгілері мен стильдік бедері, әдебиет теориясы (әңгіме, мақала, т.б) жан-жақты қарастырылған.

Бағдарлама жасауда білім мазмұнын ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды таныту, әдеби білімнің жүйелілігі мен үзіліссіздігі, сабақтас-тығы және пәнаралық, пәнішілік байланыс сияқты ұстанымдар басшылыққа алынды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Серік Негимов. Шешендік өнер. А., «Ана тілі», 1997;
- 2) Балтабай Адамбаев. Шешендік сөздер. А., 1984;
- 3) Зейнолла Қабдолов. Сөз өнері. А., 1983;
- 4) Мәулен Балақаев. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. А., 1965;
- 5) Әсет

Болғанбаев. Қазақ тілінің синонимдік сөздігі. А., 1975; 6) Балтабай Адамбаев. Халық даналығы. А., «Мектеп», 1976; 7) Балтабай Адамбаев. Қазақтың шешендік өнері. А., «Ана тілі», 2006; 8) Мейірхан Ақдәулетұлы, Герольд Бельгер. Әйтеке би А., «Атамұра», 1998; 9) Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. А., 1998; 10) Сұлтанғали Садырбаев. «Қазақ халық әдебиеті». А., «Рауан», 1984; 11) Аян Нысаналы. Үш пайғамбар. А., «Дәуір», 1992.

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Пәнаралық байланыс	Пайдаланатын материалдар	Сабақ түрі, әдіс-тәсілі	Сабақтың көрнекілігі
I.1.	Шешендік өнер және тіл мәдениеті,	1		Әдебиет,	«Қазақ тілі мен әдебиеті» №4, 2000. «Халық даналығы». Балтабай Адамбаев.	Жаңа тақырыпты таныстыру, түсіндіру.	Лекция, таблица.
2	Шешендік өнердің тарихы.	1		Тарих. Қазақ ауыз әдебиеті.	Серік Негимов. «Шешендік өнер».	Жұмыс дәптері. СТО.	Альбом, баяндама.

3	Қазақ шешендік өнері.	1		Та-рих.	«Қазақ әдебиеті» № 4, 1993.	СТО. Іздену, сұрақ-жауап.	Рефе-рат.
4	Қазақ тарихындағы ұлы шешендер мен билер.	1		Әде-биет, та-рих.	Б. Адамбаев. Халық даналығы. А. Нысаналы. «Үш пай-ғамбар».	Сұрақ-жауап, түсін-діру. СТО.	Сурет-тер, аль-бом.
5	Осы өңірден шыққан би-шешендер.	1		Өлке тану, әде-биет.	«Ақсуат өңірінің ұлы адамдары туралы тарихи деректер». А, 2005.	Пы-сық-тау, ізде-ніс, сұрақ-жауап.	Сурет-тер, слайд-тар, рефе-рат, баян-дама.
6	Қазақ шешендік өнерінің ерекшелік-тері.	1		Қазақ ауыз әде-биеті.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» №6, 1991.	Жаңа сабақ-ты мең-герту, салыс-тыру.	Сурет-тер, рефе-рат.
7	Қазақ прозасы және шешендік өнер.	1		Әде-биет.	М.Әуезов. «Абай жолы». Ж. Аймауытов. Ақбілек.	Сипат-тау, салыс-тыру.	Аль-бом, ширма.
8	Шешендік өнер арқылы шығарма-шылыққа баулу.	1		Әде-биет.	«Жұлдыз», 1990 №12.	Ша-ғын көрі-ніс әзір-леу.	Мақа-ла, жұ-мыс дәп-тері.

9	«Аталар сөзі – ақылдың көзі».	1			«Семей таңы», 05.05. 1991ж.	Шығ. жұм. «Мектепте, қоғамдық орындарда дұрыс сөйлей білеміз бе?» (пікірталас).	Баяндама, слайд, альбом.
Ш.І.	Шешендік өнердің тілдік сипаты.	1		Қазақ тілі, әдебиет.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» №2, №9, 2000.	Жаңа тақырыпты таныстыру.	
2	Қазақ шешендік өнерінің афоризмдік сипаты.	1		Әдебиет, қазақ тілі.	«Қазақ тілі мен әдебиеті».	СТО. Іздену.	Кәртiшке, кесте.
3	Қазақ шешендік өнері тіліндегі синонимдік қолданыстар.	1		Қазақ тілі, әдебиет.	«Қазақ тілі мен әдебиеті» Ә. Болғанбаев «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі».	Сипаттау, талдау.	Кәртiшке, кесте.
4	Қазақ шешендік өнер тіліндегі антонимдік қолданыстар.	1		Әдебиет, қазақ тілі.		Сұрақ-жауап, түсіндіру, сұрау.	Кәртiшке.

5	Қазақ шешендік өнерінің дыбыстық қайталанулары.	1		Әдебиет, қазақ тілі.	«Қазақ тілі мен әдебиеті», № 6, 1991.	Пысықтау.	Жұмыс дәптері, тест.
6	Шешендік өнердегі риторикалық сұрақ, оның мәні.			Әдебиет, қазақ тілі.		Жаңа тақырыпты таныстыру.	
7	Журналистика және қазақ шешендік өнері.	1		Әдебиет.		Шығ. жұм.: «Қазақ тілі, тіл тағзалығы, тіл өнері» жөнінде хабар дайындау («Дөңгелек үстел»).	Слайдтар.
Ш. 1	Сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнердің байланысы.	1		Қазақ тілі.	С.Негимов. «Шешендік өнер». «Қазақ тілі мен әдебиеті», №11, 2005.		
2	Сөйлеу мәдениетін жетілдіруде шешендік сөздің ықпалы.	1		Әдебиет.	М. Балақаев. «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері».	Жаңа тақырыпты меңгерту, пікір сайыс.	

3	Шешендік сөздің ұлттық мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудағы орны.	1		Психология, әдеп.		Сұрақ-жауап, сахналық көрініс.	Кәртiшке.
4	Сөз саптау ұғымы және шешендік өнер.	1		Әдебиет, қазақ тілі.	«Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2006.	Пікір-сайыс.	
5	Шешендік өнерді меңгерту жолдары.	1		Қазақ тілі,	С.Негимов. «Шешендік өнер».	Түсіндіру, сұрақ-жауап.	Кесте.
6	Шешеннің сыртқы түр мәдениеті.	1			Б. Адамбаев. «Халық даналығы».	Жана сабақты таныстыру.	
7	Билер сөзінің бейнелілік сипаты.	1		Әдебиет.	С.Негимов. «Шешендік өнер».	Пікір-сайыс.	
8	Сөйлеу үстінде адамның өзін ұстау мәдениеті.	1		Әдебиет.		Пікір-талас.	
9	Ауызша сөйлеу мәдениеті.	1		Әдебиет.		Пікір алмасу.	
10	Шығармашылық жұмыс: реферат, сұрақ-тапсырмалар, тест.	1		Әдебиет, қазақ тілі.		Сұрақ-жауап, СТО.	Тест, кәртiшке.

IV.1	Шешендік өнер және тілдің коммуникативтік қызметі.	1		Әдебиет.	С.Негимов. «Шешендік өнер». «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12,2002.	Жаңа тақырыпты таныстыру, жұмыс дәптері.
2	«Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» қандай бәсекеде көрінеді?	1				Пікірталас.
3	«Тіл бар жерде ұлт бар».	1				Ойталқы.
4	«Адалдық деген не?»	1		Әдебиет.		Пікір алмасу.
5	«Қазақстанның болашағы – менің болашағым».	1				Сұрақ-жауап, әңгімелеу, шығарма.
6	«Сөйлей білу – үлкен өнер»	1		Әдебиет.		Сахналық көрініс, пікірсайыс.
7	Шығармашылық жұмыс: сұрақ-тапсырмалар, тест (қорытынды, білімді қорғау сабағы).	1			Тест. «Шешендік өнер».	Сайыс, зияткерлік ойын.
8	Қорытынды сабақ. Қорытындылау, жинақтау.	1				Мектепте шығатын газетке мақала беру.



Алмагүл АХМАДИЕВА,
№29 «Алғабас» мектебінің
мұғалімі.

Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
Нығмет Нұрмақов ауылы.

ҚАЗАҚ САНАСЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

*(Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығына орай өтілетін
онкүндіктің жоспары)*

I. Ахмет Байтұрсынұлы өмірбаянын таныстыру.

II. Шығармаларын мәнерлеп оқу.

III. Атадан қалған қазыналар.

IV. Мысалдары бойынша мәнерлеп оқу.

V. Көріністер көрсету.

VI. Ақын шығармаларына сай суреттер көрмесі.

VII. Ахаңның тіл мен әдебиетке қосқан үлесі.

VIII. Ахаң және «Қазақ» газеті.

IX. Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда болған.

X. Қорытынды кеш.

Ахаң туралы кешті бұрынғы жылдары өткізген едім.
«Қазақстан мектебі» журналы мен «Бес арыс» кітабын
пайдаландым. Темірбек Қожекеевтің еңбегін (191-204-б.)
көрініске айналдырдым.

Жүргізуші: - Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Сіздерді
«Қазақ санасының шамшырағы» атты онкүндігіміздің
қорытынды кешін тамашалауға шақырамыз.

1. Жалғыз ауыз жақсы жырды саф алтынға балаған,
Сөзің балдай, өзің таудай жан екенсің, ағажан!

Қасиреттен түсті басым тауқыметті тағдырың,

Қасиетті өз орныңды алдың бүгін арадан.

2. Кезде сол ғасыр беті жаңа ашылған
Бұл қазақ кемдік көрген жанашырдан.
«Алашым, ұйқыңды аш» деп ұран салды
Бір арыс ел бағы үшін жаратылған.
Жат пиғыл тоқтамасын, жасқамасын,
Алаштың оқытсам деп жас баласын
Қайрат қып қаруымен, қаламымен
Қайыспай соқты тауға, тасқа басын.

3. Ахаң боп түн түнегін жара көктеп
Сөйледі «Қазақ», «Айқап», «Жаңа мектеп»,
«Ей, болашақ, қалдырма өз көшіңнен,
Менің момын халқымды ала кет» деп.
Көз жасы бодандықтан жиі ағатын
Күнді аңсап қазақ есін жиі алатын.
Кетті әке ақ патшаның тепкісінде,
Бұл көрді қызыл қоғам қиянатын.

Көрініс: Ташкент қаласындағы Қырғыз-Қазақ институтында Ахмет Байтұрсынұлымен кездесу.

Автор: - 1922 жылы, тамыз айы. Ташкент қаласының Қырғыз-Қазақ институтының айналасы халыққа толы. Қазақ халқының қаламы жүйрік, алты алашқа әйгілі, атақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлы келеді. Қонақтарды жылы қабылдаған туысқан ортасында Ахаң өте көңілді отырды. Қонақ күтуші – Серікбай Ахаев.

Серікбай: - Қадірменді қауым! Мына жиын Ахаң, Ахаңның келуіне арналып отыр. Түркістан азаматтары атынан пікір білдіру үшін сөзді Иемберген Табынбаевқа ұсынамын.

Иемберген: - Әлеумет, бәріміздің де қошемет қылып, құрмет етіп отырған адамымыз – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет ағайдың қадірін қазақ халқы білетін болғандықтан,

осы отырған көпке бір-екі ауыз сөз айтып өтуді жөн көрдік. Ахмет ағай - қазақ халқының бірінші мұғалімі, ұстазы. Бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескермеген жұмыстың барлық ауыртпалығы Ахаңның басына түсті. Ойға-қырға қуылды, түрмеге түсті. Бірақ, Ахаңның қайраты қайтпады, ақылы аспаса, саспады. Өзінің тізесін, түрменің терезесін үстел қылып, Ахаң қаламын тартпай жазумен болды. Сол кездегі жазылған «Маса» деген кітаптың тарихы осы отырған көпке мәлім болса керек.

Болашақты көздеп өзіне тетелес жеткіншек інілеріне үлгі беру үшін «Қазақ» газетіндей қуғын-сүргін көрген газет бізде болмаған. Ахаң өлеңдерін, әндерін қазақтың кәрі-жасы, бала-шағасы бірдей айтады.

- *(Ахметке бұрылып)* Ал, Ахмет ағай, менің өз басыңызға арнап айтатыным - қашан да болса халық үшін айтқан еңбегіңіз, қайнамаса қайтпайтын қайратыңыз басқаларға үлгі болып, көргенде көңілімізді көтереді. Тура салған бағытыңыз алдағы сенімімізді семіртеді. Бұл сіздің жұмысыңыздың, жолыңыздың негізділігін, маңыздылығын, болашақ дәуірге де жарайтынын көрсетеді. Көпке пайдасы тиетін жұмыс бір күндік емес, негізді болу керек екендігін көрсетеді. Аха, ісіңнің өлмейтіндігіне көзің жетті. Бұрын жалғыз болсаң, енді жалғыз емессің, жүрегіміздің терең түпкірінде жатқан ішкі сырымызды таза көңілімізден білдіріп, інілеріңіздің мына бір аманатын тапсыруға рұқсат етіңіз, *(Омырауына алтын жетон қадайды)*.

Автор: - Оның бір бетінде: «Түркістан зиялыларынан белгі. 1922ж. 2 тамыз».

Екінші бетінде «Аха, күшті сенің қаламың, Халық ісі – сенің тамағың. Жаса, ұлт мектебінің тұңғыш жүрегі!» деп жазылған.

Ахмет: - Қошеметтеріңізге рахмет айтамын. Мен бұрын өз жайым туралы сөйлеген кісі емеспін. Мен халық мұғалімімін. Оқуым көп емес, аз. Бірақ сол аз білімімді халық мақсаты

үшін жұмсағаным рас. Менің істеген аз жұмысым сендердің де қолдарыңнан келеді. Мен де өздеріңдей адаммын. Мені тудырған заман – патша заманының зұлым саясаты, зорлығы, зомбылығы, қорлығы. Соның бәрін көріп тұрып мен қарап қала алмадым. Біздің халық еш нәрсесі жоқ, мәдениетке кедей халық. Біздің қазақ сияқты өгейлік көрген халыққа ағартудан басқа жол қалмайды. Бізді ұлтшыл дейтіндер де бар шығар. Ол кезде қазаққа қарай тарта жүрмесек болмайтын болды. Енді қазақ үшін қызмет қыламын деген жастарға жалғыз-ақ бауырмалдық жолы тиімді. Менің бар сүйенішім – осы.

Серікбай: - Башқұртстанның толық өкілетті елшісі – Амиров.

Амиров: - Ахмет ағай Башқұртстан халқына де белгілі. Башқұрт халқы емес, бүкіл Күншығыс білуге тиіс. Қазақ халқының тілі - бай тіл, болашағы бар тіл. Қазақ тілінің Күншығыстан басқа тілдерден асып түсетін түрі бар. Соның үшін Ахмет ағайдың қызметі бүкіл Күншығысқа үлгі бермекші!.

Серікбай: - Түркістан мемлекеттік Білім кеңесінің бастығы – Иман Хожаев.

Иман Хожаев: - Ахмет ағай өзі кішірейткенімен қызметі аз емес. Бүгінгі мәжілісіміз – тарихи мәжіліс. Ахмет ағайдың қызметі қазақ халқын мәдениетті, үлгілі халықтардың қатарына жеткізсе, ақырында қазақ мәдениетінің тарамы дүние мәдениетінің озатына барып құйылмақшы. Ахмет ағайдың қызметі - бүкіл адам баласына үлгі берерлік қызмет.

Серікбай: - Күншығыс институтының директоры – профессор Шмидт.

Шмидт: - «Қазақ халқы – ел болатын, жұрт болатын халық». Ахмет жолдас – қазақ халқының жаңа түсіп келе жатқан сәулесі, тез арада таңы атып, жадырап Күні де шықса керек.

комиссарының серігі – Оликов жолдас.

Оликов: - Бір ақын айтқан екен “Адам баласының дүниеде шашатын жемісі – мәңгілік, мейірімді қызмет” деп. Міне, сол дихан – Ахмет жолдас. Бұл кісінің қызметі – өлмейтін, өлшеусіз өмір сүретін жұмыс. Сіз осы жолыңыздан таймаңыз. Қол ұстасып қызметтес, бағыттас болғым келетіндігін білдіремін. Сенің атың әлі тарихта алтын әріптермен жазылады! (*Қол шапалақтау*).

Автор: - Сонымен бұл мәжіліс «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың әдеби тіліне негіз салушы, қазақты «әп» деп бастап оқытып, надандықпен күрескен ұстазымыз, оқу ісіне, жазуға жаңалық кіргізген дана реформаторымыз, патшашыл үкіметтің зұлым саясатымен қажымай күресіп, қарсы пікірін таратқан қаһарманымыз. Қазақ халқының атақты ақыны, қай жағынан болса да қазақ халқының көсемі. Сенің атың тарихқа алтын әріптермен жазылады!» деген ұранмен аяқталды.

4. Осындай ол жайында аңыздар көп,
Ол айтты деген жыр мен уағыздар көп.
Қарыздар болмай кетті ол халқына,
Ал халқы қалды оған қарыздар боп.
5. Сөзінің ойы терең, оты күшті,
Уақытты озған орап оқымысты.
Ел оқып, оның жазған ғибратын
Жетілді сарайына тоқып ішкі.
6. Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Өлген күні апарып тығары – көр,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
Мен жоқ болсам көміліп тәнімменен.
Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.

Жүргізуші: - Міне осындай үлкен ой түйген азаматты 5 рет абақтыға отырғызып, 2 рет жер аударып, ақыр аяғында Алматы абақтысының жер асты подвалында атып, қала маңына жасырын көмген. Үкімі 1937 жылы 8 желтоқсанда орындалған.

7. Осылай өтсе де Ахаң қам көңілмен,
Күн жетті көкжиектен таң көрінген.
Оқ тескен от жүректің бір ғұмыры
Оралды ортамызға мәңгі өмірмен.

Жүргізуші: - Сөз кезегін үйірме жетекшісіне береміз.

Қорытынды. Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Біз үшін Ахаң – мәңгілік үлгі етер тұлға. Қазақ санасының шамшырағы Ахаң рухына бас ие отырып жақсы үлгісі ұрпақтан ұрпаққа жалғасады дейміз. Онкүндікте елеулі еңбектерімен үлес қосқан ұстаздарымыз бен оқушыларымызға алғыс айтамыз.



Ақбөпе СЕЙДАЛИЕВА,
Бауыржан Момышұлы атындағы
жалпы орта мектебінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы.

1001 МАҚАЛ , 101 ЖҰМБАҚ

(Мақалшылар мен жұмбақшылар сайысы)

Мақал-мәтел сайысы.

Қатысушылар өздері туралы мәлімет береді, қарсыластарына сәттілік тілейді.

Сөздер айтылады. Ол сөздерге байланысты мақал-мәтелдер айтылады.

Ел. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.
Еңбек. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. *Арық.*
Жылай - жылай арық қазсаң, күле -күле су ішерсің. *Көз.* Көз
– қорқақ, қол – батыр. *Бірлік.* Бірлік болмай, тірлік болмас.
Дос. Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады. *Өнер.*
Өнер алды – қызыл тіл. *Білім.* Оқусыз білім жоқ, білімсіз
күнің жоқ. *Денсаулық.* Денсаулық – зор байлық. *Әке.* Әке -
асқар тау. *Ат.* Ат айналып қазығын табар.

Ұнай саны төмен оқушылар мақал-мәтел айтудан сынға түседі. Мақалды жалғастырып айта алмаған оқушы ойыннан шығады.

Мақал - мәтелдердің жалғасын табу.

Көз жетпеген жерге (сөз жетеді.) Тіліңмен жүгірме (біліммен жүгір.) Ақылды қария – (ағып жатқан дария.) Білімдіге дүние жарық, (білімсіздің күні қаріп.) Жақсы болсаң, (жақын көп.) Бірлігі жоқ ел тозады, (бірлігі күшті ел озады.) Әдепті бала – арлы бала, (әдепсіз бала – сорлы бала.) Игілік басы – (ынтымақ.) Ұсталы ел озар, (ұстасыз ел тозар.) Сөз қуған пәлеге жолығады. (Жолды қуған қазынаға жолығады.) Көп біл, (аз сөйле.) Жарлы болсаң да (арлы бол.)

Ұнай саны төмен оқушылар әр тақырыпқа мақал-мәтелдер айтады. Мүдіріп қалған оқушы ойыннан шығады.

Көрермендер көрімдігі.

Жасырынған қағазды алып оқып, тақырып жөнінде мақал-мәтел айтылады.

Адам және оның қасиеттері туралы. Адам болатын бала алысқа қарайды. Арман – адамға қанат. Жақсы адам - елдің ырысы, жақсы жер – жанның тынысы.

Батырлық, ерлік туралы. Ерлік білекте емес, жүректе. Айласыз батыр алдырар, Ер елімен жақсы. Ел үмітін ер ақтар.

Оқу-білім туралы. Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. Өнер алды –

қызыл тіл. Оқу инемен құдық қазғандай.

Тәлім-тәрбие туралы. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Ойнап сөйлесең де ойлап сөйле. Біліп тұрсаң да, сұрап ал.

Отан, туған жер туралы. Туған жердің жуасы да тәтті. Отанды сүю отбасынан басталады. Туған жердің түні де ыстық, күні де ыстық.

Соңғы айналым.

Қазақ тіліндегі фразалық тіркестердің мағынасын ашу.

Қоян жүрек (қорқақ). Көзді ашып-жұмғанша (жылдам). Бет моншағы үзілу (ұялу). Ит өлген жер (алыс). Іші удай ашу (өкіну). Из-түссіз (жоғалу). Тіл- ауыздан қалды (сөйлей алмады). Құдайға қараған (адал адам). Аты жер жарды (атақты болды).

Жұмбақшылар сайысы. 1. Ойынға қатысушыларға жұмбақ жасырылады. 2. Бір-біріне жұмбақ жасырады. 3. Көрермендерге жұмбақ айтады.

4. Мақал мен жұмбақ сайысынан жеңіп шыққандарға жұмбақ жасырылады. Шешуіне байланысты мақал айтылады.

Жұмбақтар

Бес ін, бес іннің аузы бір ін.

Бір тайға үш ағасы мінгесіп жүр, екі інісі ілесіп жүр.

Ішінде толып жатқан қазынасы бар, қорек қып пайдаланар тамам халық.

Үй ішінде бөлме, бөлме іші көлде. Түрлі ұсақ балық, жүзді сайран салып.

Күзетем деп үйді, жұдырығын түйді.

Гәуһары жерге түссе, жарқ етеді.

(қолғап, қалам мен бес саусақ, кітап, аквариум, құлып, найзағай.)

Жеңімпаз оқушыларды марапаттау.

АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі жастарға берілетін білім де, білік те, тәрбие де қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен тікелей байланысты болып отырса, Абайдың даналығын әрбір сабақта әңгімелеу, оның әрбір қара сөзіне, өлеңіне ден қойғызып, оның нәрін бала санасына сіңіру – үздіксіз білім жүйесінің тәрбиешілері үшін, ата-ана, мұғалім, жалпы педагогтар үшін ойланбай іске асыратын негізгі жұмыс түрі. Оның мәнісін алыстан іздемей-ақ, Абайдың «Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» деген өлең жолының тереңіне үңіліп байқауға болады. Абайдың даналығы – қазақтың қазақтығын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, дәстүрін қаймағын бұзбастан, сол қалпында бізге жеткізуі. Абайдың педагогикалық көзқарасы – инабаттылыққа, парасаттылыққа, тәрбиелейтін сүре жол.

Бүгінгі жастарды Абай шығармашылығынан бас алмай оқитындай, әр өлең жолынан, әр сөзінен өмірлік тәрбие алатындай дәрежеге жеткізу үшін қандай әдіс-тәсіл қолдануымызға болады? Осы сұраққа жауап боларлықтай бір жұмыс ұшқыны жылт етсе, оны көпшілік сарабына салу да – бүгінгі күн талабы. Осыған байланысты Абай шығармаларын пайдаланудағы іс-тәжірибемді ортаға салғалы отырмын.

«Абай шығармаларының тілі» атты «Алтын қақпа» лингвистикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: Абай шығармашылығынан алған білімдерін шыңдай отырып ойлы пікірлерінің құндылығына, өміршеңдігіне көздерін жеткізу, даналық сөздеріне талдау жасату, тіл байлығына үлес қосуға жол ашу, ойшыл ақынның даналық сөздерін оқытып, сөз өнеріне деген қызығушылықтарын ояту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Абай. Шығ. екі томдық жинағы. А., 1995. 2) Зәки Ахметов. Абайдың ақындық тағылымы. А., 1995. 3) Рәбиға Сыздық. Абай шығармаларының тілі. 4) Ұлықман Әбілдаұлы. Абайды оқыту әліппесі.

1-жүргізуші: - Таңдамалы, тәтті тіл – Абай тілі,
Ақынға – дос, жаныңа тиер жылы.
Шымырлатып дененді, сүйсіндіріп,
Шертіледі жүректің нәзік қылы.

2-жүргізуші: - Әсіресе, Абайдың ақындығы –
Таңдамалы сөзінің татымдығы.
Ақындарға көп үлгі – шеберлігі,
Міне, бізге Абайдың жақындығы!

1-жүргізуші: - Абай өлеңдеріне жақындығымызды таныту үшін, бүгінгі «Алтын қақпа» лингвистикалық ойынына қатысушы ойыншыны таңдау үшін қойылған сұраққа дұрыс жауап айтқан ойыншы келесі кезеңге қатыса алады.

Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге – жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, - деген жолдардағы

«сөздің патшасы» сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Дұрыс жауап айтқан ойыншы ойын қақпасының алдына келіп, тақтадағы цифрды таңдау арқылы өзіне жасырынған сұрақты ашады. Сұраққа дұрыс жауап айтылса, «Тас қақпа» ашылады. Келесі «Күміс қақпаны», «Алтын қақпаны» ашу-ашпауын өзі біледі. Ашқысы келсе, тағы да сұрақ таңдайды.

Ал, ашқысы келмесе «Тас қақпаның» сыйлығын алып ойыннан шығады. Сөйтіп тағы да сұрақ қою арқылы келесі ойыншы таңдалады.

1. Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.

Осы жолдардағы «қансонар», «ғанибет» сөздерінің мағынасын айт.

2. Сегіз найза қолында көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
3. Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
4. Дем алысы – үскірік, аяз бен қар
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
5. Жамандық көрсең нәфрәтлі
Суытып көңіл тыйсаңыз.

(Нәфрәтлі – жеркенішті деген сөз)

6. Аят, хадис емес қой,
Күпір болдың демес қой.

Аят – Құранның шағын жеке толғауы, шумағы. Хадис – Мұхаммед пайғамбарымыздың өсиеттері. Онда мұсылмандардың не істеп, не істемеуі туралы айтылған.

Күпір – дінге қарсы болу, дін жолын бұзу. Әдетте үлкен кісілердің әлдекімге ренжіп: «Құдайға күпір болма!» деп жатқандарын жиі естуге болады.

7. Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Қыз бұрандап жабысып қылады наз.

Қанжыға – ердің екі қапталының артқы қасынан кейінгі жағының орта тұсынан тесіп өткізілген таспа, қоржынды, басқа да бөктерілген жүкті байлауға арналған.

8. Әуелі аят, хадис – сөздің басы,

Қосарлы бәйітмысал келді арасы.

(Бәйітмысал – ораза кезінде оқылатын діни, жарапазан сарындас жыр, өлең.)

9. Біреу малма сапсиды салып иін,

Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.

(Малма – тері илеуге арналған ашытқы, сапсу – иге салынған теріні ауыстыру, иі-киімге, бұйымға жарату үшін теріні өңдейтін ашыған айран.)

10. Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,

Астында ақ шомшы жүр, ол – бір керуен.

(Ақ шомшы – астық артқан түйелер тізбегі).



АБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бір күні Қиясбай Абайдың үйіне кіріп келіпті. Басына киген қызыл елтірісінің жүнін сыртына қаратып, пұшпағынан байлай қойыпты. Абай оның басына қараса, Қиясбай:

- Абай аға, сізді білгіш дейді, менің басыма кигенім ненің терісі, тапшы,- депті. Абай күліп:

- Мен қайдан білейін, өзің айтпасаң?- депті.

Қиясбай:

- Пәлі, Абай аға, бұл аң-таңның терісі емес пе?- депті.

Абай көзінен жас шыққанша күліп:

- Жүрген жерің күнде - ду,

Сыртың - аңқау, ішің - қу,-

деген екен.

- Таптың, Абай аға, таптың! - деп Қиясбай басын изеп күліпті.

(Абай әзілдері. А., «Ғылым», 1995. 39-бет.)

Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.

«АРПАЛЫС», «МОСКВА ҮШІН ШАЙҚАС» РОМАНДАРЫНЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚҰПИЯЛАРЫ

*(Бауыржантанушы ғалым Мұхаметжан Кәтімханның
«Арпалыс» романының авторы кім?» атты ғылыми
зерттеу кітабы туралы)*

Астанадағы «Педагогика-пресс» баспасы Мұхаметжан Кәтімханның «Арпалыс» романының авторы кім?» атты зерттеу еңбегін басып шығарды.

Александр Бектің «Арпалыс» романы мен Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» романдары ССРО-Германия соғысының тарихын ғана емес, дүниежүзілік соғыстың тарихынан сыр шертетіні жалпақ әлемге аян. Ең бастысы, бұл шығармалар сол ел басына күн туған сәттерде Кеңес әскерлерінің, соның ішінде Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясының Мәскеуді қалай қорғағаны, дивизия офицерлері мен сарбаздарының аттары аңызға айналғаны, бүкіл әлемді таңдандырғаны да рас. Соның ішінде Бауыржан Момышұлы батальонының фашистерге қалай соққы бергені, қоршаудан қалай шыққаны адам нанғысыз еді. Себебі неміс-фашистері дүрбімен көрініп тұрған Кремльді алу үшін барлық күшін осы тұсқа шоғырландырғаны тегін емес болатын. Волокалам тас жолы арқылы Мәскеуге енгісі келген фашистердің ең сенімді әскерлерінің де осы жерге әкелінгені кейін белгілі болған. Осындай ең қауіпті де қатерлі

шепке Бауыржан Момышұлы батальоны орналасуының да біз білмейтін құпия сыры жатыр.

Зерттеуші Александр Бектің «Арпалыс» романының жазылу тарихы туралы көптеген деректер келтіріп, бұл роман туралы бұрын-соңды баспасөз беттерінде жарияланбаған ақпараттың мағлұматтар келтіреді, өз тұжырымын жасап отырады: *«...Москва үшін шайқастың» бірінші бөлімі 1956 жылы жарық көрсе, «Арпалыстың» бірінші бөлімі 1942 жылы жарық көрді. А.Бек, шындығына келсек, «Арпалыс» романының бірінші-екінші бөлімін ғана жазып, он жеті жыл өткеннен кейін романның үшінші, төртінші бөліміне түгелдей «Москва үшін шайқас» романының «Бірнеше күн», «Панфиловтың резерві» бөлімдерін көшіріп алып, орталық басылымдарға жариялады. Бұл туралы И.Козлова мен А.Кривицкийлер кезінде көлемді мақалалар жазған болатын. Осы жерде Бауыржан Момышұлын «Арпалыс» романының соңғы бөлімінің авторы деп айтуға хақымыз бар...» (52-бет).*

Жазушы А.Бек пен Бауыржан Момышұлының арасындағы келіспеушіліктердің болғаны, оның кейін үлкен дау-дамайға айналғаны да – шындық.

«Арпалыс» романын жазу арқылы Александр Бектің даңқы әлемге жайылды. «Арпалыс» романы арқылы Бауыржан Момышұлының Мәскеу түбіндегі ерлігі әлемді таңдандырғаны да рас.

Мұхаметжан Кәкімхан А.Бектің «Арпалыс» романы туралы былай деп тұжырым жасайды: «Момышұлы мен Бектің айырмашылығы – бірі толық дәрежедегі әскери адам болса, екіншісі жай қарапайым жазушы-стенограф. «Арпалыс» романында автор екі бөлімді көшіріп алғанымен қоймай, романдағы кейіпкерлердің біразына өзгерістер енгізіп, жанама кейіпкер ретінде генерал М.Н.Звягин секілді кейіпкерді ойдан қосқан. Осыдан барып автор мен кейіпкер арасында реніш пайда болып, араларына кірбің түседі...» (52-бет).

«Кейіпкер келісімшарт бойынша қолындағы барлық деректерін А.Бекке беруі тиіс еді. Ол олай істемей, өзінің жазғанына қарағанда, авторға сенбей қалған тұстары болуы да әбден мүмкін. Бек жазушы ретінде түрлі фантазияға беріліп, шығарманы көркемдеп, бояуға әрекеттенген секілді. Оған, әрине, кейіпкер келіспеген. Осыдан барып екеуінің арасында келіспеушіліктер пайда болған. Мүмкін, басқа да жағдайлар кедергі келтірген шығар? Соғыстан кейін шығарманы Момышұлының өзі жазуы – заңды құбылыс. Біріншіден, оның жазушылық қабілеті еш жазушыдан кем емес. Екіншіден, бойында жазушылық өнері бола тұра ол шығарманы неге өзі жазбасқа? Үшіншіден, жоғарыдағы жағдайларды ескере келіп, қолындағы көптеген деректерін біреуге беруге тиісті емес. Төртіншіден, Бек шығармадағы шындықты Момышұлының айтуына қарағанда, аздап болса да бұрмалаған...» (53-бет).

М.Кәтімханның тұжырымы кімді болса да ойландырады. Бірінші, Б.Момышұлы – турашыл адам, өмір бойы шындықты серік еткен адал жандардың бірі. Әділетсіздікке жаны қас адамның өзі туралы жазылатын шығарманың бұрмаланып көрсетілуіне жол бермейтіні – заңды құбылыс. Менің ойымша, Б.Момышұлы өзі туралы хәм Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясының Мәскеу түбіндегі шайқастары туралы шығарма жазамын деген А.Бекке қатты сенген. Екінші бір мәселе, А.Бектің ұлты – орыс. Орыс жазушысының түркі әскерлері туралы шығарма жазуы сол кездегі интернационалдық тәрбиеге қабысатыны рас еді. Б.Момышұлының А.Бекке өзі туралы, батальон, полк туралы деректер беруіне осы жағдай әсер еткен. Бірақ өзі сенген А.Бектің Мәскеу түбіндегі шайқас туралы жазған шығармасына көңілі толмағандықтан, оған бар деректерді толық бермей, шығарманы өзі жазуға отырған. Сонымен бірге, М.Кәтімханның болжамы бойынша, Б.Момышұлы

соғыстың алдыңғы шебінде жүр, оқ тиіп опат болуы да мүмкін, мұны Момышұлы да ойлаған, сондықтан Мәскеу түбіндегі соғыстың шындығын жазатын адам Момышұлына да керек еді. Сондықтан болар М.Кәтімхан Момышұлы мен А.Бектің арасындағы достық байланыс туралы *«Момышұлы еш уақытта да Бекпен авторлыққа таласқан жоқ. Қайта Бектің «Арпалыс» романының авторы екендігін өмір бойы мойындап өтті. Тіптен оны авторлық құқығынан айырылатын кезде барын салып қорғады...»* деп жазды (55-бет).

Бұл жерде Б.Момышұлының ұтқаны – шығарманың тақырыбын «Москва үшін шайқас» деп қойғаны. Егер осы тақырыпты шығармасына А.Бек қойғанда Б.Момышұлы сөзсіз ұтылған болар еді. Бұл жерде шығармаға тақырып қою жағынан Б.Момышұлы тапқырлық көрсетіп, А.Бектің алдын орап кеткен. Бұл, әрине, жазушының дарынды екенін айғақтап тұр. «Арпалыс» деген тақырып оқушыны қызықтыра қоймайды. Себебі соғыс жылдарында Кеңес әскерлері барлық майдан шептерінде неміс-фашистерімен жан беріп арпалысқаны рас. Демек, арпалыс барлық майданда болып жатты. Бұл тақырыптың оқушысын соншалықты елеңдетпейтіні белгілі. Ал романның тақырыбының «Москва үшін шайқас» деп қойылуы кімді болса да қызықтырады. Себебі соғыстың ең бір шешуші сәті осы Мәскеу түбінде болғаны рас. Сонымен бірге Ресей тарихында Мәскеу бірнеше рет сырт ел басқыншыларының ойрандауына ұшыраған. Сол тарихи соғыстарды баяндайтын орыс жазушыларының шығармаларының тақырыбы да «Москва үшін шайқас» деп қойылған жоқ. Ал бұл соғыс тарихында ССРО-Германия соғысының шешуші сәті ғана емес, Екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші сәті осы Мәскеу түбінде болды деп айтуға толық хақымыз бар. Біріншіден, Адольф Гитлерден бастап барлық неміс әскерлерінің Жоғары қолбасшылығы осы

Мәскеу түбінде аса ірі жеңіліске ұшырады. Гитлер жеңілістің себептерін Жоғары қолбасшылардың дарынсыздығы деп ұқты. Көптеген жоғары шенді неміс офицерлері Гитлердің бұйрығымен атылды. Неміс қолбасшылығы психологиялық дағдарысқа ұшырады. Міне, осы жағдай бүкіл әлем назарында еді. Бүкіл дүние жүзінің көзі қарақты оқырмандары, соның ішінде әскери адамдар Мәскеу түбіндегі Кеңес әскерлерінің аса зор Жеңісінің құпиясын білуге асықты. Міне, тарихи соғыстың ақиқаты Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романында бояусыз жазылған еді. Романның және роман авторының даңқы әлемге шыққанының белгілі бір себебі де осында жатыр.

Екіншіден, АҚШ, Англия және ССРО әскери одағының құрылуының маңызын қаузайттын болсақ, одақтың бірігіп қимылдау жоспарларының қозғалысқа түсе бастағанын осы Мәскеу түбіндегі Кеңес әскерлерінің Жеңісінен көре аламыз. Егер де Мәскеу түбінде Кеңес әскерлері жеңіліске ұшырағанда бұл әскери одақтың тағдырының не боларын бір Алла ғана білер еді.

М.Кәтімхан «Арпалыс» романының авторы кім?» атты еңбегінде «Москва үшін шайқас» романының қалай жазыла бастағаны туралы мынадай қызықты дерек береді: *«...А.Бек шығарманың үшінші бөлімін жазып біткеннен кейін кейіпкеріне (Б.Момышұлына – М.Ә.) көрсеткен болуы керек. Ол оған ұнамаған шығар. Сөйтіп, романның үшінші бөлімін жариялауға үзілді-кесілді рұқсат бермей, шығарманы өзі жазуға отырған...»* (54-бет).

Қалай десек те, Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» романын өзі жазғаны дұрыс болды.

М.Кәтімхан *«Екі автор бірін-бірі неге қайталағанын жоғарыда айтып өттік. Содан кейін «Арпалыс» романын «Москва үшін шайқас» романының бірінші томы, ал «Москва үшін шайқас» романын екінші томы деп қарауға негіз бар. Оны біз жоғарыдағы мәліметтерде толық дәлелдеп*

шықтық. Тек А.Бектің қасына Б.Момышұлын қосып, екеуін де автор деп көрсетсе жеткілікті болады...» деп жазады (56-бет). Меніңше, «Арпалыс» романына қосалқы автор етіп Б.Момышұлыны қосудың қажеті жоқ. Олай істейтін болсақ А.Бек «Москва үшін шайқас» романына да қосалқы автор болып кетеді. Бізге ұтымды жағы – «Москва үшін шайқас» романының авторының Б.Момышұлы болуы.

Мұхаметжан Кәтімхан А.Бектің «Арпалыс», Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романдарындағы тарихи кейіпкерлер – капитан Шилов пен капитан Лысенко жайлы сөз қозғай келе, екі шығармада олардың суреттелуі екі түрлі болғаны жайлы мәлімет береді.

М.Кәтімхан оқырмандарға белгісіз болып келген бір жәйт туралы да әңгімелейді. Ол Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» романының екінші кітабы туралы. Екінші роман Бауыржанның соғысқа дейінгі досы – жауынгер Құрманбек Сағындықовтың соғысқа кіруімен басталады. Мұнда Бауыржан Бекболат деген атпен суреттеледі. Бұл кезде Бауыржан Момышұлы – 9-гвардиялық дивизияның командирі.

Мұхаметжан Кәтімхан Б.Момышұлының Мәлік Ғабдуллинмен достық байланыста болғанын айта келіп, «Москва үшін шайқас» романын жазуда М.Ғабдуллинмен ақылдасқанын алға тартады.

Бауыржан Момышұлының соғыстан кейін Әскери Академияны үздік бітіргенін, соғыстан соңғы әскери өмірінің аса ренішпен өткендігін, әр түрлі әділетсіздіктерді жеңіп, қарсыластарын ойсырай жеңіп, жоғары беделге ие болғанын көрсете отырып, қатардағы жауынгерден гвардия полковнигіне дейін көтерілгенін, мұндай атақты түркі халықтары ішінде тек Б.Момышұлы алғанын тереңдей баяндайды. Генерал атағының берілмегенін, бұған Б.Момышұлының қатты ренжігенін, Сібірдегі №49-бригада командирінің бірінші орынбасарлығына күштеп

тағайындалғанын, Мағжан Жұмабаевпен кездескенін баян қылады.

Көп оқырмандар жазушы А.Бек пен Б.Момышұлының арасындағы келіспеушіліктерден туындаған дау-дамайларды біле бермейді. Бұл дауға «Знамя» журналы мен Ресей Жазушылар одағы араласқаны мәлім. М.Кәтімхан осы оқиға туралы азды-көпті мәлімет береді: *«Момышұлы Бекпен арасындағы дауды шешуі үшін Ресей Жазушылар одағының Мәскеу бөлімшесіне жүгінеді. Ресей Жазушылар одағы бұл дауды әділ шешу үшін арнайы комиссия құрады. Бұл комиссияның құрамы 1959 жылы В.В.Иванов төраға, А.Ю.Кривицкий орынбасар, Е.Н.Герасимов, В.М.Субботин, З.В.Одинцова мүшелері болып бекітіледі. Екі жазушының өзара келіспеушілігінен туған дау-дамайды шешуге арнайы комиссия бөлінуіне қарағанда, бұл жай ғана дау емес, бір-бірінің авторлық құқықтарына едәуір нұқсан келтіретіндей аса шиеленіскен әрі оңай шешімі жоқ дауға айналды. Бұл мәселе жөнінде 1958 жылдары Б.Момышұлы А.Бектің келісімшарттық қателік жіберген бөлімдерін арнайы көрсетіп, Ресей Жазушылар одағының басқармасына бір емес, бірнеше шағым түсірді. Осы шағымдардың негізінде арнайы комиссия құрылып, жоғарыдағы құраммен бекітілді. Алайда бұл комиссия істің ақ-қарасын терең талқыға салған жоқ. Тіптен Момышұлы мен Бектің арасындағы келісімшартты заңсыз деп тауып, 1959 жылы 4 мамырда мәселені Бектің пайдасына шешіп берді...»* (76-бет).

Оқырмандар М.Кәтімханның бұл кітабынан көп мәліметтер алады. Б.Момышұлы туралы Болгар армиясының әскери ұшқышы Лило Неновтың естелігінен үзінді келтіреді: *«Кітапты жауып үстел үстіне қойдым. Бірақ менің көз алдымнан Б.Момышұлының соғыстың алғашқы сағатындағы іс-әрекеттері мен тәуекелшіл бейнесі кетпей қойды...»* (79-бет). Сонымен бірге Мәскеу түбіндегі шайқас туралы, қазақтың батыр командирі Б.Момышұлы туралы

алғаш шығарма жазбақ болып көптеген деректер жинаған, кейін жинаған деректерін А.Бекке беріп қойған жазушы А.Кривицкийдің өкініші туралы мәлімет ала алады.

М.Кәтімхан қазақ жазушылары Б.Момышұлының шығармалары туралы мардымды пікір білдіре алмай жатқанда орыс жазушылары Е.Н.Пермитиннің, П.П.Вершигоралардың ыстық ықылас білдіргенін ерекше баян қылады.

Латвияның қарапайым тұрғыны Константин Архангельский Б.Момышұлы туралы *«Б.Момышұлы – тұлғаретінде әлемдік деңгейге көтерілген азамат. Сондықтан да оған берілетін баға өте жоғары болуы керек...»* деп жазды. Осындай мәліметтер кітапта кең орын алғаны М.Кәтімханның аянбай тер төккенін дәлелдеп тұр.

Шынында оқырмандар біле бермейтін А.Бекпен Б.Момышұлының арасындағы әдеби «шайқас» Момышұлының да, А.Бектің де, Мәскеу түбіндегі шайқас туралы жазам деп жаза алмай қалған А.Кривицкийдің әдеби өмірі кейінгі жазушы жастарға да сабақ болғаны сөзсіз. Елі үшін еңіреген Бауыржан Момышұлының бүкіл ғұмыры шайқаспен өткен. Неміс-фашистерімен шайқас, А.Бек және оны қолдаушылармен шайқас, өзіне қарсы шығып аяқтан шалған қазақ жазушыларымен шайқас, әскери жүйедегі әділетсіздіктерге жол берген, жол берушілерге қол берген жоғары шенді офицерлермен шайқас, қазақ тіліне немқұрайлы қарап, оның қолданыс аясын тарылтушылармен шайқас, т.б.

Осы шайқастардың Бауыржан Момышұлының денсаулығына әсер еткені де рас. Ұлы Абай сияқты «мыңмен жалғыз алысқан» Бауыржан Момышұлы тәуелсіздікті аңсап өткен азаматтардың бірі еді. Қатал тағдыр оны көруге мүмкіндік бермеді. Бірақ Момышұлы өз дегеніне жетті. Бүкіл әлемге жер бетінде қазақ деген ұлттың өр ұлт екенін, ерлігі әлемді тандандыра алатын ер ұлт екенін айғақтап кетті.

Амангүл ЖАНҒАЗИЕВА,
Жамбыл қазақ-түрік
есеп-экономикалық колледжінің
оқытушысы.

ҒАСЫР АҚЫНЫ – МҰҚАҒАЛИ

Сабактың мақсаты: білімділік – Мұқағали ақынның шығармашылығымен таныстыру, өлеңдерінің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып өзгешелігіне көңіл бөлу; **дамытушылық** – тіл шеберлігін, ізденіс жолдарын айқындау, қосымша ғылыми зерттеулермен жұмыс істеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – мәнерлеп оқуға, тілін сүйуге, адамгершілікке, мейірімділікке, өзін-өзі ұстауға, азаматтыққа тәрбиелеу. **Түрі:** зерттеу сабағы. **Әдісі:** зерттеу, сұрақ-жауап, пікір айту, СТО стратегиялары. **Көрнекілігі:** ақын шығармашылығына арналған буклет, шағын көрме, ақын портреті, ақын туралы плакаттар, ақын өлеңдеріне арналған сурет.

Сабак барысы.

«Жасырмай ойымды айттым талай-талай, Қайтейін кетті бәрі қарайламай. Айтарын ашып айтқан абайламай, Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай» деп ұлы Абайға, ержүрек ерен талант Махамбетке табына, оларды үлгі тұта отырып өз намысын қайрап шырығады. Абай мен Махамбеттің асыл сөзінен әуен алады.

«Қуат алып Абайдың тіл күшінен, Жыр жазамын Абайдың үлгісімен. Абай болып табынсам бір кісіге, Абай болып түңілем бір кісіден».

Ол осылайша Абай үніне үн қосып, Абай өнегесін үлгі тұтады.



Сынып оқушылары екі топқа бөлінеді: «Өсиет», «Мұрагер».

Ойтолғау бөлімінде алдын ала тапсырылған тапсырма бойынша ақын күнделігімен сырласу жүргізіледі. Оқушылар өз ойларын қорғайды.

1. Ақынның өмірді зерттегені – алдымен өзін зерттегені.

2. Ақын құдіреті – өмірден өзін, өзінен өмір жасай білуінде.

Мұқағалидың өмірі мен шығармашылығына арналған слайд-шоу көрсету.

Ойындар. «Домино» ойыны және «Кубизм».


«Доминоға» арналған сөйлемдер жеке конвертке салынып, әр топқа үлестіріледі.

1.	Өзінің	шынайы		таланты	сырға
	толы	Тұнық	та	Мөлдір	жырлары
	арқылы	жұртшылық		жүрегіне	жол
	тапқан	Мұқағали	22.	Мұрасы	бүгінде
	Туған	халқының		қажетіне	жарап
	Рухани	азығына		айналып	отыр

2.


...Ақынның	өмірді	Зерттеген	
алдымен	өзін	Зерттегені.	
Ақын	Құдіреті-	Өмірден	
өзінен	өмір	жасай	өзін
деп	Түйіндейді		білуінде

«Мұғалім әлемі» атты тізбекті екі топқа жеке-жеке төмендегідей сызба түрінде толтыру ұсынылады. Оны тізбекті жалғастыр ойыны ретінде де қолдануға болады.



«Жылап қайттым өмірдің базарынан»





Осы негізде қай топтың көбірек жазғаны және уақытты ұтымды пайдаланғаны ескеріледі.

Мұқағалидың өз өлеңдерін оқуы және өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдау.

Поэзия минуты. Оқушылар Мұқағали өлеңдерін жатқа оқиды.

Сергіту сәті. Ақын өлеңіне жазылған бір әнді тыңдату (*Жанар Бөлекбай. «Сарыжайлау»*). Өлең оқып, «Кубизм» әдісін сабақты бекіту бөлімінде пайдалануға да болады.

Кубиктің алты жағындағы тапсырмалар. Кубикті әр топтың көшбасшысы иіреді.

1. Баяндау. Мұқағалидың алғашқы өлеңдері. Ол қашан, қайда жарияланды?

(*Мұқағали он жасынан бастап өлең жаза бастады. Алғашқы өлеңдері «Қырман басында», «Қойшы бала Әкітай» 1949 жылы «Советтік шекара» газетінде жарияланды.*)

2. Қолдану. Мұқағали ақынның жыр жинақтарын ата. Бір өлеңін жатқа оқы.

(*«Армысыздар, достар», «Қарлығашым, келдің бе?», «Дариға жүрек», «Бәйге», «Өмір дастаны», «Өмір-өзен», «Жырлайды жүрек», «Күнделік», «Шолпан», т.б.)*

«Поэзия менімен егіз бе едің?» өлеңін оқу.

Салыстыру. Әдебиет тектері неше түрге бөлінеді?

Байланыстыру. Мұқағали ақын кімнің тәрбиесінде болды?

(Әжесінің. Ол «Мені сөзге, жырға үйір еткен, тәрбиелеген, халықты сүюге үйреткен - әжем» дейді. Ақын әжесінің аты – Тиын. Келіндері оны «Мысқал ана» деген.)

Топтастыру. Қазақ поэзиясының тағы қандай өкілдерін білесің?..

Қабылдау. Ақын өмірі туралы не білесің?

Ақын туралы пікірлерді оқыту.

«Ғажайып даналықтың бір көзі – Мұқағали поэзиясы. Бізде енді поэзия дәуірі басталады». *(Әбділда Тәжібаев).*

«Қазақ даласының ең биігі – Нарынқол, ал қазақ поэзиясының Хантәңірі – Мұқағали». *(Әкім Тарази).*

«Жұмыр жердің қай түкпіріне барсақ та Мұқағали алдымыздан шығады». *(Оразақын Асқар).*

«Мұқағали мөлдірліктен, тазалықтан, биік адамгершіліктен тұратын еді». *(Лашын Әзімжанова).*

«Қазақ тілін білген адам Мұқағали поэзиясын сүймеуі мүмкін емес, Мұқағали поэзиясын сүйген адам халқына адал, жеріне ие, табиғатқа жанашыр бола алады». *(Күләш Ахметова).*

«Мақатаев жырлары – тіршілік тамырындай өміршең, мәңгі жырлар». *(Фарица Оңғарсынова).*

«Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық – шынымен бақытты халық». *(Фарица Оңғарсынова).*

«Арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ оның аяқ алысынан айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді. Аңғармаппыз». *(Мұхаметжан Қаратаев).*

«Мұқағали Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның

өлеңдері шын тебіреністерден, шын шабыттан, шын күйзелістен, шын қуаныштан, шын сағыныштан туған».
(Тұманбай Молдағалиев).

Қорытынды сөз. *«Табиғат! Жанымды алсаң, алышы менің, Бір түйір жерге түскен тамшың едім. Мұқағали жоғалса қайтер дейсің, Артымда қалсын жерім, қалсын елім!».*

Тарих дөңгелегі алға жылжыған сайын Мұқағали өлеңдері ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, егемен еліміздің аспанында, азат даласында қыран құстай самғап ұшып жүр.



Балғаным ЖАПАҚОВА,

Атырау қаласындағы

№6 кәсіптік лицейдің

мұғалімі.

МҰҚАҒАЛИ ӨМІРІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – ХХ ғасырдың біртуар тұлғасы, поэзияның Хантәңіріне айналған ақын Мұқағалидың өміріне шолу, оның әдебиет тарихындағы орнын айқындау, сезім мен сананы көрсете білген, артында өшпес мұра қалдырған талант иесін оқушылармен таныстыру; **дамытушылық** – ақынның шығармаларын талдай отырып әр оқушының өзінше ойлап, өз бетінше ізденуіне бағыттау; **тәрбиелік** – оқушыларды Отанын, елін, жерін сүйуге, әнді, өлеңді қадірлеуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, пікір алмасу, талдау, өзіндік ой түйю, қорытындылау.

Жабдықталуы: 1) көрнекі құралдар, ақынның портреті, қаттамалар, кітаптар көрмесі, интерактивті тақта, тірек сызбалар; 2) негізгі әдебиет (Қазақ әдебиеті, 11-сынып); 3) қосымша әдебиет (Мұқағалидың өлеңдер жинағы).

Пәнаралық байланыс: тарих, ән, қазақ тілі.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру. Сабақтың тақырыбын, мақсатын айту.

- Оқушылар, бүгінгі сабағымызды Мұқағали ақынның «Арыз жазып кетейін» өлеңімен бастағалы отырмын (Өлең оқылады). Бұл өлеңінде ақын көңілінің түпкіріндегі өкпесін өлеңмен білдірген. Бүгінгі күні ақынның болашаққа жазған арызы оқырмандарына жетті деп айта аламыз, себебі уақыт керуені алға жылжыған сайын М.Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздай жарқырап айшықтала түсуде. «Өмір жайлы, өзің жайлы, ел жайлы, Өлі талай келер ұрпақ толғайды. Туған күні тойланған шын ақынның Өлген күні болмақ емес, болмайды» деп ақынның өзі жырлағандай, ақынды еске алу – бүгінгі ұрпақтың борышы.

Мұқағалидың кез келген өлеңін оқығанда оқырман бейтарап күйде қала алмайды. Ақын өзінің естеліктерінде «Менің қымбатты достарым! Егер сіздер менің өмірбаянымды, шығармаларымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөлек қарамауларыңызды өтінем. Естеріңізде болсын, менің өлеңдерім жеке тұрғанда түк те емес, біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның құдды дауысындай...» деген.

Оқушылар, біз өткен сабақта ақынның өмірі жайлы мәліметтерді оқыған болатынбыз, ендеше үй тапсырмасын тексерейік.

Ақынның туған күні және ата-анасы туралы мәлімет. Ақынның қызмет орындары туралы. Ақынның тұңғыш

өлеңдері. Ақынның өлеңге құштарлығы қашан басталған? Ақын кімдердің шығармаларын аударған? Ақын өлеңдеріне жазылған қандай әндер бар?

Жаңа сабақ.

Оқушылар өткен сабақтарда оқыған ақын туралы білімдерін пайдалана отырып, ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде тереңірек ой түйеді.

1949 жылы үйленгенін, Ләззат, Майгүл есімді қыздары болғанын, Майгүл 11 жасында көлік апатынан қаза болғанын айта келіп, ақынның «**Майгүлге**» деген өлеңін жатқа оқиды және мазмұнын түсіндіреді.

Ақын өз перзенттерін өте жақсы көрген, ол өзінің ең кішкентай қызы Шолпанды «Менің кішкентай поэзиям» деп атаған. Ұлы Айбар тентектеу бала болады, бірақ оны сол мінезі үшін жақсы көрген.

Келесі оқушы «Айбармен әңгіме» өлеңін жатқа оқиды.

Мұғалім Мұқағалидың «Әже» әңгімесін айтып береді.

Келесі оқушы «Махамбеттер, Абайлар-ай» өлеңін жатқа айтып, соңында ақынның іштей арман еткен, бірақ жария етіп ашып айтпаған армандарының бірі – адамның жеке басының бостандығы, сөз бостандығы екендігін, оның куәсі – осы өлеңі деп түйіндейді.

Мұқағали өмірде көп қиыншылық көрді, жалғыздықтан жапа шекті, төңірегіндегілердің түсінбеушілігінен қажыды. Кезінде Махамбет ақын Исатайдың қазасынан кейін жалғызсырап, «Жалғыздық» деген өлеңін жазса, ұлы Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде өзінің жалғыздығын мойындаған. Ал, Мұқағали «Фаризаға» деген өлеңінде «Өмірде ақындардың бәрі жалғыз...» деп Фаризаға мұңын шағады. (**«Поэзия» өлеңі жатқа оқылып, оқушы ойымен мағынасы ашылады.**)

Мұқағалидың поэзия құдіретін адамның асыл сезімімен байланыстыра қабылдайтынын, ақынның ұғымында ақын мен поэзия біртұтас ұғым екендігі айтылады.

Поэзияда адам сезімін табиғаттағы бейкүнә тіршілік иелерінің жанды бейнесі арқылы көрсету дәстүрі Мұқағали поэзиясынан заңды жалғасын тапты.

...Көзің қайда көшеден мені іздеген,

Сөзің қайда жанымыз егіз деген?

...Терезеңнің алдына келіп тұрмын

Көгершіндей қысты күн жем іздеген...

Осы үзіндінің адамға әсері сондай, көз алдына қысты күні жем іздеген момақан құстың бейнесі келеді. Ақын бұл жерде махаббат күйінішін тың суреттер арқылы қарапайым сөздермен өте әсерлі жеткізген.

Оқушылардың Мұқағали туралы танымдылығын тексеру. «Үш бақытым» талданады.

Барлық сұраққа балалар өлеңнің мағынасын толық ашып жауап берді. Адам үшін өмірдің соншама қымбаттылығын Мұқағалидан артық жеткізу қиын сияқты. Ақынның «Жан азасы»өлеңін жатқа оқыған оқушы өлең жөнінде «Бұл өлең тек ақынның ғана емес, барлық адамдардың ақтық аманаты деп түсінуге болады» деді.

Мұқағали – бақытты ақын, өйткені тірлігінде ала алмаған бағасын дүниеден өткен соң туған халқы берді. Біз ақынды іздейміз, сағынамыз, еске аламыз.

«Бәрін де қойшы, бәрі де өтер тоқтаусыз,

Өмір ме, өмір, өнбей де өспей, жоқ, барсыз.

Кезегім келіп кеткенде келмес сапарға,

Хабарсыз, ізсіз, қалмасам екен жоқтаусыз» деп жырлаған қайран ақын бүгінде ұлтымыздың мақтанышы, қазақ поэзиясының классигі деп жалтақтамай пікірімізді айта аламыз.

Үйге тапсырма: М.Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек» поэмасын оқып, мазмұнын айту.

Кенжегүл ЗИЯШОВА,
№5 «Күршім» орта мектебінің
мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы.

АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТЕРДІ ӘДЕБИЕТ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУ

Мектепте білім берудегі ең негізгі пәндердің бірі – әдебиет. Әдебиетші мұғалім сөз өнерінің әсемдік әлемінен, тарихы мен теориясынан білім беріп қана қоймай, жаңа адам, жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға міндетті. Әдебиет – өмір айнасы. Шәкірт өмірді көркем шығарма арқылы оқып үйренеді, үлгі-өнеге алады, еліктеу арқылы мінез-құлқын шыңдайды, жеке тұлға ретінде қалыптасады. Осыны ескере отырып, оқушылармен бірлесе отырып, оқушыларды мақсатты түрде өзіндік дербес ізденуге баулуды жүзеге асыруымыз керек.

Әдебиет пәнін оқыту барысында туған өлке тарихы, ондағы даңқты тұлғалар жайлы, атақты ақын, заңғар жазушылар шығармашылығымен қатар жергілікті ірілі-ұяқты ақындарымыз бен жазушыларымыздың туындыларына да көңіл бөлу, яғни, аймақтық компоненттерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Оқушыларды ізденіске жетелеу, өлкені тану, өз белсенділіктері арқасында білімді меңгеруді жүзеге асыруды мақсат ете отырып, 9-сынып оқушыларына халық ауыз әдебиеті туындыларының бірі – аңыз әңгімелерді оқыту барысында біздің аймақтың өткен тарихында орын алған іргелі оқиғалар

мен ірі тұлғалар жайында, жер-су, мекендер атауларының пайда болу жайындағы аңыздарды үлкендер аузынан, түрлі еңбектерден іздеп жинастыруды білім деңгейі жоғары топ оқушыларына тапсырған едім. Нәтижесінде оқушылар туған ауылымыздың не себепті «Күршім» деп аталуына, Ертіс өзені атауының шығу тарихы жайында төмендегідей аңыз әңгімелерді жинастырды.

«Күршім» - ұзындығы 218 шақырымға созылған, Ертіс өзеніне барып құятын өзен атауы. Осы өзен жағалауында орналасқан елді мекен Күршім деп аталады. «Қалмақтар шапқыншылығы кезінде қазақ батыры жаудың «Күрсін» есімді қанқұйлы батырымен жекпе-жекте жеңіске жетіп, қалмақ батырының басын кесіп, ағып жатқан өзенге тастайды. Буырқанып ағып жатқан өзен басты домалатып ағызып ала жөнеледі. Содан бері өзен «Күршім» атаныпты. Тағы бір оқушы нұсқасы: «Жоңғарлармен соғыс уақытында Барақ батыр бастаған қазақ жігіттерінен қашып келе жатқан қалмақ батыры өзен жағасына келіп, қайда барарын білмей аңтарылып қалады. Соңынан қуып жеткен қазақ батырлары жаудың басын алғанда күрсініп барып өлген екен. Жау батыры өлерінде ерекше күрсінгендіктен өзен «Күрсін» өзені аталып, уақыт өте келе «Күршім» болып өзгеріпті».

Ежелгі атаулар қатарынан табылатын Ертіс өзені жайлы халық аңыздарын жинастырған оқушы: «Сонау Шыңғыс хан заманында Қара Ертіс маңында көшіп-қонып жүрген керей, найман рулары жау шапқыншылығы кезінде Ертістің арғы бетінде отырған елге жедел хабар жеткізу үшін «үкілі хат» жолдаған екен. Оны «үкілі хат» деп атау себебі, хатты жедел жеткізетін адамның қолындағы қамшының басына бір шок үкі тағылады, қамшыны көтергенде оны көрген адам жол беріп, ешқандай кедергісіз жібереді екен. «Үкілі хаты» бар жігіт біраз жол жүрген соң жауға кездеседі. Қуған жауға жеткізбей, Ертіс жағасына жеткен жігіт шешініп, киім-

кешегін ердің үстіне байлап, шылбырды бос жіберіп, «үкілі хатты» су болып қалмас үшін тісімен тістеуге мәжбүр болады. Ат малтығанда кеудесі батпас үшін басын бос жіберіп, өзі аттың құйрығынан ұстап, бірге малтып, өзеннің арғы бетіне өтіп шығып, «үкілі хатты» аман-сау жеткізіпті. Осындай ерліктің нәтижесінде ол жердегі ел ерте қамданып, жауларына соққы беріпті. Артынан ел жиналып, той жасап, «үкілі хатты» жеткізген жігітке «Ертіс» деген ат беріпті де, өзенді де Ертіс атандырыпты».

Оқушылар өлкетанушы жерлесіміз Ш.Рахметолдақызының «Туған жер тарихынан үзік сыр» кітабынан алған мәліметтерге сүйеніп Қазақ-Жоңғар соғысында ерен ерлік иесі атанған Көкжал Барақ батырдың Күршім бойына келіп мекендеуі, ерлік істері мен қазасы жайындағы аңыз әңгімелерді сыныптастарына әңгімелеп берді. Халықтың жүйрік қиялы шығу төркіні беймәлім әрбір атауға өзіндік таным-түсінікпен шығарған аңыз әңгімелерге арқау болған Күршім-Марқа өңірінің жер-су атаулары жайлы мәліметтер жинастыруға оқушылар зор ықылас танытты.

Әдебиет сабағында оқушылардың көркем шығарманы оқуға деген ынталарын ояту мақсатында жүзеге асырылатын әдістер арасында шығарманың жазылу тарихы, ондағы кейіпкерлердің прототипі (болған жағдайда), көркем әдебиеттегі шындық пен тарихи шындық арасы жайында әңгімелеп беру оң нәтижесін беретіндігіне көз жеткізіп келеміз. Мысалы, әлеуметтік тартыстар, тарихи оқиғалар, тап күресі, ел мойнына салмақ түсіп, жеке адамдар тағдырының ширыққан буынын дөп басқан Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын автордың Алтай сапарында, нақтылай айтсақ, Күршім мен Марқа өңірін жалғастырған Қалғұты жеріне келгенде жазғанын ұзақ жылдар ұстаздық еткен ардагер Ақаш Жүнісұлының өткен дәуірде атақоныста өткен оқиғалар ізімен жазылған «Шежірелі тау қойнауы»

кітабындағы мәліметтерге сүйене отырып әңгімелеп бергенімде оқушылар романды оқуға аса ден қойды. Роман «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгеіне құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар...» деп басталуының өзі шежіреші қарттың сөзіне дәлел болғандай.

Жүсіпбек 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер дайындайтын семинарияға түсіп, оны 1919 жылы бітіреді. Осы жылдары Қалғұты бойындағы (Күршім ауданының Қалғұты ауылдық округінде орналасқан) Терісайрықта тұратын Үкіртайдың Зәйнолдасы осы оқуды аяқтап, інісі Құнапия да Семейдегі мал дәрігерін даярлайтын оқуда жүреді. Әкесі Үкіртай оқыған, молда және ауқатты болған.

Жүсіпбек Аймауытов Терісайрық бойындағы Үкіртай отбасына келіп, Зәйнолда мен Құнапияның сый-құрметіне бөленеді. Егіндібұлақ пен Қаратоғайдағы салынып бітуге таяған мәдени орындарды көреді. Құнапияның соңынан еріп, Қаратоғай ауылына еңкейіп төніп тұрған Қарасеңгір тауындағы жартасты Қарекем шатымен (қазіргі Торғай сайы) биікке көтеріліп, таудың күнбатыс етегіндегі Құнапияның қайын атасы – болыс Керей Ысқақпен жүздесіп сейіл құрады. Мұқаш және Дәриға (Дәриға – Ақбілектің прототипі, Зайсан, Семей қалаларында оқыған, көзі ашық адам. Қаратоғай, Егіндібұлақ ауылдарында мектеп салуға қол ұшын берген. Күні бүгінге дейін Күршім ауданындағы Қалғұты ауылдық округіндегі Терісайрық өзені жағасындағы ұзын қырқаның «Ақбілек» деп аталуы автор сөзіне дәлел болса керек) жайлы, елдегі ақ пен қызылдың лаңы жайында сыр шертеді.

Жүсіпбек Аймауытов Қалғұты мен Бөкенбай бойындағы елдің тыныс-тіршілігімен танысады. Тайлы-таяғы қалмай жайлауға көшкен елге қосылады. Төбесіне ақ кепеш киген Сарытау биігі, Әкімбай кезеңі, Ереймен, Салқыншоқы, Ит

қырылған биігін ауылда жүріп көрсе, енді табанымен жерін басып, жемісінің тәмін татып, таза ауа, жасыл орманда атқамініп сейіл-серуен құрады.

Еуропа мен Ресей патшалығының кезбе саяхатшыларының таңғажайыбымен тамсандырған өр Алтай, асқар Алтай Жүсіпбек Аймауытовты да құшағын жайып қарсы алады. Саяхатшы Потанин Сарытаудың төбесіне үш қайтара шыққанын құштарлана, құмарлана кітабына жазған болса, Жүсіпбек те Сарытау мен Марқаның көлін тамашалап «Ақбілек» романында тебірене қалам тартады.

Киелі Күршім-Марқа өңірінің кербез табиғатының әсемдігі Иса Байзақовтың шығармаларына да арқау болғандығын ақын шығармашылығына тоқталған оқушыларға айтпай кету әдебиетшіге сын болар. Ақынның «Алтай аясында», «Құралай сұлу», «Қырмызы-Жанай» поэмаларында Алтайдың күнгейіндегі өзіміздің көзімізбен көріп, естіп-біліп жүрген мекендеріміздің жер-су атаулары екендігіне көңіл аудартып, ғажайып сұлулығы суреттелетінін танытуға болады. Көздің тұңғиықтан көрінген жанарындай биік тау үстіндегі әсем Марқакөлін көріп тебіренген ақын:

Қайнаған етегінде қарт Марқакөл,

Биіктен бетін сүйіп құлайды жел.

Құбылтып судың бетін толқындатып,

Жарқырап жойқын Марқа тұрады сол,- деп жырлайды.

Әдебиет сабағында, сабақтан тыс іс шараларда болсын Х.Зәкәриа, С.Қалиғожин, Н.Кемешев, Н.Қайыров, Г.Сексенбаева, О.Бұлжанов сынды өз өңірімізден шыққан талантты ақындарымыздың өлең сөздерін молынан қолдануға көңіл бөлемін.

Әдебиет сабағында аймақтық компоненттерді пайдалану оқушылардың танымын арттырып қана қоймай, елін-жерін сүйуге, Отанның туған жерден басталатынын сезінуге, ұлттық рухты бойларына сіңіріп өсуге әрі шығармашылық ізденіске жетелейді.

ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САН ЕСІМДЕР

Сабақтың мақсаты: білімдік - сөз таптары туралы ұғымдарын кеңейту, сан есім, дара және күрделі сан есім туралы түсінік беру, сан есімді басқа сөз таптарынан ажырата білуге үйрету; **тәрбиелік** – ұжымдық, жұптық жұмыс барысында адамгершілік қасиеттерін дамыту, туған жерді сүйеге, халықтың салт-дәстүрінен тағылым алуға, инабаттылыққа баулу, патриоттық сезімдеріне әсер ету; **дамытушылық** – ойлау қабілеттерін дамыту, сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, оқушылардың белсенділігін жандандыру, өз ойын, пікірін еркін айта білуге қалыптастыру.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, Жарма ауданының картасы, танымдық ойындар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаш, өлең, санамақ, сөзжұмбақ. **Түрі:** саяхат сабақ. **Типі:** жаңа материалды меңгерту. **Әдісі:** дамыта оқыту, түсіндіру, сын тұрғысынан ойлау, талдау, жинақтау, ой қорыту, сұрақ-жауап.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, география, тарих, орыс тілі, ағылшын тілі, сурет, математика, ән-әуез.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру.

Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, журналға белгілеу, сабақтың түрімен, мақсатымен таныстыру, «Қызығушылығын арттыру».

- Балалар, бүгінгі сабағымызда өзіміздің туып өскен

жеріміз Жарма ауданына саяхатқа шығамыз. Жарма ауданы туралы мәліметтерді іздеп тауып, оқып, біліп келу үйге алдын ала тапсырмаға берілген болатын. Біз бірнеше елді мекенге саяхаттайтын боламыз. Ол үшін тапсырмалар мен жаптыңулар орындауымыз шарт.

Өткенді қайталау. Саяхатымызды бастамас бұрын Жарма туралы Мәуітқазы Зүкенұлының мына бір өлең жолдарына назар аударайық:

Бұл Жарма – құт мекенім, өскен елім,

Гүлшоқты жазиралы асқар белім.

Айдынды мұз мұхиты болмаса да,

«Сабынды» – ерекше ыстық айна көлім.

Енді өткенге оралайық. «Мағынаны ажырату».

- Біз қандай үлкен тараумен танысып жатырмыз? (*Сөз таптары*)

- Қандай-қандай сөз таптарымен таныстық? (*Зат есім, сын есім*)

Осы сұрақтарға жауап алғаннан кейін оқушылар өлеңге талдау жасап, өткенді қорытындылайды.

Жаңа сабақ. Жаңа сабағымызға көшіп, саяхатымызды бастайық (оқушыларға парақ үлестіріліп беріледі). Мына парақты бүкіл сабақ барысында әдеттегідей толтырып отырамыз. Сабақ соңында бұл парақ бағалау парағы іспетті қызмет атқарады деуге де болады.

Семантикалық карта


Білетінім:	Жаңадан білгенім:	Білгім келеді:
------------	-------------------	----------------

Жарма ауданының орталығын атайық. (Қалбатау)

Енді Қалбатауға бару үшін ойын шарты бойынша жаңа сабақты талдап көрейік. Бүгінгі танысатын тақырыбымыз: «Сан есім. Дара және күрделі сан есімдер». Тақтаға тақырып үш тілде жазылады. Елбасымыздың «Үш тұғырлы тіл» туралы саясатын айта кету.

Жарма ауданы 1928 жылы 3 қыркүйекте құрылған. Жер көлемі – 22.6 мың км. Мұнда 67 елді мекен, 22 ауылдық, қалалық округтер бар. 23 ұлт өкілінен құралған 46,8 мың адам тұрады.

Мәтінге талдау жасап, сан есім, дара және күрделі сан есім туралы ережені оқушылар өздері шығарады. «Топтастыру».



Сан есімі бар өлеңнен үзінділер оқиды, сан есімге байланысты үйден сызып келген суреттерін таныстырып қорғайды, сан есім кіріскен мақал-мәтелдер, санамақтарды айтады.

Ойынымыздың шарты бойынша Қалбатауға келдік. Қалбатау туралы біліп келген мәліметтерімізді ортаға салайық.

Ауыл 1893 жылы құрылған. Алғашқы жер үйлер пайда болып, ауылдың аты Георгиевка деп аталды. Украинадан 37 отбасы көшіріліп әкеліп, Ханым өзенінің оң жағалауына қоныстандырылды.

Георгиевка атауы Жарма ауданының 80 жылдығы қарсаңында Қалбатау деп өзгертілді.

Қалбатаудың тумасы, еліміздің еңбек сіңірген спорт шебері Дәулет Тұрлыханов – Кеңес Одағының 7 дүркін чемпионы, әлем мен Еуропаның бірнеше дүркін чемпионы.

Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Болат Тұрлыхановтың атындағы спорт мектебінде 22 бапкер спорттың 7 түрінен 800-ден аса шәкірттің шеберлігін шыңдауда.

Аптасына бір-екі рет қазақ және орыс тілдерінде аудандық «Қалба тынысы» және қалалық «Шар тынысы-Шарский

вестник» газеттері шығарылады.

«Шар су қоймасы» бар. 1997 жылы пайдалануға берілді. 30 мың гектар егістік пен шабындықты суарып келеді.

Шар қаласының өзіне барып көрейік. Ол үшін саяхатымыздың шарты бойынша тапсырма орындауымыз қажет.

Оқулықпен жұмыс (топпен жұмыс): I қатарға – 156-жаттығу, II қатарға – 159-жаттығу, III қатарға – 160-жаттығу.

Қатардан бір-бір оқушы тақтаға шығып, қалғандары дәптерге жазып орындайды.

Саяхаттың шарты бойынша автобуска отырып, Шар қаласына барайық. (Картаға жұлдызшамен белгілеу.)

Шар қаласы туралы білетінімізді ортаға салайық.

«Шар» атауының мағынасы нені білдіреді?

Бұл сөз төңірегінде ғалымдар, өлкетанушылар әр қилы пікір айтады. Өзен бұрын XVIII ғасырда Гурван Шар деп аталыпты. Гурван – үш деген санды білдіреді. Олай деп аталу өзеннің үш саласына байланысты. Түркі халқының сөздік қорына енген «Шар» сөзінің мағынасының қисынына қарағанда ол таусылмайтын, тоқтамайтын, селдір тоғайлы өзен сағасы» болып шығады.

Шар қаласының маңында цемент зауыты салынып жатыр.

Шар өзені Жарма ауданын қақ ортасынан екіге бөліп ағып жатыр. Оның ұзындығы 259 шақырымға жетеді. Шардың арналары: Былқылдақ, Кеңтарлау, Жанама, Ханым, Бөке, Жарма, Терісайрық, Жайма, Қорғанбай.

Шар қаласы туралы өлеңнен үзінді оқу.

Шар қаласының іргетасы 1923 жылы Түркісіб темір жол құрылысына байланысты жұмысшылар поселкасы ретінде қаланды. Шар қаласы арқылы Түркістан-Сібір теміржолы, Алматы-Семей автокөлік жолы өтеді.

Теміржол арқылы саяхатымызды пойызбен жалғастырып,

Жаңғызтөбе кентіне барайық. Ол үшін саяхатымыздың шарты бойынша жаңа сабағымызды бекіту тапсырмаларын орындап көрейік.

I тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

..... сом ақшаң болғанша, досың болсын.

Мақалдың мағынасын айтқызу, орысша баламасын айтқызу.

II тапсырма. Сөз құрастырыңыз. Е ж т і

Жеті қандай сан? (киелі сан)

7 санына байланысты білетіндерімізді ортаға салайық. (7 ата, 7 жұт, 7 қазына, 7 ғалам, т.б.)

III тапсырма. Көру диктанты.

1. Ұлға – отыз үйден тыйым, Қызға – қырық үйден тыйым.

2. Мың малың болғанша, Бір балаң ғалым болсын.

3. Он екі мүшең сау болса, Қара басың ханмен тең.

Қатар отырған екі оқушы дәптерлерін ауыстырып тексереді.

Саяхатымыздың келесі реті бойынша Жаңғызтөбе кентіне келдік. Жаңғызтөбе кенті туралы білетінімізді ортаға салайық...

Жаңғызтөбе туралы өлеңнен үзінді оқу, Жаңғызтөбедегі «Мұнай-сервис» мұнай базасы туралы айту, Жаңғызтөбенің тоғыз жолдың торабы екеніне тоқталу, т.б.

Қалбатауға қайту үшін саяхатымыздың шарты бойынша жаңа сабақты қорытындылайық.

Венн диаграммасын пайдаланып жаңа сабақты қорытындылаймын.



Меруерт ШОҚАТОВА,
Бұғыбай орта мектебінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы.

СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫН ГРАММАТИКАЛЫҚ ӘЗІЛ ӨЛЕҢМЕН ОҚЫТУ

Әр мұғалім өміріне жетерлік білімді өз тәжірибесі арқылы жинақтайды екен. Соның бір мысалын «Септік жалғауларын» өту кезінде байқадым. Оқушыларға кітаптағы ережесін меңгерте отырып, есте сақтау үшін грамматикалық әзіл өлеңдерді шығаруын сұрадым. Бірлесе отырып шығарған өлең-ережені оқушылар тақпақтап айта жөнелетін болды. Кей балалар септік жалғауларын шатастырып алған жағдайда «Барыс септік өлеңімізде қалай еді?» деп еске түсірткенде оқушылар жалғауды оңай таба қояды.

Өлең ережелерінің бір ерекшелігі: септіктің сұрақтары, жалғаулары, мысалдары қамтылды. Кіріспесі ретінде мына жолдар айтылады:

7 саны – киелі,
Барлық қазақ біледі.
7 септік жалғауын
Өлеңменен жаттасам,
Маған оңай тиеді.

1. Атау септік.

Атау – заттың есімі,
Қалған септік негізі.

Кім, не? деген сұрауы,
Жоқ қой оның жалғауы.

2. Ілік септік.

Ілік септікке қатысты әзіл өлең «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған болатын. Соның негізінде басқа өлеңдерді оқушылармен біріге отырып шығарғанбыз.

Менің атым **-ның,**

Ілік септік жалғауымын.

-тың, -тің, -дың, -дің, -нің

Менің вариантты інілерім.

Соңым **ң** әрпімен таңбаланады,

Інілерім де **ң**-мен қомданады.

Ілік септік жалғауымыз,

Тәуелдіктің жанынан табыламыз.

3. Барыс септік.

Барамын **кімге, неге, қайда,**

-ға, -ге, -қа, -ке,

-а, -е, -на, -не.

Жалғанып ап түбірге

Бір сәт мезгіл білдіріп,

Бағыт берем және де.

4. Табыс септік.

Таптым **кімді, нені,**

Жалғап алып

-н, -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті:

Баланы, інімді,

Оқуды, ілімді.

Табыс жалғаулы сөздің

Сабакты етістікпенен

Байланысы білінді.

5. Жатыс септік.

Жатырмын **кімде, неде,**

Қайда, қашан,

Мен-дағы сізге қазір

Сырымды ашам.

Досқа, кереуетте,

Жазда, ауылда, т.б.

Мысалдарымен

Сөйлемде толықтауыш,

Баяндауыш, пысықтауыш

Қызметін атқарам.

6. Шығыс септік.

Шықтыңыз сіз **кімнен**,

Сұрағым бар тағы **неден**.

Танисыз сіз **қайдан**?

Шығармаймын естен,

Жалғауым бар

-нан, -нен,

-дан, -ден,

-тан, -тен.

7. Көмектес септік.

Көмектестім әжеме,

Кіммен, немен, кімненен?

Жалғап алып **-мен, -менен,**

-бен, -бенен, -пен, -пенен.

Көмектестім досыммен,

Қолымменен, күрекпен.

Жеткізейін мұратқа

Деген аппақ ниетпен.



Бағлан ІЛИЯСОВА,
«Алқатерек» орта мектебінің
мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Ақжар ауданы,
Алқатерек ауылы.

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік – жай сөйлем түрлерінен алған теориялық білімдерін шығармашылық тұрғыда баяндауға баулу; **дамытушылық** – «Сын тұрғысынан ойлау мен жазу арқылы дамыту» бағдарламасын қолдана отырып оқушыларды еркін сөйлеуге, ашық пікір айта алуға бағыттау; **тәрбиелік** – халқымыздың төл мерекесі – «Наурыз тойы» арқылы оқушыларды ізеттілікке, еңбекке баулу, ата-баба салтын сақтау, еліне, халқына деген сүйіспеншіліктерін арттыра отырып, патриот адамды тәрбиелеу.

Типі: қайталау, бекіту. **Түрі:** «Наурыз тойы», бәйге сабағы. **Көрнекілігі:** тапсырмалар жүйесі сызылған сызба, ауыл көрінісіне салған суреттер көрмесі, семантикалық сызба, таратылатын сыйлықтар үлгісі (гүл, жалауша, т.б.). **Әдісі:** «Галереяны аралау», «Семантикалық карта», сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.

Оқушыларды сабақтың тақырыбы, мақсаты, өтілетін түрімен таныстыру.

Сыныпты үш ауылға бөліп отырғызу.

- Балалар, бірнеше айдан кейін халқымыздың бір тамаша

мерекесі келеді. Ол қандай мереке?..

- Осыған орай біз бүгін сабақта Наурыз тойын өткіземіз. Сол арқылы «Жай сөйлемнен» алған білімдерімізді пысықтап бекітеміз.

II. Сабаққа кіріспе.

- Қазақта шашусыз той өтпеген. Шашу шашып тойымызды бастайық. «Шашу шашу» (Сұрақтар шашу). Кімде-кім сұрақтарға жауап берсе, сол шашудан ауыз тиді деп саналады.

№1. Наурыз тойы дегеніміз не? Қашан өткізіледі?

№2. Неліктен Наурыз мерекесі Жаңа жыл мерекесі деп саналады?

№3. Наурыз мерекесі нені дәріптейді?

№4. Наурызда айтылатын қандай жыр, тілек, баталарды білесіңдер?

№5. Наурыз мерекесі қалай өткізіледі?

III. Негізгі бөлім. «Наурыз тойы»

1-бәйге – «Сырыққа шығу». Үй жұмысын тексеру.

Эпиграфы: «Әркімнің өзі шығар биігі бар». Өткен сабақтарда жай сөйлем түрлеріне талдауды меңгеру барысында топпен жұмыс жүргізілген. Үйге тапсырма ретінде үш «мемлекетке» үш түрлі шығармашылық жұмыс тапсырылған, яғни, өздерінің қазақ әдебиетінен оқыған көркем шығармалардан жай сөйлемдер теріп жазып талдау. Енді 3 ауылға бөлінген балалар әрбір ауылдан бір-бір оқушыны таңдап шығарады. Қай ауылдың оқушысы тапсырманы дұрыс және сауатты орындаса, сол сырықтың басына шығып сыйлықты алған боп есептеледі.

2-бәйге – «Тал отырғызу». Әдепсіз өскен баладан Тәртіппен өскен тал жақсы.

«Тізбек» ойыны. Ойын бастаушы сайланады. Топтағы оқушылар «1,2,3,4» болып саналады. Ойын бастаушы «Бірінші» дегенде бірінші оқушы бір жалаң сөйлем айтады.

«Екінші» дегенде екінші оқушы ол сөйлемге бір сөз қосып жайылма сөйлемге айналдыруы қажет. «Үшінші», «Төртінші» дегенде әр оқушы бір-бір сөз қосып, жайылма, толымды сөйлем құрастырады.

Ойынды екі рет қайталау қажет. Қай ауылдың мүшелері қаншама дұрыс сөйлем құрастырса, соншама тал екті деп саналады және әрбір топқа сыйлық ретінде үш сөйлем болса үш, төрт сөйлем болса төрт, сегіз сөйлем болса сегіз жапырақ пішінді қима қағаздар таратылады.

Қорытынды жасалады.

3-бәйге – «Күш сынасу».

Толымды сөйлем дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.

Толымсыз сөйлем дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.

Толымсыз сөйлемнің жасалу жолы. Толымсыз сөйлемнің жасалу жолының әрбір түріне мысалдар келтіріңдер, дәлелдендер.

Бұл бәйгеде «Болашақ» тобы жеңді. Сыйлық беріледі.

4-бәйге – «Арқан тартыс». «Асу бермес асқар жоқ».

Атаулы сөйлемдерді жақты сөйлемге айналдыру.

Қала. Бес қабат үйлер. Дала. Егін даласы. Орақ кезі. (Астыны сызылған сөзге фонетикалық талдау)

«Болашақ»

«Парасат»

«Ұлағат»

Бес қабат үйлер салынды.

Міне, қала көрінді.

Орақ кезі жақындады.

Егін даласы

Бес қабат үйлер

жайқалып тұр.

көрінді.

Жеңген топқа төртбұрыш тәріздес қима қағаз беріледі.

Қорытынды: «Арқан тарту» дегеніміз не?..

5-бәйге – «Алтын қабақ ату». «Өнер – ағып тұрған бұлақ, Ілім – жанып тұрған шырақ»

Қайсысы атаулы сөйлем, дәлелдендер. Жауабын дұрыс айтқан оқушылар алтын қабақты атып түсірген мергендер болып саналады.

Жазық дала. Дала жазық. Күмбірлеген күй. Іштен күмбірлеген күй естілді. Өмір гүлденді. Марат ағаштың жапырағындағы мөлдір шықты байқады. Мөлдір шық. (Асты сызылған сөздерді сөз құрамына талдау).

6-бәйге – Наурыз көже ішу. «Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі білім біл».

Жай сөйлем түріне мысал келтіріп, айтқан мысалдардың дұрыстығын дәлелдеңдер (Бір жай сөйлемге тақтада синтаксистік талдау).

«Болашақ»	«Парасат»	«Ұлағат»
Көктем де келіп қалды.	Күн де батты.	Бүгін аспан бұлтсыз.
Көктемде құстар жылы жақтан ұшып келеді.	Айнала жым-жырт.	Жарыс төрешісі бәйгелерін таратты.
Кең даламда бәйшешектер ырғалды.	Ауа райы салқындай бастады.	Менің арзан сөзді айтқым келмеді. Бұл жер де суға түсуге жарамайды.

Наурыз көже туралы не білеміз?..

7-бәйге – «Ат жарыс». «Шапқан озар, Жатқан қалар».

«Галереяны аралау» стратегиясы (Тақта маңайында табиғатқа, ауыл көрінісіне байланысты салынған суреттер ілінген). Орындарынан тұрып галереяны аралайды (1 мин), суреттермен танысады.

Ауылым – алтын бесігім

Менің туған ауылым әсем де көгілдір Көкшенің бір бөлшегі – Алқатерек. Оның әр үйден шыққан түтінінен бастап жерде жатқан ұсақ тастарына дейінгі бейнесі ыстық.

Елімнің мақтанышы – қайың, терек. Ауылым айнала жайқалған жасыл желекке оранып, тып-тыныш өмір сүруде. Ауасы да таза, мөлдір, бойындағы дертіңе шипа қылғандай. Кең өрісі, мөлдір суы бар елімде мал өсіру шаруашылығы, егіншілік ісі жақсы жолға қойылған. Осы суреттерге қарап

ауылыма деген сезімім арта түсті. Ойыма мынадай өлең жолдары келді:

Ауылым менің – кең дала,
Мақтанышы – ер, дана!
Жайқалған жасыл шалғыны,
Ауылым ыстық – сен ғана!

Қорытынды. *Ат жарыс дегеніміз не?*

Сабақтың қорытындысы.

8-бәйге – «Той тарқар». «Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет».

Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың әрқайсысына семантикалық карта таратылады, әр оқушы жеке жұмыс жүргізеді. Екі минуттан кейін жинап алынады, қорытындысы келесі сабақта шығарылады.

Үй жұмысы: «Жай сөйлем түрлеріне» сөзжұмбақтар құрып келу; теориялық материалды толық қайталап келу.

Бағалау. Оқушыларды жинаған сыйлықтар арқылы жеке-жеке бағалау және жалпы топтық қорытынды шығару.



Кәдеңе жарайтын дүние

ЗАТТАНҒАН СЫН ЕСІМДЕРДІ, САН ЕСІМДЕРДІ ТАП. СӨЗ ҚҰРАМЫНА ТАЛДА

Сонда да үлкендерден бұл жайлау туралы талай әңгіме естіп өстік. Төртеуі де үнсіз төмен қарады, біраз жерге дейін ешқайсысы тіс жармады. Не бір адым ары кетпей, не бері кетпей, үшеуі де түп-тура уәделескендей бір деңгейден түйісіпті. Әлден уақытта екеуі қайта шықты. (Б.Н.) Екеуін көз алдына қатар келтіреді: Зібайра жақсы, әсем-ақ келіншек. (Б.Н.) Екеуі де - сары, бірі - егделеу, бірі - жас. (Б.Н.)

(А.Таубалдиева. Тіл - қазына. А., 2007. 40-бет.)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНА!

Құрметті «Қазақ тілі мен әдебиеті» әдістемелік журнал редакциясы, сіздердің журналдарыңыздың әр санын мүлт жібермей, танысып отырамын. Журналға айтар алғысымды өлең жолымен жеткізгім келеді. Керемет өлең шығара алмасам да, өз ойымды жақсы жеткізе білмесем де жолдап көруді жөн көрдім. Егер де сіздер де жөн деп санасаңыздар журналға жарияланатын шығар деген сенімдемін...

Мадина ЖАНДІЛДАҚЫЗЫ,
«Қарақол» орта мектебінің мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,

Үржар ауданы,

«Қарақол» ауылы.

ӘДІСТЕМЕ ЖҰРНАЛЫМА

Іздегенде табылған бар керегі,

Осы журнал – ұстаздардың қорегі.

Әдебиет пен қазақ тілі пәнінде

Шынында, оның көп қой бізге берері.

Әріптестер көп тәжірибе алмасты,

Әр түрлі бұл мақалалар бар жақсы.

Жас маманға көмек берер айдары,

Іс-тәжірибе үйретеді жан-жақты.

Қалт жібермей үңілдім әр бетіңе,

Әрқашан да жарадың қажетіме.

Арттырып біліктілік тәжірибемді,

Сені оқу айналды әдетіме.

Мақалалар жарық көрді талай-талай,

Алғыс айтпай отырамын саған қалай?

Еңбегің жанып, ғұмырың ұзақ болсын,

Шын жүректен тілек айттым саған солай!

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 20.06.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 4622.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Алматы - Болашақ» Акционерлік
Қоғамы.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №6, 2011ж., 144 бет, Алматы.